Басмашылармен қарсы күресте большевиктер әскерінің құрамы негізінен қылмыстық топтардан жасақталды. Олар әрбір жорықта жергілікті тұрғындарды жаппай тонау, зорлау, өлтірумен айналысты және олардың бұл әрекеттері кезіндегі патша өкіметінің жазалаушы отрядтарынан еш айырмашылығы болмады. Зерттеушілердің деректерінде басмашылармен күрестің алғашқы 3 жылында үш жүз мыңнан астам басмашылардың жойылғандығы туралы мәліметтер кездеседі (Поляков, Чугинов, 1976:142). Нақты деректер бұл уақытта басмашылардың саны бұл мөлшерге жетпегенін дәлелдесе, бұл сандар арқылы осы уақытта бейбіт тұрғындардың жазалаушылар қолынан көп қырғынға ұшырағанын байқауға болады. В.А. Чайкиннің 1922 жылғы 22 наурыздағы М. Шоқайға жазған хатында қызыл әскердің басмашыларға қарсы күресте 56 қышлақты қиратқаны, кез келген уақытта жергілікті халыққа оқ жаудыру фактілерінің жиі ұшырасатындығы туралы хабардар етеді. Хатта басмашыларға қарсы күресте қозғалыстың жетекшілерінен құтылу мақсатында жалдамалы кісі өлтірушілердің көмегіне сүйену, көтерілісшілердің арасына іріткі салу сияқты билік орындарының «мағынасыз тактикасын» сынға алады. Сонымен бірге, Ферғананы ашаршылық жайлағаны, алайда Қазақстандағы жағдайдың мұнан да «ауыр да қасіретті» екендігі, «кей жерлерде халықтың 80 пайызының қырылып жатқаны сөз болады (Шоқай, 2006:56).

Мұстафа Шоқай өзінің «Көрнекі варварлық», «Тағы да Орта Азиядағы көтеріліс туралы», «Түркістанда» деген мақалаларында Кеңес өкіметінің басмашылар қозғалысын басу үшін қолданып отырған айуандық, ортағасырлық іс-әрекеттерін әшкерелеп отырды. Мұстафа Шоқайдың 1924 жылы 30 тамызда Парижден шығатын «Последние новости» газетіндегі «Көрнекі варварлық» атты мақаласында «Жұма құрбашыны қолға түсіру әрекеттері сәтсіз аяқталған қызыл әскер бейбіт ауылға шабуыл жасап, құрбашының інісі қарапайым шаруа Шырынды кепілдікке алады. Шырынның отбасына көрсетілген қандайда бір көмек кеңес өкіметінің жауына көрсетілген көмек деп есептеліп, көмек көрсеткендер қатаң жазаға ұшырады. Сондай-ақ қолға түскен Ағзам-қажы құрбашының көмекшісі Хафиздың басын кесіп алып, басшыларына тарту етті дей отырып, большевиктердің мұндай көрнекі айуандықтары бірінші емес, 1922 жылы қыркүйекте Ташкентте болған өлкелік партия конференциясында мәскеу делегатының самарқан көтерілісшілерінің басшысы Бахрам бек пен өзбек мұғалімі Қары Кемалдың кесілген басын мінбеге шығарып көрсеткенін жазады. Тіпті, большевиктер басмашылардың көрнекті жетекшілерінің бірі Шахмұрадтың басын оққа ұшқаннан кейін кесіп алып, Канимах селосындағы базар алаңына іліп қояды. Мұстафа «Кесілген адам басымен тарту жасау - Орта Азияда құрылған ленинизмнің қанды дәстүрі болды» - деп жазады (Шоқай, 2012:16).

Түркістандағы басмашылық қозғалысының басына Әнуар паша келгеннен кейін, ол мүлдем жаңа сипат алды. Тіпті түркістандық ұлт зиялылары да Әнуар пашаға үлкен үміт артты. Әнуар паша осы кезде Ферғана өңірінен шегінген бытыраңқы басмашылар тобынан 16 мың адамнан тұратын әскер жинап, 1922 жылдың көктемінде Бұхар Халық Кеңес Республикасының едәуір бөлігін басып алды. Осы тұста Дарбаза ауданының ревкомы Ишан Сұлтан мен Куляб ауданының ревкомы Давлатманд би кеңестік өкіметті құлатып Әнуар пашаның соңынан ерді. Оларға Хисар, Балжуан, Қаратегін аудандарынан 8 мыңға жуық тәжік және соншама өзбектер қосылады. Сонымен қатар 300-ден аса әскерімен ауған тайпаларының әмірі Хабибулла-Бача Сақа, Бұхара Кеңес үкіметінің әскери халкомы болған Абдулхамид Арипов те өз жақтастарымен келіп қосылды. Төтенше Комиссияның бұрынғы тыңшысы Тураб Бек те 1922 жылдың мамыр

айында басмашыларға қосылып кетеді де, құрбашы ретінде Әнуар паша мен түрік офицері Хаджи Сами жағында Кеңес өкіметіне қарсы соғысады. Осы тұста Бұхараның шығыс бөлігі саналатын Тәжікстан жеріндегі кеңес өкіметінің зорлық-зомбылығына қарсы толқулар басталып, жасбұхарлықтардың көрнекті өкілі Мұхитдин Мағзом да 300 жігітімен басмашыларға барып қосылады. (Ахмедов, 1996:89).

1922 жылы Әнуар паша Душанбе қаласын басып алып, ақпан мен маусым айларында Ферғана жазығында, Самарқанд аумағы мен Бұхараның шығыс бөлігіндегі аудандарда қызыл армиямен қанды шайқастар жүргізді. Аз ғана уақыттың ішінде Бұхараның шығыс аумағынан большевиктерді түгелдей қуып, Самарқанд, Бұхара, Ашхабад, Қарши және Ферғананы бірнеше ай қоршау жағдайында қалдырады. 1922 жылы мамыр айында Әнуар паша Ресейге Түркістаннан кеңес әскерін алып кету туралы талап қояды.

Түркістандағы жағдайдың ұшығып кеткенін байқаған большевиктер сәуір айында Түркістан өлкесіне С. Орджоникидзені жібереді. 1922 жылы 18 мамырда РКП (б) ОК саяси бюросы «Түркістан-Бұхара істері туралы» арнайы шешім қабылдап, Бұхарға қызыл әскерлердің бас қолбасшысы С.С. Каменев келіп, қызыл әскер армиясын қосымша 4,5 мың найзалы, 3 мыңдай қылышты жауынгермен және 20 зеңбірекпен толықтырылып, қайта жасақтайды. Сонымен қатар, бұл қозғалысты басуға қосымша көмекке В.В. Куйбышев, А.Н. Тодоровскийлер бастаған әскерлер де жіберіледі (Алексеенков, 1928: 39). Дегенмен, Әнуар паша Түркістанға орыс диктатурасынан құтылуға көмек беру ниетінің дұрыстығына қарамастан, өз жоспарын толық орындай алмайды. Оның себебін М. Шоқай «Бұрынғы Бұхар әмірі Сеид-Мир-Әлім хан туралы» мақаласында: «өзінің билік құрған кезінде жауыздығымен және бүлік жасағандығымен ешкімге танымал бола алмаған бұрынғы Бұхараның әміршісінің қолынан пашаның «ұлы үзгір» лауазымын қабылдауы – бұхар әміршісін жек көретін Ибрагимбек, Ишан Сұлтан, Фузайл Максум сияқты беделді құрбашылардың одан сырт айналуына әкеп соқты»- дейді (Шоқай, 2013:37). Міне осылай Әнуар пашаның қолға алған қимылдары біртіндеп сәтсіздікке ұшырай бастайды. 1922 жылы 15 шілдеде мол күш жинап үлгерген қызыл әскер шабуылға шығып, басмашылар арасындағы өзара алауыздық нәтижесінде әскерінің көп бөлігінен айырылған Әнуар паша 1922 жылдың 4 тамызы күні Жапа қышлағында болған шайқаста қаза табады. М. Шоқай кейін «Марқұм Әнуар паша хақында есте қалғандардан үзінділер» атты мақаласында: «...Егер Әнуар Түркістанға өлкенің көп бөлігі әлі де кеңеске кірмей тұрған, кеңеске қараған жерлерде жаппай толқулар болып жатқан 1918-1919 жылдарда келгенде, онда атамекеніміздің тағдыры басқаша шешілуі мүмкін еді. Бізді 1918-1919 жылдарда жеңіліске душар еткен нәрсе орыс большевиктерінің қарулы күші ғана емес еді, сонымен қатар өзіміздің ұйымшыл және батыл бола алмағанымыз және ұлттық күресімізді ұйымшылдықпен батыл жүргізе алмауымыздан да еді» деп өкінішпен жазды (Шоқай, 2007: 262).

Басмашылық қозғалыстың келесі көрнекті өкілдерінің бірі Жунаид-хан да Қызыл армия Хиуаны басып алғаннан кейін, Қарақұмда қарулы отрядтар құрып, кеңес өкіметіне қарсы күреседі. Жұнаид хан кезінде Хиуа ханын тақтан құлатқан соң оның асқақтаған беделінен қауіптенген большевиктер өзбектер мен түркімендер арасындағы араздық отын тұтатып, оны әлсірету шараларын қолға ала бастады. Көп ұзамай 1920 жылы большевиктер Жұнаид ханмен ұзаққа созылған күресін бастайды. Алайда, хиуа комунисттерінің қолдауымен күш ала бастаған большевиктермен күрес Жұнаид ханды әлсірете бастады. Сонда да болса 1924 жылы Жұнаид хан өзінің қол астына 6 мың атты әскер жинап, 19 қаңтарда Хиуа қаласын большевиктерден азат етеді (Вдовин, 2018:152). Көп ұзамай қызыл әскердің Хиуа маңына көптеп жұмылдыруынан кейін Жұнаид хан амалсыздан қаланы тастап, Қарақұмға қарай ығысып, кейін одан әрі шекарадан өтуге мәжбүр болады. Аз уақыттан соң Жұнаид хан кеңестік бірінші жалпытүркімен съезіне ұсыныс жасап, өзіне кешірім жасауын және өзінің Түркіменстан аумағына қарайтын Қарақұм жеріне қоныстануға рұқсат сұрайды. Большевиктер бұл ұсынысты қуана қолдап, Жұнаид ханға және оның жақтастарына Орта күй, Пешке құдық, Шарышлы аумағына қоныстануына рұқсат береді. Алайда кеңестік аграрлық реформаға түркімен халқының наразылық толқулары басталғанда Жұнаид хан Ахмедбек, Яхшигельди, Шалтай батыр сынды жақтастарымен бірге түркімен халқының

большевиктерге қарсы көтерілісін бастайды. Соғыста тәжірибесі мол қолбасы қызыл әскер бөлімдеріне бірнеше рет ойсырата соққы береді. Жүнайд ханның бастаған көтерілістің кең ауқымдылығынан қорыққан большевиктер үлкен әскер жиып, Жүнайд хан бастаған көтерілісті басуға бар күшін салады. Көтерілісшілердің соңында жүріп, күм даладағы құдықтардың барлығын улап, тіпті ұшақпен көтерілісшілерге бомбалар мен улы газдарды тастайды. Тек 1928 жылдың ортасына қарай қызыл әскер Жүнайд ханды шекараға қарай ығыстыруға мүмкіндік алады. Жүнайд шетелде әуелі Персияда, кейін Ауғанстанда 8 жылдай жүріп, 70 жасында Гератта қайтыс болады. Жүнайдтың төртінші рет кеңес әскеріне қарсы өзінің жорығын жаңартуға, қайта бастауға ешқандай мүмкіндігі болмайды. Себебі бұл уақытта большевиктердің жазалаушылық шараларының нәтижесінде көптеген жандар құрбан болды, ал, кеңес өкіметі болса бұл кезде Орта Азияда өздерінің әскери жағдайын айтарлықтай нығайтып алды. Мұстафа Шоқайдың Жүнайд ханның Гератта қаза болуына байланысты жазған «Жүнайд хан» атты мақаласында Түркістандағы ұлт азаттық қозғалыстың бір құрамдас бөлігі болған басмашылар қозғалысының көрнекті өкілін ХҮІІІ ғасырдағы Сырым батырмен салыстырады. Мұстафаның айтуынша Сырым мен Жүнайд ханның өмірбаяндары мен азаттық күрес тактикалары өте ұқсас болған. Сырым бастаған көтеріліс алғашқыда Кіші жүздің ханы Әбілхайырдың баласы Нұралы ханға қарсы бағытталса, 1792 жылы ол азаттық күрес бағытын патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы бұрады. Жүнайд хан да алғаш патшалық Ресейдің қызметіндегі Хиуа ханы Сейіт Асфендиярға қарсы шығып, кейін Ресейге қарсы соғысады. Дегенмен екеуінің арасындағы айырмашылықты Мұстафа Шоқай: «Сырым арқа сүйеген ХҮІІІ ғасырдағы рулық құрылым мен ХХ ғасырдағы Жүнайд хан сенген рулық құрылым екі түрлі еді. ХҮІІІ ғасырда қазақтарда рулық құрылым ең мықты әрі дәстүрі күшті, сол кезеңнің экономикасына негізделген ұйым ретінде танылса, ХХ ғасырда ол әлсіреген, дәстүрі жоғалған ұйым ретінде халықты қанағаттандыра алмайтын еді, ал экономикасы «рулық аумақтан» шығып үлкен империяның, ол арқылы әлемдік экономиканың бір бөлігіне айналған болатын.»-деп түсіндіреді. Мақала соңында Мұстафа Шоқай халқының азатығы жолында адал қызмет жасаған, түркінің батыр ұлының қазасына қайғырып, батыр әскерінің сол кездегі соғыс техникалармен жабдықталмағандықтан нәтиже болмағандығын, түркістан көтерілісшілері ішіндегі ең батыр көсемнің соғыс кезіндегі осы кемшін тұстары кейінгілерге сабақ болғанын қалайтындығын айтады (Шоқай, 2014:455).

Мұстафа Шоқай 1924 жылы 14 желтоқсандағы «Последние новости» газетіне жарияланған «Тағы да Орта Азиядағы көтеріліс туралы» мақаласында келтірілген шығындарға қарамастан кеңес өкіметінің 8 жылдығы қарсаңында басмашылар әлі де күресін жалғастыруда деп жазады (Шоқай, 2012: 24). Осы уақыт аралығында кеңес әскерімен арада 422 әскери қақтығыстар болып, басмашылар 50 құрбашы мен мың жарымдай жігіттерінен айырылады. 1921 жылы 4 мыңдай жауынгері болған Ибрагимбек 1926 жылғы сәтсіздіктерден кейін амалсыздан Ауғанстанға кетуге мәжбүр болады (Поляков., Чугинов., 1976:64). 1929 жылы құрбашылар Фузайл Мақсұм мен Курширматтың, 1931 жылы 1200 қолмен Ибрагим бектің шекара маңындағы қалаларды басып алмақ болған әрекеттерінен еш нәтиже шықпайды. 1929-1931 жылдары Қазақстан мен Орта Азия республикаларындағы Кеңес өкіметінің ұжымдастыру саясатына қарсы шаруалар қарсылығы да аяусыз күшпен басылды.

Қорытынды. Басмашылар қозғалысы тарихын зерттеу қорытындыларын талдай отырып, бұл қозғалыс Түркістан Мұхтариаты жойылғаннан кейін 1918 жылы ақпан айында стихиялы түрде басталып, кезең-кезеңмен 1931 жылға дейін созылды. Дегенмен, соңғы деректер 1942 жылға дейін Түркістандағы басмашылар қарсылығының толық басылмағандығын көрсетеді. Құрбашылар отрядтарындағы адам сандарына қарап олардың едәуір беделі болғандығын, халықтың оларға сенгендігін байқауға болады.

Қорыта айтқанда басмашылар қозғалысы Ресейдің қол астындағы түркі халықтарының ұлт азаттық күресінің құрамдас бір бөлігі болды. Алайда, қозғалыстың ұзаққа созылуына қарамастан басмашылар өздерінің жеке ұлттық институттарын, ұлттық мемлекетін құра алмады. Ал кеңес өкіметі басмашылар қозғалысын күшпен жою барысында көптеген қылмыстар жасап, бейбіт халықтың қанын төкті, өз дегенін

істетті. Сонымен қатар Түркістанда орын алған басмашылар көтерілісінің сәтсіздікке ұшырауына М. Шоқай айтқандай көтерілісшілердің жеткілікті қару-жарақтарының болмауы, көтерілістердің стихиялығы, бірыңғай басшылықтың, яғни, бүкіл мұсылман халқына беделді тұлғаның және белгілі бір саяси бағдарламаның жоқтығы секілді факторлар әсер етті.

Әдебиеттер:

- Абдулаев К.Н. Из истории бухарской послереволюционной эмиграции (к историографии проблемы) // Общественные науки в Узбекистане. 1990. №4. С.51
- Агзамходжаев С. История Туркестанской автономии (Туркестан Мухторияти). Отв. ред. Д.А. Алимova; АН Республики Узбекистан. Институт истории. Т. 2006. 268 с.
- Алексеенков П. Крестьянское восстание в Фергане. Ташкент. 1927. 108 с.
- Алексеенков П. Что такое басмачество? Ташкент., Узбекгосиздат. 1931. 94 с.
- Ахмедов Ф. Алаш «Алаш» болғанда: Естеліктер мен тарихи деректер. Алматы. 1996. 224 б.
- Бабаходжаев А.Х. Провал английской политики в Средней Азии и на Среднем Востоке (1918-1924 гг). Москва, 1962. 162 с.
- Вдовин А.И. СССР. История великой державы. 1922-1991. Москва. 2018. 768 с.
- Ди-Мур. Гражданская война в Таджикистане. Сб. ст. Ташкент, 1925. 312 с.
- Есмағамбетов К.Л. Әлем таныған тұлға (Мұстафа Шоқайдың дүниетанымы мен қайраткерлік болмысы). Алматы. 2008. 504 б.
- Иркаев М. История гражданской войны в Таджикистане. Душанбе. 1963. 450 с.
- Козловский Е. Красная Армия в Средней Азии. Ташкент. 1928. 72 с.
- Қара Әбдіуақап. Мұстафа Шоқай. Зерттеу. Астана. 2012. 372 б.
- Қойгелдиев М. Басмашылар қозғалысы. http://el.kz/news/archive/basmashylar_-ozalysy_/2014 (қаралды: 24.04.2020).
- Қыдырәлі Д.Қ. Мұстафа. Астана. 2012. 276 б. Мұстафа Шоқай. Эпистолярлық мұрасы. 2 томдық, құраст. Ф. Исахан. Алматы. 2006. 2-том. 372 б.
- Поляков Ю.А., Чугунов А.И. Конец басмачества. Москва. 1976. 184 с.
- Сафаров Г. Колониальная революция. (Опыт Туркестана). Москва. 1921. 269 с.
- Ходжаев Ф. Избранные труды в трех томах. (Ред. колл. А.А. Агзамходжаев и др.) Т. I. Ташкент: «Фан», 1970. 500 с.
- Шоқай М. Таңдамалы шығармалар: үш томдық. 1-том. Алматы.«Қайнар» баспасы. 2007. 352 б.
- Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. II том. Алматы. 2012. 640 б.
- Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. III том. Алматы. 2012. 664 б.
- Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. VI том. Алматы. 2013. 524 б.
- Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. VII том. Алматы. 2013. 572 б.
- Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық IX том.. Алматы. 2014. 568 б.
- Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. XII том. Алматы. 2014. 476 б.

References:

- Abdulayev K.N. Iz istorii bukharskoy poslerevoluytsionnoy emigratsii (k istoriografii problem) // Obshchestvennyye nauki v Uzbekistane. 1990. №4. S. 51
- Agzamkhodzhayev S. Istoriya Turkestanskoy avtonomii (Turkestan Mukhtoriyati). otv. red. D.A. Alimova. AN Respubliki Uzbekistan. Institut istorii. T. 2006. 268 s.
- Alekseyenkov P. Krest'yanskoye vosstaniye v Fergane. Tashkent. 1927 g. 108 s.
- Alekseyenkov P. Chto takoye basmachestvo? Tashkent, Uzbekgosizdat. 1931. 94 s
- Akhmedov G. Alash «Alash» bolğanda: Yestelikter men tarikhi derekter. Almaty. 1996. 224 b.
- Babakhodzhayev A.KH. Provedeniye angliyskoy politiki v Sredney Azii i v Srednem Vostoke (1918-1924 gg). Moskva, 1962. 162 s.
- Di-Mur. Grazhdanskaya voyna v Tadzhikistane. sb. st. Tashkent, 1925. 312 s.
- Irkayev M. Istoriya grazhdanskoy voyny v Tadzhikistane. Dushanbe. 1963 g. 450 s. Kozlovskiy Ye. Krasnaya Armiya v Sredney Azii. Tashkent. 1928. 72 s.
- Kara Abduaqap. Mustafa Shoqay. Zertteu. Astana. 2012. 372 b.
- Koygeldiyev M. Basmashylar qozgalysy. http://el.kz/news/archive/basmashylar_-ozalysy_/2014 (karaldy: 24.04.2020).
- Kydyrali D.K. Mustafa. Astana. 2012. 276 b. Mustafa Shokai. Epistolarylyk, murasy. 2 tomдық, kurast. G. Isakhanov. Almaty. 2006. 2-tom. 372 b.
- Polyakov YU.A., Chugunov A.I. Konets basmachestva. Moskva. 1976, 184 s.
- Safarov G. Kolonial'naya revolyutsiya. (Opyt Turkestana). Moskva. 1921 g. 269 s.
- Khodzhayev F. Izbrannyye trudy v trekh tomakh. (Red. Koll. A.A. Agzamkhodzhayev i dr.) I.

Tashkent: «Fan», 1970. 500 s.

Shokai M. Tandamaly shygarmalar: ush tomdyk, 1-tom. Almaty. 2007. 352 b.

Shokai M. Shygarmalarynyn tolyk zhinagy: On yeki tomdyk. II tom. Almaty. 2012. 640 b.

Shokai M. Shygarmalarynyn tolyk zhinagy: On yeki tomdyk. III tom. Almaty. 2012. 664 b.

Shokai M. Shygarmalarynyn tolyk zhinagy: On yeki tomdyk. VI tom. Almaty. 2013. 524 b.

Shokai M. Shygarmalarynyn tolyk zhinagy: On yeki tomdyk. VII tom. Almaty. 2013. 572 b.

Shokai M. Shygarmalarynyn tolyk zhinagy: On yeki tomdyk IX tom. Almaty. 2014. 568 b.

Shokai M. Shygarmalarynyn tolyk zhinagy: On yeki tomdyk, КННН tom. Almaty. 2014. 476 b.

Vdovin A.I. SSSR. Istoriya velikoy derzhavy. 1922-1991. Moskva. 2018. 768 s.

Yesmagambetov K.L. Alem tanygan tulga (Mustafa Shokaidyn dnyiyetanymy men kayratkerlik bolmysy). Almaty. 2008. 504 b.

ҒТАХР 930.2

НЫҒМЕТ НҰРМАҚОВТЫҢ МЕМЛЕКЕТ ҚАЙРАТКЕРІ РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫ

Кабдушев Болат Жоламанұлы¹, Құдайбергенұлы Болат²

¹Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Алматы энергетика және байланыс университетінің әлеуметтік пәндер кафедрасының меңгерушісі, Қазақстан, Алматы қ., E-mail: bolat640701@mail.ru

²Тарих ғылымдарының кандидаты, Ш.Ш.Уәлиханов атындағы ТжЭИ директорының ғылыми жұмыстар бойынша орынбасарының м.а. Қазақстан, Алматы. E-mail: k.bolat75@mail.ru

Түйіндеме. Мақалада 1924-1929 жж. Қазақстан Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы болған Нығмет Нұрмақовтың мемлекеттік қайраткер болып қалыптасуына әсер еткен ортасы, ұлттық көзқарасының дамуына ықпал жасаушы тарихи оқиғалар қарастырылады. Оның ұлтжанды тұлға болып шыңдалуына негіз болған Қазақстандағы ірі саяси орталық ретіндегі Қарқаралы өлкесінің ерекшеліктері де ашылған. Алаштың ірі қайраткерлері Ж. Ақбаев, Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсыновтардың белсенді саяси қызметінің барында жас Нығметтің әлеуметтік-саяси ой-өрісінің өсуі зерделенеді. 1912-1914 жж. Омбыдағы мұғалімдер семинариясында оқыған тұста қазақ елінің болашағы толғандырған С. Сейфуллин, М. Саматов, М. Жұмабаев секілді қазақ жастарымен бірігіп, ағартушылық мақсаттағы «Бірлік» атты ұйым құруындағы оның рөлі, Ресейдегі күрделі саяси-экономикалық ахуалды қазақ даласымен салыстыру барысында өзінше ой түйіндеуі деректермен тұжырымдалады. Оқуын тәмамдап Қарқаралы қаласындағы училищеде мұғалім болып атқарған кезеңі мен 1916 ж. ұлт-азаттық көтеріліске ұстанымы баяндалған. Соңында Нұрмақовтың 1917 ж. Ақпан төңкерісінен кейінгі өзгерістерге белсене араласуы, саяси бағытын айқындауы, оған түрткі болған оқиғалар қорытындыланады.

Кілт сөздер: Нұрмақов, Қарқаралы, петиция, Омбы мұғалімдер семинариясы, «Бірлік» қоғамы, маусым жарлығы, Қасен Ақаев, карт большевик Евгений Поллюдов, Александр Сидельников.

МРНТИ 930.2

СТАНОВЛЕНИЕ НЫГМЕТА НУРМАКОВА КАК ГОСУДАРСТВЕННОГО ДЕЯТЕЛЯ

Кабдушев Болат Жоламанович¹, Құдайбергенұлы Болат²

¹Кандидат исторических наук, доцент, заведующий кафедрой социальных дисциплин Алматинского университета энергетики и связи, Казахстан, Алматы. E-mail: bolat640701@mail.ru

²Кандидат исторических наук, и.о. заместителя директора по научной работе ИИиЭ имени Ч.Ч.Валиханова. Казахстан, Алматы. E-mail: k.bolat75@mail.ru

Аннотация. В статье рассматриваются исторические события, повлиявшие на становление председателя Совета Народных Комиссаров Казахстана Ныгмета Нурмакова как государственного деятеля в 1924-1929 годы. Описывается Каркаралинский край, где он родился, который был в то время крупным политическим центром в республике. Освящается роль лидеров Алашского движения Жакыпа Акбаева, Алихана Бокейханова, Ахмета Байтурсынова уроженцев этого края, оказавших большое влияние на становление политических взглядов Н. Нурмакова. Дается информация о том, что в годы обучения в учительской семинарии 1912-1914 годы Нурмаков вместе с соратниками - Сакеном Сейфуллиным, Мухтаром Саматовым, Магжаном Жумабаевым создает просветительское общество «Бирлик». Также, показывается отношение Нурмакова к национально-освободительному восстанию 1916 года, когда он работал учителем в Каркаралинском училище. Подчеркивается, что после Февральской революции начинается наиболее активная деятельность Ныгмета Нурмакова, когда он всецело посвящает себя служению родине.

Ключевые слова: Нурмаков, Каркаралы, петиция, Омская учительская семинария, общество «Бирлик», июньский указ царя, Касен Акаев, старый большевик Евгений Полудов, Александр Сидельников.

IRSTI 930.2

NYGMET NURMAKOV AS A STATESMAN

Kabdushev Bolat Zholamanovich¹, Kudaibergenuly Bolat²

¹ Candidate of historical sciences, Associated professor, Head of the Department of Social Sciences, Almaty University of Power Engineering and Telecommunications, Kazakhstan, Almaty. E-mail: bolat640701@mail.ru

² Candidate of historical sciences, Acting Deputy Director for science at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. Kazakhstan, Almaty. E-mail: k.bolat75@mail.ru

Abstract. The article focus on the formation of Nygmet Nurmakov as a statesman in 1924-1929. At the same time, he was the Chairman of the Council of Kazakhstan People's Commissars. The Karkaraly region is described where he was born, which was at that time a major political center in the republic. The role of the leaders of the Alash movement, Zhakyp Akbaev, Alikhan Bokeikhanov, Akhmet Baitursynov, natives of this region, that had a great influence on the formation of the political views of N. Nurmakov, is highlighted. Information is given about the years of training at the teacher seminary in 1912-1914, when Nurmakov, together with his associates Saken Seifullin, Mukhtar Samatov, Magzhan Zhumabaev, created the Birlik educational society. Also, it shows the attitude of Nurmakov to the national liberation uprising of 1916, when he worked as a teacher in the Karkaraly school. It is emphasized that after the February Revolution, the most active work of Nygmet Nurmakov begins when he fully devoted himself to serve the motherland.

Key words: Nurmakov, Karkaraly, petition, Omsk teacher's seminary, Birlik society, June decree of the tsar, Kassen Akayev, old Bolshevik Yevgeny Polyudov, Alexander Sidelnikov.

Кіріспе. XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық күрестің көшбасында халқының көзі, құлағы, үні болған ұлтымыздың таңдаулы Алаш жетекшілері тұрды. Егер төңкеріске дейін-ақ езілген жұртының санасына сәуле түсіріп, оятқан, азаттық жайлы идеяның негізін қалап бағыттаған Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейхановтардың ісі деп білсек, ізінше ұлт-азаттық күресте, төңкерістердің аласапыранында қалыптасып, шынығып, айқындалып, саяси сахнаға көтерілген Т. Рысқұлов, С. Сәдуақасов, С. Қожанов, Ж. Мыңбаев секілді қылшылдаған қайратты жастарды көреміз. Алдыңғылар негізінен ағартушылық, саяси-идеялық қызметімен еліміздің болашақ даму жолын саралап берген болса, кейінгілер кеңес билігі шеңберінде ұлттық мұраттарды жүзеге асыруда бар күш-жігерін, өмірін сарп етті. Олар жоғалтып алған

мемлекеттік белгілерімізді қалпына келтіріп, Қазақстанның шынайы тәуелсіздігінің негізін қалауға орасан зор күш жұмсады. Бөлшектелінген қазақ жерін біріктірді, шаруасын түзеп, мәдени дамуына жағдай жасады.

Қазақ жұрты бодандыққа түскенімен ешкімнің де айтқанына көніп, айдағанына жүретін құлақ кесті құлы болған емес. Ендеше, ел мүддесін арқалаған нар тұлғалардың қиын-қыстау кезеңдерде суырылып шығуы заңдылық. 1920-1930 жылдардағы ел билеген қайраткерлер арасында қазақ мемлекетін басқару, ауыл шаруашылығын қайта ұйымдастыру, өнеркәсіпті дамыту, мәдениетімізді өркендету сияқты көптеген өмірлік мәселелерді шешуде елге, ұлтымызға пайдалы, ұтымды жағын пайымдап, дамудың балама жолдарын ұсына алған азаматтарымыз аз болған жоқ. Өкінішке орай, ұлтымыздың зиялылары түгелдей дерлік ХХ ғасырдың екінші ширегінен жаппай өріс алған қатал саяси жүйенің қысымын көрді, елден қуылды, кейінгі қуғын-сүргін науқанында жазықсыз мерт болды. Алайда олардың есімдері тарихтан күштеп өшірілгенімен де, озбыр режим олардың өз халқына деген жанпида қызметімен ерекшеленген азаматтық бейнелерін есімізден өшіре алған жоқ. Тіпті қатал саясаттың тоңы жібіген тұста көпшілігінің ақталғанымен де, олар туралы толық шындықты айтып, ақ-қарасын тануға идеологиялық құрсау мүмкіншілік бермеді. Осылайша, халықтың тарихи жадында сақталып келген сол азаматтарымыздың есімдері тәуелсіздік тұсында қайта жаңғырды. Бірқатары ғылыми жұмыстың арқауына айналып, жеке тұлға ретінде зерттелді. Олардың отандық тарихнамадағы алатын орны белгіленіп, саяси-қоғамдық қызметіне баға берілуде. Ұлттық тұлғалардың өмірі мен қызметін терең зерттеу Қазақстан Республикасының дамуы жолындағы мемлекет қайраткерлерінің жанкешті қызметінің айтылмай, зерттелмей келген тарихи олқылығын толтыру қажеттігінен туындап отыр.

Кеңес дәуірінің алғашқы 20 жылдығында атқарған мемлекеттік-саяси қызметімен ерекшеленетін, қазақ қайраткерлерінің арасында өзіндік ойып алар орны бар осындай тұлғалардың бірі – Нығмет Нұрмақов болып саналады. Әсіресе, оның 1922-1929 жылдар аралығындағы мемлекеттік қызметі Қазақстанның саяси-экономикалық, әлеуметтік, мәдени дамуының оқиғаларымен тұтасып жатыр, ендеше Н. Нұрмақовты зерттеп тану дегеніміз – Қазақстанның ХХ ғасырдың 20-шы жылдарындағы экономикалық, әлеуметтік, мәдени даму үрдістерін жеке тұлға негізінде ғылыми тұрғыдан терең қарастырып баяндау, тұжырымдап баға беру деген сөз.

Талқылау. Нығмет Нұрмақовтың қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі ғылыми тұрғыдан күні бүгінге дейін арнайы зерттеудің нысаны болған емес. Әйтсе де, оның өмірбаяны мен атқарған лауазымды қызметтерін тізіп, сипаттаған танымдық мақалалардың жариялануы 1960 жылдан бері жалғасуда. Қазақстан тәуелсіз республика болғалы да Н. Нұрмақовтың саяси қызметіне байыпты түрде жаңаша көзқарас білдірген және мемлекеттік қызметіне қатысты табылған кейбір архивтік құжаттарды ұсынып, қызметінің ұлжандылық мәні жайлы тұжырым жасаған мақалалар да жарық көре бастады. Алғаш рет Нығмет Нұрмақовтың төңкеріс жолына түсуі яғни саяси қайраткерлігінің бастапқы қадамдары жайлы құнды мәліметтерді тізген тарихи мемуарлық шығарманың авторы, төңкерістің дауылпазы Сәкен Сейфуллин болды (Сейфуллин, 1978: 401) Олардың достығы сонау Омбы семинариясында оқыған жылдары басталғаны мәлім. Мұғалімдер семинариясының көкірегі ояу қазақ жастары қоғамдасып, «Бірліктің» құрамына бірікті. Сәкен Сейфуллиннен бір жыл бұрын оқуын тәмамдап, еліне қайтса да Н. Нұрмақов «Бірлік» ұйымымен байланысын үзген жоқ. Хат жазып, хабарласады. Осы жайларды шығармасына арқау еткен жазушы Н. Нұрмақовтың хаттарынан үзінді келтіріп, оны ұлт мүддесін ойлаған күрескер тұлға екендігін баяндайды. Қазақстанда қызмет атқарған кезеңде кейін Н. Нұрмақовтың Мәскеуде тұрған жылдары да бұл байланыс үзілмеген. 1937 жылдың шілде айының 11-13 аралығында (Нығмет халық жауы болып ұсталғаннан соң) өткен Қазақстан Жазушылар одағының жабық партия жиналысында С. Сейфуллиннің «Нұрмақовты Мәскеуде көріп тұратындығы» үшін ашық сынға ұшырауы да соның дәлелі (ҚР ПА, 993: 3).

Н. Нұрмақовтың ғұмырбаянын қалың көпшілікке жария еткен тұңғыш мақала 1925 жылы 1 мамырда «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланды (Политические

репрессии в Казахстане, 1998: 77). Бұл Н. Нұрмақовтың Кеңестердің Бүкілқазақтық V съезінде Қазақстан Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы сайланғанына орай газеттің ресми сипатта хабарлап, таныстыру мақсатындағы ақпары еді. Шындығында, мақала Н. Нұрмақовтың 1922 жылы қызмет бабындағы өз қолымен жазып берген өмірбаянының әдеби сұлбасы болып табылады. 1930 жылдардың саяси әдебиеттерінде Н. Нұрмақовтың Қазақстанда атқарған қоғамдық-саяси қызметінің ұлтшылдық бағытта болғаны, саяси топтарға енгені жайлы айтылады (Из истории партийного строительства в Казахстане, 1936: 193). 1928 жылы Н. Нұрмақовты оңшыл ағымға енгізу мақсатымен Өлкелік партия комитетінің хатшысы Ф.И. Голощекиннің өзі де оған тиесілі іс ұйымдастырғаны да мұрағат құжаттарынан белгілі (ҚР ПА, 1648: 5-6).

1937 жылдың ортасында Н. Нұрмақов «халық жауы» атанғаннан соңғы әдебиеттер бір сарында «байшыл-ұлтшыл», «жапон-неміс шпионы» секілді ойдан шығарылған небір қорқынышты жаланың бәрін жапсырумен келді (Тимофеев, Брайнин, 9-10: 72-81). Үкіметтің 1938 жылғы маусымдағы қаулысы негізінде қазақ зиялыларының қазақ-орыс тілдерінде жарық көрген 97 кітап пен кітапшалардың арнайы жабық қорға қайтарылуға тиіс әрі оқуға тиым салынғандардың арасында Н. Нұрмақовтың да Қызылорда және Мәскеу баспалары арқылы жарық көрген 4 кітабы тіркелді (ҚР ПА, 993: 220-229).

1956 жылғы ақтау шараларынан соң, Н. Нұрмақовты мемлекет және қоғам қайраткері ретінде таныту мен насихаттауға құрылған мақалалардың барлығы оның мерейтойларына бағышталды. 1960-1970 жылдары жарық көрген мақалалардың көпшілігі Н. Нұрмақовпен қызметтес болғандар, көзі көргендердің және туған-туысқандарының қолымен жазылды. Бұл кезеңде Н. Нұрмақовтың өмірбаяны мен қызмет жолдарын сипаттап қазақ тілінде жазылған алғаш мақаланың авторы ҚазМУ-дың оқытушысы Абдолла Лекеров болды (Лекеров, 1960: 21). Қарт большевик А. Артюхина, тарихшы С. Көлбаев, А. Лекеровтардың «Казахстанская правда» газетіне бірігіп жариялаған мақалаларының да негізгі мақсаты – жау болып келіп, толық ақталған Н. Нұрмақовтың Қазақстанның көрнекті қоғам қайраткері, әрі үкімет басшысы ретіндегі лайықты орнын көрсету болатын. Әлбетте, мақаладағы кейіпкерді «лениндік типтегі большевик, сауатты марксист, тапшыл» деп келтірілетін тұжырымдаулардың барлығы сол уақыттың талабынан туындаған (Артюхина, 1965: 25).

1964 жылы жарық көрген «Есею жылдары» деп аталатын кітабында («Өмір мектебінің» жалғасы) кеңес жазушысы Сәбит Мұқанов Н. Нұрмақов жайлы жылы сезіммен жазу барысында қызықты мәліметтер келтірген. Кіріспесінде «барынша әділ болуға тырыстым» дей отырып, автордың субъективті тұрғыдан айтқан, бір жағы кеңес саясатының салдары болатын қайшы пікірлерге орын бергені зерттеушілерге мәлім. Әйтсе де көзімен көргендерін суреттеген жазушының бұл еңбегінің қазақ тарихнамасындағы алатын орны ерекше. Автор өз еңбегінде 1933 жылы Мәскеуде қайтыс болған ірі қоғам қайраткері С. Сәдуақасовтың қазасына қатысқан санаулы қазақ қайраткерлерінің қатарында Нығмет Нұрмақовтың да болғанын мәлімдейді. Немесе аштық түсындағы (1932 жылы) ақиқат жағдайды айту үшін оның Мәскеудегі қазақ басшыларымен қалай кездескендігі суреттеледі (Мұқанов, 1964: 3).

1960 жылдары Н. Нұрмақов жайлы очерк жазбақ ниетпен ізденіп, Мәскеудегі Нығметтің жұбайы Зүпнүн Ыбырайқызы және ұлы Ноян Нұрмақовпен, көзі көрген, қызметтес болған партия ардагерлері, жерлестерімен хат арқылы хабарласып мәліметтер жинаған белгілі кеңес жазушысы Николай Ановтың да еңбегін айта кеткен жөн. Жазушы өзінің «Крылья песни» атты романында Н. Нұрмақов жайлы ашып жаза алмағандығын баяндап, сол парызын өтеуге бел бұғанын білдіреді (ҚР ОМА, 607: 12). Өкінішке орай, автор мақсатын аяғына дейін жеткізе алған жоқ. Оның Н. Нұрмақовқа қатысты жазған хаттары мен жиған мәліметтері Орталық Мемлекеттік архивінің жеке қорлар бөлімінде сақтаулы (ҚР ОМА, 607: 1-19).

Көрнекті жазушы Сапарғали Бегалин жерлесі Н. Нұрмақовтың 70 жасқа толуына орай жас Нығметтің көзқарасының қалыптасуы мен төңкеріске араласуы жайындағы құнды мағлұматтарды жариялады (Бегалин, 1965: 3). Еңбек ардагері Ә. Бектасовтың естеліктерінің де Н. Нұрмақовтың тұлғалық қасиеттерін жаңа қырынан танытудағы

орны ерекше (Бектасов, 1975: 25).

1970-1980 жылдары мұрағат деректеріне сүйенген белгілі тарихшы-ғалымдар – С. Көлбаев, А. Сармурзин, Н. Жағыпаров Нығмет Нұрмақовтың қызметінің жылдары мен атқарған мемлекеттік шаруаларын біршама нақтылай түсті. Олардың жана мұрағаттық құжаттарды айналымға қосып, ой-тұжырымдарын дәйектермен негіздеу нәтижесінде тұлғаны танытуды жана деңгейге көтерді (Сармурзин, 1985: 24).

1980 жылдардың соңы мен 1990 жылдардың басында ел ағасы, жазушы Жайық Бектұров қазақ қайраткерлері жайлы өте қызықты, тәлімі мол естеліктер жазып кетті. Сондай-ақ, Н. Нұрмақовты қалың көпшілікке танытуда ізденіп, мақалалар жазған қарағандылық журналист Р. Сағымбековты, өлкетанушылар М. Анапинова, әрі Қу болысының байы Ақаев Хасеннің өмірін зерттеу барысында Нығмет жайлы да құнды деректер жинаған Ю. Поповты атауға болады (Бектұров, 4: 70-74).

Әдістер. Мақаланы жазуда объективтілік, тарихилық, жүйелілік және салыстырмалы талдау принциптері басшылыққа алынды. Тәуелсіздік заманында тарихи тұлғалардың қызметін жаңа көзқарас тұрғысынан зерттеу талабы қойылуда. Сондықтан зерттеудің үлгісіне соңғы жылдарда жарық көрген ұлттық саяси қайраткерлердің өмірі мен қызметі туралы еңбектер негіз болды. Архивтегі ғылыми айналымға енген құжаттар салыстырмалы түрде сараптаудан өткізілді. Нығмет Нұрмақовтың қоғамдық-саяси және мемлекеттік қайраткер болып қалыптасуы, қызметінің алғашқы баспалдақтары, саяси көзқарасы, ұлттық ұстанымдарын талдап шешуге Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архивіндегі Қазақ АКСР-і Орталық Атқару Комитетінің (5 қоры және құпия қоры), Қазақ АКСР-і Халық Комиссарлар Кеңесінің (30 қоры және құпия қорлары), Жер ісі Халық комиссариатының (74 қор) және т.б. қорлардың құжаттары негізге алынды.

Жалпы жұмыстың деректемелік негізіне Н. Нұрмақовтың 20-30 жылдары «Қызыл Қазақстан», «Советская степь», «Еңбекші қазақ» т.б. мерзімді баспасөздегі жарияланған мақалалары мен жеке еңбектері (Строительство, 1929; т.б.), сондай-ақ «Советская Киргизия», «Народное хозяйство Казакстана», «Власть Советов», «Жизнь национальностей», «Революция и национальности» т.б. республикалық және одақтық басылымдарда жарық көрген материалдар, үкіметтің есептік басылымдары кеңінен пайдаланылды.

Нәтижесі. Нұрмақұлы Нығмет 1895 жылы 25 сәуірде патша заманындағы әкімшілік бөлініске сай Семей губерниясы, Қарқаралы уезінің Қу болысындағы (қазіргі Орталық Қазақстан облысы, Егіндібұлақ ауданы) шаруа отбасында дүниеге келген (ҚР ОМА, 5228: 3). Әкесі Нұрмақ қарапайым еңбегімен күнелткен орта қол шаруа болған. Көзі көргендер оның күсбегілікпен шұғылданып, аңшылықты кәсіп қылған сергек адам болған деседі. Бертінге дейін қыран салып, қасқыр-түлкісін қоса аулайтын ермегін тастамағаны жайлы 1928 жылы Нығметке інісі Құрманғалидің жазған хаттарында да айтылады (ҚР ОМА, 1129: 30). Бір жағынан осы өнерімен бай-мырзаларға қызмет қылып, ел таныған, біршама көзі ашық адам болған екен. Нұрмақтың Нығметтен басқа Маныш, Құрманғали, Жәмел, Қайша, Шөкен дейтін балалары болған. 1937-1938 жылдардың зұлматында Нұрмақовтар әулетінен үш адам – Нұрмақ, Нығмет, Құрманғали құрбан болды.

Нығметтің тіл сындырып, хат тануы ауыл мектебінен басталады. Қу болысындағы 3 сыныпты орыс-қазақ мектебін сол өлкенің белді де беделді байы Ақайдың Хасені Халық Ағарту министрлігінің рұқсатымен өз қаржысына салдырыпты (Попов, 1994: 23-26). Ауыл мұғалімдерін қажетті әдебиеттермен қамтамасыз етуді де Хасен бай өз міндетіне алады. Қазақ баспасөзінің тұңғышы «Айқап» журналын да жаздыртып алатын болған. 1905-1908 жылдары бала Нығмет те осы мектепте оқып, сауатын ашады. Түр-сипаты түйық көргенімен, ісіне ұқыпты, білімге зерек баланың одан әрі оқығанын туғандары да, ауылдастары да хош көрсе керек. 1908 жылдың күзінде Нығмет Қарқаралыдағы 2 сыныпты орыс училищесіне түсіп, бұратаналарға арнайы бөлінетін стипендиямен интернатқа орналасады. 1909 жылдың жазына дейін, осы училищенің меңгерушісі, қазақтың білімпазы Ахмет Байтұрсыновтың болғанын ескерсек, аталмыш білім ұясының мән-мазмұны айрықша арта түседі (Байтұрсынов, 1991: 3).

Маңыздысы, Қарқаралы (Орталық Қазақстандағы ірі саяси орталықтың бірі болған) Нығметтің санасына саяси ой түсірген алғашқы мектебі болғаны даусыз. 1905-1907 жылдардағы бірінші орыс революциясының жаңғырығы Қарқаралыға да жетіп, Әлихан Бөкейханов, Жақып Ақпаев секілді қазақ жұртының жоғын жоқтаушы саңлақтары әйгілі Қарқаралы петициясын даярлағаны белгілі. Ол жайында кеменгер жазушымыз Мұхтар Әуезов Ахметтің 50 жылдық мерейтойына арналған мақаласында былай дейді: «1905 жылы Қарқаралыда Ақаң мен басқа біраз оқығандар бас қосып, кіндік хукіметке қазақ халқының атынан петиция (арыз-тілек) жіберген. Ол петициядағы аталған үлкен сөздер: бірінші – жер мәселесі. Қазақтың жерін алуды тоқтатып, переселендерді жібермеуді сұраған. Екінші – қазақ жұртына земство беруді сұраған. Үшінші – отаршылдардың орыс қылмақ саясатынан құтылу үшін, ол күннің кұралы барлық мұсылман жұртының қосылуында болғандықтан, қазақ жұртын мұфтиге қаратуды сұраған. Петицияда тілек қылған ірі мәселелер осы. Ол күндегі ой ойлаған қазақ баласының дертті мәселесі осылар болғандықтан, Ақандар бастаған іске қыр қазағының ішінде тілеулес кісілер көп шыққан, көпшіліктің оянуына себепші болған» (Байтұрсынов, 1991: 19).

Тілеулес болып, петицияға қол қойған 42 адамның қатарында Қу болысынан (Нығметтің елі) белгілі композитор Тәттімбеттің ұлы Мұсатай және Ақаев Хасеннің інісі Мағат Ақаев та бар екен. Кейін Әлихан Бөкейхановтың өтінуімен Ақайдың Хасені дала өкілдерінің басын қосқан ірі жиынын өз жайлауында ұйымдастырыпты (Попов, 1994: 2). Осы оқиғалардың бел ортасында жүрген сол өңірдің тумасы, белгілі заңгер Жақып Ақпаев кейінгі өмірбаяндарында өткен жылдарды былайша еске алады: «... 13-14 қарашада мен Қарқаралыға келдім, мұнда біз бірнеше күнге патшаның әкімшілігін биліктен шын мәнінде тайдырдық, даланың рухы шарықтап, жалпы жұрт арасында ағайыншылдық және сүйіспеншіліктің ұлы идеясы жүзеге асты. Қарқаралы уезі Ресейдегі республикалық тәртіп орнаған жалғыз шет аймағы болды», – деп жазды (ҚР ОМА, 172: 3-4). Қорыта айтқанда, Қарқаралының Қу болысын дүрілдеткен бұл оқиғалар жас Нығметтің көкейіндегі жауабынан гөрі сұрағы көп болатын алғашқы әсерлері еді.

1909 жылдың 1 шілдесінде саяси күдікті болып полицияның бақылауында жүрген Қарқаралы училищесінің меңгерушісі Ахмет Байтұрсынов Семей абақтысына қамалды. Еркін ойлы, ұлт мүддесі үшін белін бекем буған ағартушы ұстаздарының халқының бостандығы жолындағы күресі үшін қамауға алынғанын, кейін Қазақстанда түру құқығынан айрылғанын да шәкірттері жақсы білетін. Сондай-ақ, деректерге сүйенсек, училищеде Нығметтің ой-өрісін кеңейтіп, орыс ойшылдары мен батыстың демократиялық идеяларымен алғаш таныстырушы, кейін де хат-хабар арқылы ақыл-кеңесін беріп жүрген ұстаздарының бірі Евгений Венедиктович Поллодов болған. Төңкеріс тұсында белсенді большевик болған осы ұстазының ықпалы Нығмет Нұрмақовтың көзқарасын айқындап, біржола большевиктер жағына шығуына негіз болыпты (Бегалин, 1965: 3).

Нұрмақов Нығметтің қазақ өмірінің күйбең тіршілігінен асып шығуына себепші болған сондай негіздерінің бірі – әкесінің өнері деу керек. Түлкі мен қасқырды алатын қыранды баптау Нығметтің әкесі Нұрмақтың кәсібі болатын. Деректерге қарағанда ұсақ аң-құсты былай қойып, кем дегенде қыста 2-3 қасқырды, 5-6 түлкіні соғып алу жылдағы әдеті екен (ҚР ПА, 1129: 30). Құсбегі өнерін паш ету үшін Ақайдың Хасені Омбыға сапарында арнайы Нұрмақты таңдап ерте баруының себебі де осы. Ендеше Қарқаралы өңірінде ықпалды Ақайдың Хасенінің келімді-кетімді әкімдерін, мырзаларын құс салу қызығымен тәнті ететін Нығметтің әкесі – Нұрмақ болатын. Мұндайда олардың орысшаны жетік білетін Нығметті де ерте жүру әдеті еді.

Қарағандының өлкетанушысы Юрий Поповтың деректерінде 1909 жылдың қыркүйегінде белгілі орыс жазушысы М.М. Пришвин Қарқаралыдан Павлодарға баратын жолында Ақаев Хасеннің ауылына тоқтағандығы жайлы айтылады (Попов, 1994: 2). Астаналық қонаққа тиесілі сый-құрмет көрсеткен Хасен бай меймандарға қазақтың бүркітпен қоян аулау дәстүрін тамашалатады. Әкесімен қатар бұл сәттерде байдың қызметінде Нығметтің де бірге болуы әбден мүмкін. Осындай кездесулер, сұхбаттасудың өзі Нығметтің білімге құштарлығын оятып, оқысам, білсем деген асқақ

арманын тудыруға негіз болды.

1910 жылы Нығмет Нұрмақов Қарқаралыдағы училищені бітірген соң, Ақаев Хасеннің қызметінде тілмаштық міндетін атқарады. Оны ел аузынан жазылып алынған естеліктер растап отыр (Попов, 1994: 4). 1911 жылы Омбыда ауыл шаруашылық көрмесі ашылғанда Ақайдың Хасені қыр өңірінің «байлығын» көрсету үшін буынып-түйініп аттанады. Қасына құстарды баптаумен жабдықтарымен әдейілеп Нығметтің әкесі Нұрмақты да, бір жағынан кеңесшісі әрі тілмашы ретінде Нығметті де ерте жүреді. Бұл жайында сол кездегі ұлттық баспасөздің көшбасшысы «Айқап» газеті былай деп жазған екен: «Қарқаралының байы Ақайдың Хасені сән-жасауымен бірнеше киіз үй тіккен. Біріне кірсеңіз, дала қолөнерлерінің небір шеберлерінің қолымен жасалған туындылар. Енді бірінде құсбегілік өнерінің қыр-сырын тамашалайсыз...» (Әлжанов, 7: 6-8). Осы көрмені тамашалауға келгендердің ішінде Шоқанның досы, ғалым-географ Григорий Потанин, Сібірдегі география қоғамының мүшесі, Омбыдағы мұғалімдер даярлайтын семинарияның әдебиет пәнінің оқытушысы Александр Николаевич Сидельников те болды. Көрнекті ғалымдар Нығметтің ойлы да, тәртіпті әңгімелері мен суреттеулеріне сүйсініп, жақын танысады. Ілгері оқысам деген талабын байқаған А.Н. Сидельников өзі оқытушы болып істейтін семинарияға оқуға шақырады. Нығмет еліне барып, кейін сол жылдың күзінде Омбыға қайта келеді. Кейін өз қолымен жазған өмірбаянында «емтиханды сәтті тапсырып, Омбының мұғалімдер семинариясына түстім» – дейді (ҚР ПА, 993: 3). Сондай-ақ Нығметтің өмір жолын алғаш рет тізіп, жариялаған «Еңбекші қазақ» газеті «Омбыға Нығмет бір топ жолдастарымен барды» деп жазыпты. Естеліктерден бізге Нығметтің ауылынан бірге барып оқыған Таутан Арыстанбековтың есімі белгілі. Ендеше ел ауызында айтылып жүрген Н. Нұрмақов семинарияны Хасен байдың қаржысымен оқыған деуі шындыққа жанасады. Ақаев Хасеннің өзі тәркілеу тұсындағы жазған арыздарында жылына елден 5-6 баланың оқуына демеушілік жасап отырғандығын айтады (ҚР ОМА, 62: 25). Осылайша Нығметтің өміріндегі айрықша белес – Омбылық кезең басталды.

Байлық пен кедейліктің не екенін жастайынан айырып өскен Нығмет Нұрмақов Қарқаралыдағы буырқанған саяси ахуалдың куәгері болды, ой түйіп өзінше баға беруге тырысты, түсінбегенін сұрап білді. Ал Қазақстаннан тыс орналасқан, Ресей империясының әкімшілік шаһарындағы қайнаған тіршілікті Нығмет Нұрмақов мүлдем басқаша сезінді. Қала халқының тұрмысы қырдағы қазақтың жағдайынан өзгеше еді. Оқу-білім деңгейі ұйымдастырылған, экономикасы бөлек ел-жұрттың барын көзімен көрді. Болашақтың, өркениеттің қайнары білімде екендігіне көзі жетті. Н. Нұрмақовтың жерлесі белгілі жазушы Сапарғали Бегалиннің айтуынша, Нұрмақтың Баймен, Жұман дейтін інілері Иркутскиде алтын кенішінде жұмысшы болып, сонда тұрыпты. Семинарияда оқып жүрген Нығмет каникул кездерінде барып жүретіндігін жазады. Біздің ойымызша, ірі өндіріс орындарын Нығметтің аралап көруі, жұмысшылардың ортасындағы әлеуметтік хал-ахуалды барлап, бақылауы да айрықша әсер қалдырғаны аян. Осы жайлардың барлығы Нығметтің ой-өрісін ширатады. Ендігі бар ғұмырын халқының тұрмысын жеңілдетуге, бақытты өмір жолындағы күреске арнауды ойлайды. 1912 жылдары Омбының мұғалімдер семинариясының бір топ жастары «Бірлік» атты қоғам құруға бел байлауының да қайнар көздері осында. Қазақ жастарының арман-қиялға толы бұл қадамдарын белгілі қаламгер Тұрсынбек Кәкішев Сәкен Сейфуллиннің өмірін зерттеуге арналған еңбегінде шынайы суреттеген. Шәймерден Әлжанов бас болып, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Саматов, Мағжан Жұмабаев, Нығмет Нұрмақов секілді тілегі бір қазақ жастарын біріктірген «Бірліктің» негізгі бағыты ағартушылық сипатта болды. «Бірлік» ұйымының бағдарламасында таяу арадағы мұраттары былайша белгіленген: «Қазақ халқын мәдени һәм әдеби жағынан ілгері қатардағы жұрттарға қосу. Бұл айтылған мақсаттарға жету үшін халық әдебиетін жинау, ол әдебиетті кітапша һәм үлкен кітаптар етіп бастыру, театр кітаптарын шығару, бастауыш, орта дәрежелі мектептерге кітаптар жазу, мектепке түсемін деген шәкірттерді даярлайтын курстар ашу, мұқтаж шәкірттерге жәрдем көрсету, спектакль, концерт һәм басқа ойындар жасап, қазақтың ішінде театр тұрғызу» (Кәкішев, 1997: 45).

Қоғам мүшелерінің деңгейінің өсуіне, бірлігінің нығаюына үйірмеде әдебиеттерді

оқып талдауды, театрлық қойылымдарды жасауы, әлеуметтік жағдайы нашар, дарынды жастарға көмек көрсетуі сияқты қадамдары зор септігін тигізді. Нығметтің өміріндегі Омбылық кезеңнің орны айрықша. Ол мұнда мәңгілік пікірлес жолдастарын тапты. Үйірмедегі қызметі қоғамдық көзқарасының айқындалуына әсер етті. Қалай болғанда да негізгі мұрат халқына қызмет ету болғандықтан, оны езгіден шығарып, тұрмысын жеңілдетудің жолдарын іздейді. Нығмет Нұрмақов жайлы көлемді мақала жазған қарағандылық белгілі журналист Рамазан Сағымбеков Омбыда оқыған Таутан Арыстанбековтың естелігінен мынадай үзінді келтіріпті: «Сәкеннің басқан әрбір қадамын бақылаушылар, – деп жазады Таутан Арыстанбеков, – директор ғана емес, бұлардың негізгі тамыры жандармға барып тірелетінін ол жақсы білетін. Директордың күдіктене қарайтын шәкірттерінің бірі Нығмет Нұрмақов еді. Сондықтан Сәкен оған үнемі сақтық ережелерін үйретіп отыратын... Сәкеннің бір ерекшелігі жазған өлеңдерін, ең алдымен, жақын жолдастары Нығмет Нұрмақовқа, Шәймерден Әлжановқа оқып, солардың сынын тындап алушы еді. Айтылған сынды орынды деп тапса, өлеңін түзетіп, қайта жазатын, сөйтіп, қайта оқитын» (Сағымбеков, 1990: 15).

Нығмет, Сәкен секілді жастардың саяси көзқарасын қалыптастыру мен айқындауына «Бірлік» қоғамы мол септігін тигізді. Азаттық, теңдік идеяларының езгіде, қараңғылықта күй кешкен қазақ халқына да қажеттігін алғаш рет терең ұғынып, ол күннің де туатынына сенімі ұлғайды. Біздің пайымдауымызша, «Бірліктің» шеңберінде жастар алғаш рет саяси мәселелерді талқыға салып, оларды Қазақ елінің болашағы, яғни мемлекеттік құрылысы, әлеуметтік-экономикалық жағдайы, мәдениеті толғандырған. Нәтижесінде, шәкірттерінің мұндай бет алысы семинария әкімшілігінің күдігін туғызуы заңды. Осыған қатысты ғалым Зарқын Тайшыбаевтың Омбы мұрағатынан тапқан қызықты дерегі облыстық басылымдарда жарияланды. Автор аталмыш мұрағатта Нығмет пен Сәкеннің оқуын бітіргендегі куәліктері бірге қатталып, сақталып келгендігін көреді. Тәртіп бойынша семинарияның түлегі бітірген соң, 4 жыл мұғалімдік қызметін өтегенде ғана куәлігі беріледі екен. Ал араға жыл салып кейін бітірген Сәкен Сейфуллиннің куәлігін Нығмет Нұрмақовтікімен біріктіріп сақталғанына, олардың куәліктерінің берілмей қалуына зерттеуші таңданады (Сағымбеков, 1990: 4). Расында да патша өкіметінің екі тұлғаның болашағынан қауіптенгендігін көргенділік деп бағалауға болар. Нәтижесінде екеуі де төңкерістен соңғы кеңес құрылысына белсене араласып, бірінен соң бірі Қазақстан Автономиялы Республикасының үкіметін басқарған ірі мемлекет қайраткерлері дәрежесіне өсті.

1915 жылдың мамырында Нығмет Нұрмақовтың семинариядағы оқуы аяқталған соң, кешегі өзі оқыған Қарқаралы училищесіне келіп, мұғалімдік қызметке орналасады. Әрине, Нығмет алған білімімен қанағаттанған жоқ. Ол өз өмірбаянында «оқуды жалғастыруға мүмкіндігім болмағандықтан, елге қайтуға мәжбүр болдым» деп жазады (ҚР ОМА, 993: 3). Ресейдің іргелі оқу орындарына түсіп, білім алу үшін де қаражат қажет. Кедейшіліктегі Нығмет Нұрмақов сияқты жастардың жағдайы оған келмейтін. Сондықтан ол бар білімін қанағат тұтып, Қарқаралыда бастапқы кезеңде өзді-өзімен томаға түйық өмір кешті. Омбыдағы өткен 4 жылдық оқудан соңғы Қарқаралыға деген көзқарасы мүлдем басқа: «Мен үшін Қарқаралы қаласы, – дейді Н. Нұрмақов, – айдаладағы ескерусіз, қоршаған дүниеден мақұрым қалған, 95 пайызы қазақтар тұратын ауылға айналды. Шексіз билеп-төстеген патша шенеуніктерінің бар бітіргені – араққа салынып, қарт ойнау, қазақтар арасында ру таласын қоздырып, пайда көру, ашықтан-ашық жеу – міне Қарқаралының қоғамдық өмірінің мәні осындай», – деп ашына жазды (ҚР ОМА, 993: 3).

Әкімшілік қызметтерге араласуға дәрежесі жете түрсе да, Нығмет Нұрмақов мұндай ортадан бойын аулақ ұстап, ағарту ісімен шұғылдана береді. Алайда Омбыдағы кешегі «Бірліктің» мүшелерімен хат-хабар арқылы үзбей байланысып тұрады. Бұл Нығмет үшін Ресейдегі саяси құбылыстарға баға беріп, дүниедегі тыныс - тіршілікті бақылап отыру үшін аса қажет еді. Сондай-ақ Нығмет Нұрмақовқа айрықша әсер еткен, қазақ қоғамындағы әлеуметтік-экономикалық, саяси тіршілігінің айнасы болған қазақ баспасөзі еді. Кешегі өзінің ұстазы санаған Ахмет Байтұрсынұвтың, Қарқаралы өңіріне есімі әйгілі Әлихан Бөкейхановтың, Орынбордан аптасына екі рет басылатын «Қазақ» газетін де үзбей оқыған Нығметтің де ойы қазақтың жоғын жоқтаушы,

ұлтымыздың оқыған зиялыларының мүддесімен бір болды және оның ұлттық саяси өрісінің қалыптасып, дамуына ерекше әсер етті деуге негіз бар.

Нығмет Нұрмақовтың ашық пікірін білдіріп, әділетсіздікке қарсы бой көрсетуі – сұрапыл 1916 жылдың жазы. Маусым жарлығына байланысты қазақтан солдат алуға наразылықтың ушығып тұрған жағдайында Нығмет Нұрмақовтың өзі бас болып, «бір топ жастармен келіп, ауыл болысы оның тілмашы Жағыпар Ібіжановты жерден алып, жерге салады: «Көгендеп алып жатқандарыңның ішінде бірде-бір әлді адамның не баласы, не өзі, не туысы жоқ. Ылғи сормандай кедейлердің жалғызы мен нашарларын құрбандыққа шалыпсыңдар. Осыларың адамгершілікке сия ма? Ар-ұяттарың қайда?!» – дегені, күшпен біраз адамдарды тізімнен алып қалғаны әлі күнге сол арадағы, қазіргі Егіндібұлақ ауданындағы елдің есінде.» – деп жазыпты қарағандылық журналист Рамазан Сағымбеков (Сағымбеков, 1990: 4).

Нұрмақов Нығметтің 1915-1916 жылдардағы өмірі мен қызметін бейнелейтін деректер аз кездеседі. Көзі көрген Сапарғали Бегалиннің айтуынша, «Нығмет майдан жұмысына басшылық етем» деп тілек білдіріп, Қарқаралыдан майданға баратын жігіттерге мың басы болып, өзі тіленіп кетеді. Семейге келген жерде, губерниялық оқу инспекторы Д. Скофковский деген кісі рұқсат бермей Нығметті жұмыстан алып қалған екен. 1916 жылғы маусым жарлығына қарсы Қарқаралы жеріндегі наразылықтың ұйымдасқан түрдегі ұлт-азаттық көтеріліске ұласпауына Алаш қайраткерлерінің ұстанған ымырашылдығы, яғни қызу жүргізілген үгіт-насихатының әсері болды деп ойлаймыз. Көп кешікпей патшаны тақтан тайдырған 1917 жылғы ақпан төңкерісі тағы да Қарқаралы қоғамын беймаза күйге түсірді. «Төңкерістің болғанына сенер-сенбесімізді білмей жүрдік, – дейді Нығмет Нұрмақов. – Екі аптадан соң жан-жақты алынған ақпарлар негізінде шындыққа көзіміз жеткенде есімізді жиып, біз де қимылдауға кірістік» (ҚР ОМА, 993: 3).

14 марта 1928 г. под грифом «совершенно секретно» вышло Постановление Президиума ВЦИКа о лишении права на землепользование и проживание в местах постоянного жительства крупных баев и скотопромышленников с семьями и конфискации их имущества (Хрестоматия, 2017:60). Этим же постановлением права на землепользование и проживание в местах постоянного жительства лишались привилегированные ранее сословия: султаны, волостные управители, а также представители духовенства с семьями с изъятием всего имущества. Выполнить это предписание необходимо было в течении трех месяцев (АПК, 168:38). В постановлении отмечается: «Опыт существования советской власти на окраинах показывает, что бай, манапы и представители сильных родов и бывших привилегированных сословий до сих пор являются непримиримыми врагами советской власти; они всячески препятствуют основным мероприятиям советской власти в ауле и кишлаке, ведут злостную агитацию и разжигают родовую вражду и национальный антагонизм между национальностями

Казахстана; используют при этом родовые отношения и экономическую зависимость бедноты, задерживая тем самым темп экономического и культурного развития указанных национальных республик».

28 августа 1928 г. Центральный исполнительный комитет Казахской АССР принимает постановление «О конфискации скота и имущества крупных баев и феодалов».

Кулаки и баи первой категории по специальному указанию наркома юстиции СССР от 3 февраля 1930 года подлежали немедленному аресту и заключению в концлагеря, а руководители и вдохновители контрреволюционных выступлений приговаривали к расстрелу (ЦГА РК, 1380:10). Оперативным расследованием дела кулаков данной категории занимались «тройка», созданные при ОГПУ. Семьи осужденных подлежали высылке в отдаленные районы (ЦГА РК, 1380:5). Относящиеся к вопросу о ликвидации кулацких хозяйств документы - постановление ЦК ВКП(б) от 30 января 1930 года и постановление ЦИК и СНК СССР, а также РСФСР от 14 февраля 1930 года были приняты, когда раскулачивание кулаков и баев развернулось уже повсеместно. Партийными и советскими органами в республике была начата политическая кампания, направленная на дискредитацию казахских баев, представлявшая их в качестве «врагов» казахского народа.

Многие из перечисленных предпринимателей были осуждены по печально известной статье 58-й УК РСФСР и подверглись политическим репрессиям за помощь и связь с партией «Алаш». Все имущество было национализировано и баи вместе с членами семьи подлежали высылке.

Так, например, 15 октября 1928 года Акаеву Хасену предъявлено обвинение по пунктам 7-вредительство и 10 – антисоветская агитация и пропаганда статьи 58-й УК РСФСР. 15 марта 1929 года Особое совещание коллегии ОГПУ постановило «выслать Хасена Акаева из Каркаралинского уезда, лишив его права проживания в Москве, Ленинграде, Киеве, Харькове, Одессе, Ростове-на-Дону, означенных губерниях и Средней Азии сроком на 3 года». По некоторым данным, Акаев последние годы жизни провел в Петропавловске и Башкирии. Умер в Петропавловске в 1931 году (Попов, 2007:6). Хасен Акаев был реабилитирован в 1989 году. 26 апреля 1989 года прокурор Карагандинской области вынес постановление: «Хасен Акаев, осужденный по статье 58-10 Уголовного кодекса подпадает под действие Указа Президиума Верховного Совета СССР от 16 января 1989 года «О дополнительных мерах по восстановлению справедливости в отношении жертв репрессий, имевших место в период 30-40-х годов и начале 50-х годов». Итак, Хасен Акаев реабилитирован.

Но судьбы большинства предпринимателей, баев, купцов остались не известны для истории. Настало время восстановить этот пробел в истории страны.

В заключении отметим, что темпы развития меценатства и благотворительности как социального явления во второй половине XIX - начале XX столетия определялись объективными и субъективными предпосылками. К объективным относятся постепенное вовлечение казахского края в сферу капиталистических отношений, что отразилось на появлении и развитии товарно-денежных отношений. Натуральный обмен существовавший у кочевников долгое время вытесняется денежным эквивалентом, что благоприятно сказалось на финансовом положении баев и купеческих династий. Они сформировали капиталы, впоследствии служившие источником благотворительных вложений в социальную сферу, культуру. К социально-культурным предпосылкам можно отнести культурный подъем, появление новых направлений в различных областях искусства, несмотря на то, что в соответствии с постулатами советской идеологии, никакой культуры у казахов в досоветский период, якобы, не было и что она появилась исключительно после 1917 года. К предпосылкам можно отнести влияние культуры на формирование личностей меценатов, а также их близость к народной культуре, традициям, обычаям, образу мышления отцов и дедов. К социально-религиозным предпосылкам можно отнести тот факт, что многие баи были верующими-мусульманами, представители купеческих династий являлись верующими-православными или старообрядцами и имели устойчивые связи с этой общиной. Исламские и православные постулаты в тот досоветский период играли

большую роль в семейных традициях, особенно первых поколений предпринимателей. Конечно, ряд благотворителей и меценатов вряд ли можно охарактеризовать как верующих. Тем не менее, семьи, родители будущих меценатов наложили отпечаток на эту сторону их сознания, поведения, ведь любовь к ближнему, сострадание воспитывается и прививается прежде всего в семье, где религиозный статус не всегда является определяющим, на первое место ставятся общечеловеческие принципы.

К субъективным показателям явления меценатства и благотворительности отнесем личностные характеристики баев и купцов - предпринимателей, определившие направления их социальной деятельности, а также ее масштабы.

Конечно, мы далеки от идеализации деятельности отечественных благотворителей и меценатов рассматриваемого периода в стремлении показать первостепенность моральных и религиозных устремлений. Все конечно, индивидуально. Объективно подходить к вопросу можно с уверенностью сказать, что являясь предпринимателями, все они в первую очередь руководствовались прежде всего интересами дела, которое и являлось источником благотворительных вложений в социальную сферу, культуру.

Как мы видим, в ходе государственной политики по ликвидации института байства в республике были подвергнуты репрессивным действиям в основном наиболее предприимчивые, грамотные, авторитетные представители элитной верхушки аула, неформальные лидеры казахского аульного населения, обладавшие как крупными, так и средними хозяйствами и вносящими посильный вклад в развитие культуры казахского народа, равнодушные к судьбе своего народа. Все средства казахских баев, купцов, частных благотворительных организаций были в короткие сроки национализированы, их имущество передано государству, а сами организации упразднены специальными декретами.

Наша задача восстановить историческое прошлое, не забывая никого, независимо от социального статуса, вероисповедания, национальности.

Литература:

- Абилов К.Ж. Торговые дома как форма организации предпринимательской деятельности в дореволюционном Казахстане. // Вестник КазНУ. Серия история. 2005. № 1 (36). С. 61-64.
Архив Президента Республики Казахстан (АП РК) Ф.141. Оп.1. Д.1687. Л. 38-41.
Аполлова Н.Г. Хозяйственное освоение Прииртышья в к. XVI – первой половине XIX вв. М.: Наука, 1976. 380 с.
Галиев В.З. Медицинская деятельность ссыльных революционеров в Казахстане (вторая половина XIX в.). Алма-Ата, 1982.
Жубанов А.К. Соловьи столетий. Алма-Ата, 1963. С. 53
Зиманов С.З, Атишев А.А. Политические взгляды Чокана Валиханова. Алма-Ата Наука, 1965 С.61
История Казахстана с древнейших времен до наших дней. В 5т. Т. 3. С. 515.
История Казахстана. Документы и материалы. (1917-2012). Астана, 2017. С. 60
История колонизации Казахстана в 20-60-х годах XIX в. Алматы «Мектеп», 2009. С.227.
Казахи. В 9 томах. Том.2. Алматы.2003. 460 с.
Казахстанская правда. 6 февраля 2018.
Касымбаев Ж. Государственные деятели казахских ханств ХУШ-первой половины XIX вв. Жангир хан (1801-1845). Т. 4. Алматы. Наш Мир, 2001. С. 24.
Маргулан А. Х. Шокан туралы естеліктер Алматы Ғылым, 1983; Чокан Ш. Четыре времени жизни. Алматы, 1992 С 266.
Материалы по истории Казахской ССР под ред. Вяткина М.П. Алма-Ата, 1948. Т. IV. С.87.
Попов Ю. Хасен Акаев. Индустриальная Караганда. 2007. 8 сент. С. 6; 15 сент. С. 6.; 22 сент. С. 6; 25 сент. С. 5.
Рахметуллин Е. Жизнь и судьба казахских меценатов первой половины XX века. Источник: <https://e-history.kz/ru/publications/view/1391> (просмотрено: 23.03.2020)
Садыков Е.Б. Кунанбай. Серия «ЖЗЛ». М., «Молодая гвардия», 2019. С. 49.
Султан Хан Аккулы Бай-меценаты казахской степи и их роль в национальном возрождении казахов // Central Asia Monitor 1.04.2015.
Центральный государственный архив Республики Казахстан (ЦГА РК). Ф. 1380, оп.1, д. 243, л. 10.

References:

- Abilov K.ZH. Torgovyye doma kak forma organizatsii predprinimatel'skoy deyatel'nosti v dorevolutsionnom Kazakhstane. // Vestnik KazNU. Seriya istoriya. 2005. № 1 (36). S. 61-64.
- Arhiv Prezidenta Respubliki Kazakhstan (AP RK) F. 141. Op. 1. D.1 687. L. 38-41.
- Apollova N.G. Khozyaystvennoye osvoyeniye Priirtysh'ya v k. XVI – p.p. XIX vv. M.: Nauka, 1976. 380 s.
- Galiyev V.Z. Meditsinskaya deyatel'nost' ssyl'nykh revolyutsionerov v Kazakhstane (vtoraya polovina KH1KH v.). Alma-Ata, 1982.
- Zhubanov A.K. Solov'i stoletiy. Alma-Ata, 1963. S. 53
- Zimanov S.Z., Atishev A.A. Politicheskiye vzglyady Chokana Valikhanova. Alma-Ata Nauka, 1965. S. 61
- Istoriya Kazakhstana s drevneyshikh vremen do nashikh dney. V 5t. T.3. S. 515.
- Istoriya Kazakhstana. Dokumenty i materialy. (1917-2012). Astana, 2017. S.60
- Istoriya kolonizatsii Kazakhstana v 20-60-kh godakh XIX v. Almaty: «Mektep», 2009. S. 227.
- Kazakhi. V 9 t. Tom.2. Almaty. 2003. 460 s.
- Kazakhstanskaya pravda. 6 fevralya 2018.
- Kasymbayev ZH. Gosudarstvennyye deyateli kazakhskikh khanstv XVIII- pervoy poloviny XIX vv. Zhangir khan (1801-1845). T. 4. Almaty: Nash Mir, 2001. S. 24.
- Margulan A. X. Shokan turaly yestelnkter Almaty Gylym, 1983; Chokin SH. Chetyre vremeni zhizni Almaty ,1992 S. 266.
- Materialy po istorii Kazakhskoy SSR pod red. Vyatkina M.P. A., 1948. T.IV. S.87.
- Popov YU. Khasen Akayev. Industrial'naya Karaganda 2007. 8 sent. S. 6; 15 cent. S. 6; 22 sent. S 6; 25 sent. S.5.
- Sadykov Ye.B. Kunanbay. Seriya «ZHZZL». M., «Molodaya gvardiya», 2019. S.49.
- Rakhmetullin Ye. Zhizn' i sud'ba kazakhskikh metsenatov pervoy poloviny XX veka. Istochnik: <https://e-history.kz/ru/publications/view/1391> (prosmotreno: 23.03.2020)
- Sadykov Ye.B. Kunanbay. Seriya «ZHZZL». M., «Molodaya gvardiya», 2019. S.49.
- Sultan Khan Akkuly Bai-metsenaty kazakhskoy stepi i ikh rol' v natsional'nom vozrozhdenii kazakhov //Central Asia Monitor 1.04.2015.
- Tsentral'nyy gosudarstvennyy arkhiv Respubliki Kazakhstan (TSGA RK) F.1380. Op. 1. D. 243. L. 10.

**КЕҢЕС ДӘУІРІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ
ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА В СОВЕТСКИЙ ПЕРИОД
KAZAKHSTAN HISTORY IN SOVIET PERIOD**

ҒТАХР 03.20

**КЕҢЕС ОДАҒЫНДАҒЫ ИНДУСТРИАЛАНДЫРУ САЯСАТЫНА
ҰЛТ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ҚАРСЫЛЫҒЫ**

Шілдебай Сәбит Қамытбекұлы

Тарих ғылымдарының кандидаты,
ЖҒҚ. Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,
Алматы қ. E-mail: S.Shildebai@mail.ru

Түйіндеме. Мақала КСРО-да жүргізілген индустриаландыру саясаты мен оған қатысты айтыстарға, индустриаландырудың отарлық сипатына қарсы ұлт қайраткерлерінің күресі тарихына арналды. БК(б)П ОК жүргізген индустриаландыру саясатына балама ретінде басқаша экономикалық даму жолдарын ұсынған саяси қайраткерлер мен ғалымдардың идеялары және олардың қуғындалуы талдауға алынды. РКФСР ХКК төрағасының орынбасары Т. Рысқұловтың РКФСР құрамындағы ұлттық республикалар мен облыстардың өкілдерімен өткізген «жеке кеңесінің» материалдары талданды. Т. Рысқұлов өткізген жеке кеңес шешімдерін жоққа шығару үшін Ф.И. Голощекиннің арнайы мәжіліс ұйымдастырып, кеңеске қатысқан қазақ қайраткерлерін қуғындауы нақты фактілермен көрсетілді. С. Садуақасовтың шикізат маңынан өнеркәсіп салынуы тиіс деген пікірі көрсетілді.

Кілт сөздер: ҚАКСР, индустриаландыру, Сталин, Рысқұлов, Садуақасов, кәсіпорындар, жеке кеңес, ұлт саясаты.

МРНТИ 03.20

**ПРОТИВОСТОЯНИЕ НАЦИОНАЛЬНЫХ ДЕЯТЕЛЕЙ
ИНДУСТРИАЛЬНОЙ ПОЛИТИКЕ СОВЕТСКОГО СОЮЗА**

Шилдебай Сабит Камытбекұлы

Кандидат исторических наук, ВНС.
Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова,
г. Алматы. E-mail: S.Shildebai@mail.ru

Аннотация. Статья посвящена истории политики индустриализации и дискуссии в СССР и противостоянии национальных деятелей к колониальному характеру индустриализации. Проанализированы идеи политиков и ученых, предложивших различные пути экономического развития в качестве альтернативы политике индустриализации ЦК ВКП(б) и история их репрессии. Были изучены материалы частного совещания националов, проведенного заместителем председателя СНК РСФСР Т. Рыскулова с представителями национальных республик и областей РСФСР. Приведены конкретные факты организации Ф.И. Голощекиным совещания в Казахстане, чтобы отменить решения совещания Т. Рыскулова и преследования казахских деятелей, принявших участие в нем. Также отражается мнение С. Садуақасова, что промышленность должна строиться вокруг сырья.

Ключевые слова: КАССР, индустриализация, Сталин, Рыскулов, Садуақасов, предприятие, частный совет, национальная политика.

IRSTI 03.20

THE CONFLICT OF NATIONAL FIGURES TO THE INDUSTRIAL POLICY OF THE SOVIET UNION

Shildebay Sabit

candidate's (Ph.D.) degree in historical sciences,
CH. Valikhanov Institute of history and ethnology,
Almaty. E-mail: S.Shildebai@mail.ru

Abstract. The article is devoted to the policy of industrialization history in the USSR and the confrontation of national figures with the colonial nature of industrialization. The ideas of politicians and scholars who proposed various ways of economic development as an alternative to the policy of industrialization under the guidance of the Central Committee of the All-Union Communist Party of Bolsheviks and the history of their repression were analyzed. The materials of a private meeting of nationals held by the deputy chairman of the SNK of the RSFSR T. Ryskulov with representatives of the national republics and regions of the RSFSR were also researched. Specific facts of the F.I. Goloshchekin extended meeting organization in Kazakhstan to reverse the decisions of a private meeting held by T. Ryskulov and the persecution of Kazakh leaders who took part in those council. S. Saduakasov's opinion is also reflected that the industry should be built around raw materials.

Key words: KASSR, industrialization, Stalin, Ryskulov, Saduakasov, enterprise, private council, national policy.

Кіріспе. Бүгінгі таңда, дүниежүзінің тарихшылары тарапынан социалистік жүйенің тарихын танып-білуге деген ерекше талпыныс байқалып отыр. Мұны, бұрынғы Батыс елдерінде жұмыс істеген советология орталықтарының негізінен кеңестік идеологияға қарсы жұмыс істеп, оның тарихын объективті тануға ұмтылмағанымен де түсіндіруге болады. Кеңес империясы құлаған 1991 жылдан бері әлем тарихшылары посткеңестік республикалардың тарихы мен жоспарлы экономиканың тарихын терең зерттеуге көшті. Себебі, осы уақытқа дейін өмір сүрген либералдық, фашистік және социалистік жүйенің алдыңғы екеуінің тарихы Батыс тарихшылары тарапынан кешенді түрде зерттелген еді. Ал социалистік жүйе өмір сүріп тұрған кезеңде барлық жұмыс оны құлатуға қарсы бағыттталып, объективті зерттеуге басымдық берілмеген болатын.

КСРО ыдырап, одақтас республикалардың тәуелсіздік алғанына да отыз жылдың жүзі болып қалды. Бірақ, тәуелсіз мемлекетке айналған елдердің ішінде индустриалық революция жасап, алға қарай дамып кеткен мемлекет жоқ. Соның ішінде, біздің отанымыз – Қазақстан Республикасы да айтулы индустриалық-инновациялық жетістіктерге қол жеткізе алған жоқ. Барлық бастамалардың ішінде тек қана азық-түлік саласында ғана көз көрерлік жаңалықтар бар. Сондықтан, XX ғасырдың 20-30 жылдары Елімізде жүргізілген индустриаландыру саясаты мен оның нәтижелері, қазақ өлкесіндегі индустриаландыруға байланысты Орталық билік саясатының отарлық сипаты және оған қазақ қайраткерлері көрсеткен қарсылық тарихы арнайы зерттеуді қажет ететін өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Материалдар мен зерттеу әдістері. Мақала мазмұны таза тарихи зерттеу немесе тарихнамалық талдау жанрына құрылмағандықтан, мәселенің тарихы мен оның тарихнамасындағы тарихи ойды қатар қарастыруға тура келді. Сондықтан, бір мезетте тарихнамалық фактілер және тарихи материалдар мен деректерді қатар қолдандық. Олардың қатарында тақырыпқа қатысты тарихи зерттеулер, құжаттар мен материалдар жинақтары, архив құжаттары да бар.

Мақаланың методологиялық негізін объективтілік, тарихилық, жүйелілік сияқты ғылыми танымның маңызды принциптері құрайды. Социалистік жүйе тарихын бүгінгі күн тұрғысынан қарай отырып, салыстырмалы тарихи талдау әдісін қолдандық. Мәселеге тереңдеу үшін, тарихи процесті диалектикалық тұрғыдан қарай отырып, социалистік жүйе мен либерализм тарихындағы өндірістік даму тарихын өзара салыстыру арқылы, екі саяси жүйенің дамуына негіз болған түрлі экономикалық

даму бағыттарының басымдықтары мен кемшіліктерін анықтауға ұмтылды. Әрине, бір мақала шеңберінде барлық сұрақтарға жауап таба алдық деуден аулақпыз. Бірақ, социалистік индустриаландырудың прогрессивті жақтарын нарықтық экономика жағдайында пайдалану мүмкіндіктері туралы зерттеулер жүргізу қажет деген қорытынды айтамыз.

Талқылау. КСРО ыдырағаннан кейінгі алғашқы онжылдықта посткеңестік Ресей тарихшылары кеңестік жүйе мен Компартияның саясатын, сталинизмді жаппай сынауға көшті. Ресейде билік басына В.В. Путин келгеннен кейінгі кезеңде И.В. Сталинге қатысты көзқарас біртіндеп өзгеріп, оны ұлы мемлекет қайраткері ретінде қарастыру басымдыққа ие болды. Бұл үрдіс – бүгін де жалғасуда. 1921–1925 жылдардағы халық шаруашылығын қалпына келтіру кезеңінен кейін басталған индустриаландыру және жаппай ұжымдастыру саясаты тарихын зерттеу де жаңа мұрағат құжаттарын ғылыми айналымға тарту арқылы жаңа сапаға көтерілді. КСРО-ның болашақ экономикалық даму бағытына қатысты индустриаландыру мен аграрландыру теориялары (Струмилин, 1927). Саяси бюродағы билік үшін күреспен астасып, ақыры «маркстілдердің» жеңісімен аяқталғаны белгілі. Міне, осы кезеңде Ресейдің автономиясы болған Қазақстандағы экономикалық мәселелер мен индустриаландыру тарихын зерттеу бүгінгі таңда да өзінің өзектілігін жойған жоқ. Ол бүгінгі таңда Қазақстанда жүріп жатқан экономикалық реформалар мен модернизация мазмұнын тереңірек түсіну үшін де аса қажет.

Посткеңестік республикалар экономикалық реформалар жүргізе отырып жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшу кезеңінде «экономикалық статика мен динамиканың» негізгі заңдылықтарын қорғаған Н.Д. Кондратьев, А.В. Чаянов, Л.Н.Юровский сияқты экономист ғалымдардың бағыты дұрыс болған екен деген қоғамдық пікір қалыптасқаны белгілі. Керісінше, Кеңестер Одағын технологиялық артта қалушылықтан алып шыққан, екінші дүниежүзілік соғысқа даяр еткен экономиканың жоспарлау әдісін қателік деп бағалап, оның тиімді жақтары қарастырылмады.

Әрине, орыстың көрнекті ғалымы, экономист, теоретик, статистик Н.Д. Кондратьевтің экономикалық зерттеулері ерекше назар аударуды қажет етеді. Ол ХХ ғасырдың 20-шы жылдарының екінші жартысында-ақ индикативті жоспарлау тұжырымына келген болатын. И.В. Сталиннің индустриаландыру саясатына қарсы ғылыми пікір ұсынған Н.Д. Кондратьев 1928 жылы институт директорлығынан қуылса, 1930-шы жылдары қуғын-сүргінге ұшырады. Ол түрмеде отырып, тепе-теңдік, статика мен динамика, цикл және дағдарыс теориялары сияқты экономикалық дамудың базалық мәселелері жөніндегі іргелі еңбегін жазуды одан әрі жалғастырды. Өкінішке орай, оның көптомдық еңбегінің бір бөлігі ғана сақталып, КСРО-ның ыдырауы қарсаңында «Экономикалық статика мен динамиканың негізгі мәселелері» деген атпен жарық көрді (Кондратьев, 1991). Н.Д. Кондратьевтің негізгі теориялық және ғылыми жетістігі – үлкен циклдар немесе «ұзын толқындар» теориясын ашуы еді. Оның ең белгілі еңбегі «Конъюнктураның үлкен циклдары және көріпкелдік теориясы» деп аталды (Кондратьев, 2015). Ол осы еңбегінде экономикада үлкен циклдардың болатынын, экономиканы жоспар арқылы бір бағытта дамыта берудің мүмкін еместігін, экономиканың толқынды заңдылығы болатынын негіздеді. Н.Д. Кондратьев шаруашылық жүйесінің белгілі бір кезеңде дағдарысқа ұшырайтынын немесе тығырыққа тірелетінін, одан шығу үшін міндетті түрде технологиялық база мен өндірістік аппаратты жаңартып, шаруашылық механизмдері мен ұйымдық құрылымды қайта құру қажеттігін анықтады. Ол сонымен қатар, экономиканың тұрақты бір жағдайынан келесі тұрақты жағдайға көшуге мүмкіндік беретін, ұзақ мерзімді тербелістерді қамтамасыз ететін әлеуметтік-экономикалық жүйені құру мүмкін деп есептеді. Біздің ойымызша, бұл қазіргі экономикалық дамудың қытайлық үлгісі болса керек.

Бірақ, Н.Д. Кондратьев, А.В. Чаянов, Л.Н. Юровский сияқты экономист ғалымдардың пікірлері есепке алынбады. БК(б)П ОК-нің экономикалық саясатының дұрыстығын негіздеп, оның жарқын болашағын дәріптеген С.Л. Фридманның (Фридман, 1928), П.М. Керженцев (Керженцев, 1932) сияқты ғалымдардың еңбектері

жарық көріп жатты.

Индустриаландыру саясатының жарқын жетістіктерін дәріптеу Ұлы Отан соғысы жылдарынан кейін де өз жалғасын тапты. Қазақстандық С.Б. Бәйішевтің (Баишев, 1949), И. Ерғазиевтің (Ерғазиев, 1954) еңбектерінде индустриаландыруға біржақты баға берілді. Оның тек жағымды жақтары көрсетіліп, қарама-қайшылықтары мен кемшіліктері қарастырылмады. Сондай-ақ, С.Б. Бәйішевтің басқаруымен жарық көрген екі томдық «Қазақ КСР-індегі индустриаландыру тарихы» атты құжаттар мен материалдар жинағы (История, 1967а; История, 1967б) индустриаландыру тарихының жетістіктерін көрсетуге құрылды. Одан кейінгі жылдары жарық көрген А.Ф. Хавиннің (Хавин, 1962), В.С. Лельчуктің (Лельчук, 1984) еңбектері де коммунистік идеология шеңберінен шыға алмады. Кеңес заманында индустриаландыру тарихына қатысты жарық көрген еңбектерге оны дәріптеу тән болса, КСРО ыдырағаннан кейінгі алғашқы онжылдықта индустриаландыру тарихын біржақты қарап, оның бас авторы мен Компартияны жазғыру етек алды.

Сондықтан, индустриаландыру тарихнамасына осындай қысқаша шолу жасай отырып, адамзат тарихында болған аса ірі өндірістік модернизация тарихын кешенді зерттеу қажеттігін айтқымыз келген болатын.

Нәтижелері. Қоғамдық ғылым салалары соңғы 28 жылда Кеңес империясының ыдырау себебін түсіндіруге барынша тырысып келеді. Сонымен қатар, халықаралық аренада беделі бар белгілі саясаткерлер де осы мәселеге байланысты өз көзқарастарын білдіруде. Соның көпшілігі, КСРО-ның ыдырауын оның жоспарлауға негізделген мешуе экономикасынан көреді. БК(б)П ОК-нің ұлт мәселесіне қатысты жүргізген саясаты көбінесе ескерілмейді, ескерілсе де екінші кезекте.

Бүгінгі күннің тұрғысынан алып қарағанда, тарих ғылымы өткен күннің тәжірибесі мен бүгінгі күннің кемшіліктері негізінде тарихи процестерді қорытып, құбылыстар мен оқиғаларды түсіндіретін сияқты. Кеңестік кезеннің тарихын бүгінгі ұлтсыздық пен тапсыздық жайлаған, қағазбастылық бюрократия мен нарықтық экономика орнаған мемлекетте отырып саралау, тәуелсіздіктің буымен алғашқы кезде тарихшылар жабыла жамандаған құбылыстарды қайта қорыту, оқиғалардың себептері мен сырын объективті түсінуге ұмтылу аса маңызды.

Кеңестер Одағында жүргізілген индустриаландыру саясаты әлемде қалыптасқан саяси және экономикалық жағдайларға тікелей байланысты еді. Бірінші дүниежүзілік соғыстың Германия мен протекторат елдерге қатысты әділетсіз қорытындылары, Версаль-Вашингтон жүйесінің милитаристік сипаты және Ұлттар Лигасының антикоминтерндік қызметі жаңа дүниежүзілік соғысқа тарихи алғышарттар қалыптастырып берді.

Алғашқы кезде, Ресейдегі социалистік революция дүниежүзілік социалистік революцияға ұласады деген В.И. Лениннің тұжырымына сәйкес әлеуметтік құрылыстары әр түрлі елдермен бейбіт қатар өмір сүру тұжырымдамасы И.В. Сталин басшылыққа келе салысымен-ақ агрессиялық сипатқа ие болды. И.В. Сталин үкіметі алғашқы күндерден-ақ: «бізді айнала капиталистік жау мемлекеттер қоршап тұр, олардың бар арманы жас социалистік мемлекетті құлату» деп жариялады. Кеңес мемлекеті осы тұжырым негізінде «өзін-өзі сақтап қалу үшін» милитаристік жолға түсуі тиіс болды. Ол үшін индустриаландыруды тездетіп жүргізу қажет еді.

1925 жылдың соңына таман Кеңес Одағында халық шаруашылығын қалпына келтіру негізінен аяқталды. 1925 жылы ірі өнеркәсіп соғысқа дейінгі көлемнің 75 %-ын, ал ауыл шаруашылығы 87 %-ын берді. Оның ішінде, мемлекеттік және кооперативтік өндіріс ішкі жалпы өнімнің 81 %-ына тең келсе, жеке сектор 19 %-ға тең келді (Соловьев, 1983:200). Партия басшылығы социалистік құрылыс жоспарының келесі сатысы болып табылатын социалистік индустриаландыруды жүзеге асыратын уақыт жетті деп есептеді.

КСРО-да социалистік индустриаландыру бағытын 1925 жылы 18–31 желтоқсан күндері Москвада өткен Компартияның XIV съезі жүзеге асыру қажет деп тапты. Съезд экономикалық құрылыс саласындағы жетістіктерді айта келіп, «КСРО-ның әлемдік капиталистік шаруашылықтың жемтігіне айналуудан сақтау үшін КСРО-ның экономикалық дербестігін қамтамасыз ету қажет, ол үшін елді индустриаландыру

бағытына көшу қажет» (История, 1969:21-22), - деген нұсқау берілді. Жұмысшылар мен шаруалардың алдына КСРО-ны машина мен қондырғыларды тасушы елден машиналар мен қондырғыларды шығарушы елге айналдыру міндеті қойылды. Мұндай жаңа экономикалық бағытты қолдамаған БК(б)П ОК Саяси бюросының мүшелері Г.Е. Зиновьев пен Л.Б. Каменев троцкизм негізінде пайда болған «жаңа оппозиция» ретінде айыпталып, съезде жеңіліс тапты. Г.Е. Зиновьевке тірек болған БК(б)П Ленинград ұйымы да артынша Орталық комитетті жақтап шықты.

Ресейлік тарихшы К. Писаренконың «Саяси бюродағы отыз жылдық күрес» атты монографиясында (Писаренко, 2006) Саяси бюро мүшелерінің арасындағы билік үшін болған күрес тарихы нақты мұрағат құжаттарының негізінде ашылған. Зерттеуші 1926 жылдың басында құрылған Л.Д. Троцкий және Л.Б. Каменев пен Г.Е. Зиновьевтің оппозициялық блогы И.В. Сталин мен Л.Д. Троцкий арасындағы құпия ымыраласудан кейін жүзеге асқан деген қорытынды жасайды. Себебі, 1923–1925 жылдары өзіне қарсы күрескен Л.Б. Каменев пен Г.Е. Зиновьевті толық талқандап, И.В. Сталинді «екінші Ленин» дәрежесіне көтермесе, Компартияның фракцияларға бөлініп ыдырау қаупі болды деген жорамал жасайды. Қалай дегенмен де, зерттеушінің осы бір пікірі шындыққа жанасатын сияқты. Өйткені, атышулы «үш көсемге» қарсы күресте Саяси бюро мүшелері түгелдей И.В. Сталинді жақтап, оның партия ішіндегі беделі бұрын-соңды болмаған деңгейге көтерілді.

1926 жылы 14-23 шілде аралығында өткен БК(б)П-ның пленумында В.И. Лениннің ізбасарларының бірі Г.Е. Зиновьев Саяси бюро құрамынан шығарылып тасталды (Писаренко, 2006:197). Көп ұзамай, Қазан төңкерісінің 10 жылдығы қарсаңында БК(б)П ОК-не қарсы демонстрациялық әрекеттер жасағаны үшін, 1926 жылы 23 қазанда өткен Пленумда Л.Д. Троцкий Саяси бюро мүшелігінен, ал Л.Б. Каменев мүшелікке кандидаттықтан шығарылып тасталды (Писаренко, 2006:198).

Осылайша, КСРО-ның болашақ шаруашылық және экономикалық даму бағыты тікелей И.В. Сталиннің билігіне тәуелді болып қалды. И.В. Сталин жаңа экономикалық саясат жылдарында қалыптасқан «нэпмандар» мен «совбурларға» қарсы жалпыхалықтық наразылықты өзінің мақсатына шебер пайдалана отырып, елді индустриаландыруды ашық бастауға шешім қабылдады. Саяси биліктегі «екінші Лениннің» бұл шешімін 1926 жылы 26 қазан мен 3 қараша аралығында өткен БК(б)П-ның XV конференциясы толық қоштап шықты. Оған жаңа экономикалық саясаттың нәтижесінде КСРО экономикасының 1913 жылғы деңгейге жетуі, халықтың әл-ауқатының түзелуі де негіз болды. XV партконференция 3-қараша күні қабылдаған «Елдің шаруашылық жағдайы және партияның міндеттері туралы» қарарда капиталистік елдер қоршауында отырған, техникалық және экономикалық жағынан артта қалған КСРО-ны дамыту үшін шаруашылық дамудың барлық қозғаушы күштерін нақты есепке ала отырып, елдің экономикасына мемлекеттің дер кезінде араласуы қажет делінді (История, 1969:23). Осы жол – социализмге апаратын жоспарлы дамуды қамтамасыз етуі тиіс болды. Партконференция елде индустриаландыруды жүзеге асыруды нақты міндет етіп белгіледі және троцкийшіл-зиновьевшіл оппозицияны айыптап, болашақта меньшевиктік әрекетті қайталаса партия қатарынан шығарылатыны ескертілді.

Осылайша, КСРО-ны индустриаландыру мемлекеттік көлемдегі науқанға айналуы тиіс болды. Мемлекеттік биліктің жоғарғы эшалонындағы билік үшін күрес жағдайында елдегі осындай күрделі экономикалық міндетті орындап шығу үшін барлық күш түгел жұмылдырылуы керек еді. Компартияның саяси (кеңестендіру) және шаруашылық бағыты ұлттық республикалар мен автономияларға да ортақ болатын. Орталық билік үшін маңызды болып табылатын науқандардың көлеңкесінде қалған ұлт мәселесі әбден шиеленісіп, шешім таппағаны аз болғандай, енді кешегі патшалық Ресей кезінде орнаған отаршылдық саясат жаңа түр мен мазмұнға ие болған кеңестік кезеңде ұлт аймақтарының мүддесі мүлдем ескерілмей, Орталықтың өнеркәсіп аудандары үшін шикізат базасы болудан басқа жол қалмағандай еді. Мәселенің осындай астары мен мазмұнын түсінетін қайраткерлер ұлт аймақтарында өте аз болатын. Сондай қайраткерлердің бірі де бірегейі, атышулы «пантүркист», 1926 жылдың 31 мамырынан РКФСР Халық комиссарлар кеңесі төрағасының орынбасары

қызметін атқарып отырған Тұрар Рысқұлов еді.

1923 жылы 17-25 сәуір аралығында өткен РК(б)П XII съезі қабылдаған «партиялық және мемлекеттік құрылыстағы ұлттық мәселелер» жөніндегі қарар шешімдерін шынайы жүзеге асыруды талап етудің қаншалықты қатерлі екендігін 1923 жылы 9-12 маусым аралығында болып өткен IV Ұлттық кеңестегі М.Х. Сұлтан-Ғалиевтің тағдыры анық көрсетіп берді (Қоңыратбаев, 1994:357-370). «М.Х. Сұлтан-Ғалиевтің ісі» дегеніміз – ұлттық республикалардың шынайы егемендігін талап етуші әрбір ұлт аймақтарының қайраткерлеріне жасалған қатаң ескерту болатын. Оны сол IV Ұлттық кеңесте-ақ М.Х. Сұлтан-Ғалиевтің пікірлесі ретінде айыпталған Т. Рысқұлов жақсы түсінген еді. Содан бері өткен үш жыл ішінде КСРО-дағы ұлт мәселесінің қыр-сыры мен И.В. Сталиннің ұлт аймақтарына қатысты саясатын қапысыз түсінген Т. Рысқұлов басын жаңа қатерге тіге отырып, 1926 жылы 12-14 қараша күндері Москвадағы XV партконференция мен оның артынша шақырылған БОАК сессиясына жиналған ұлт аймақтары өкілдерінің басын қосып, кеңес өткізді.

Т. Рысқұлов кеңесті өткізу үшін өзі мүшесі болып табылатын «РКФСР, РКФСР құрамындағы ұлттық республикалар мен облыстық органдардың құрылысы» мәселесі жөніндегі комиссияның (РЭСТМА, 564:5) құқығын пайдалана отырып, Москва қаласына XV партконференцияға және оның артынша РКФСР БОАК-нің кезекті сессиясына келген ұлт аймақтарының өкілдерін жинаған еді. «Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті Төралқасы жанындағы Ұлттар бөлімі және РКФСР Халкомкеңесі төрағасының орынбасары Рысқұлов жолдастың бастамасы бойынша шақырылған ұлт өкілдерінің – БОАК пен КСРО ОАК мүшелері және ұлттық шет аймақтардың басқа да өкілдерінің жеке кеңесі» деген атпен құпия құжат ретінде хатталған аталмыш кеңес стенограммасы белгілі баспагер-тарихшы М. Қазыбек пен тарихшы-ғалым Ғ. Маймақовтың «Құпия кеңестер» атты еңбегінде (Қазыбек, Маймақов, 1999) қазақ тіліне аударылып, ғылыми айналымға тартылған болатын. Т. Рысқұлов өткізген ұлт өкілдерінің жеке кеңесінің стенограммасы мен кеңес ұсынысынан оның мақсатын анық түсінуге болады.

Ұлт өкілдерінің жеке кеңесіне қатысушыларды тіркеу қағазына барлығы – 49 адам тіркелген (Қазыбек, Маймақов, 1999:80-83). Кеңесті өткізген Т. Рысқұловты қоса есептегенде 50 адам. Олардың барлығы да партия мүшелері. Кеңеске қатысушыларды ұлт аймақтарына қарай жіктесек, Мари облысынан 2 адам; Башкириядан 3 адам; Ингушетиядан 1 адам; Поволжье немістері АКСР-нан 2 адам; Қырғызстаннан – 3; Татарстаннан – 4; Ойратиядан – 1; Қырым АКСР-нан – 3; Қарашай облысынан – 2; Чуваш АКСР-нан – 2; Солтүстік Осетиядан – 2; Дағыстаннан – 2; Якут АКСР-нан – 1; Бурят-монғол АКСР-нан - 1; Қалмақ автономиялы облысынан – 1; Қазақстаннан 9 өкіл және Москвадағы Т. Рысқұлов, С. Асфендияров, С. Меңдешевтерді қосқанда барлығы 12 қазақ қатысты. Сонымен қатар, РКФСР-дың Росселбанк, ЭКОСО, БОАК, Әлеуметтік қамсыздандыру халкоматы, Әділет халкоматы, Ағарту халкоматы сияқты мекемелердің өкілдері де қатысты (Қазыбек, Маймақов, 1999:80).

Кеңесті ашқан Т. Рысқұлов оның шақырылу себебі мен мақсатын қысқаша түсіндіре отырып, ұлт өкілдерінің назарын күн тәртібіне ұсынылатын 5 мәселеге аударды:

«1) Калинин жолдастың комиссиясының жұмысына байланысты мәселелер. Бұл комиссияның жұмыстары туралы сіздер, сірә, барлықтарыңыз білетін шығарсыздар, комиссияның аты «РКФСР-дің, ұлттық республикалар мен облыстардың құрылысы жөніндегі комиссия» деп аталады. Комиссияның міндеті РКФСР мен Одақтың өзара қарым-қатынасында орын алып отырған конституциялық және ұйымдастырушылық сипаттағы, сондай-ақ РКФСР-дің өзінің құрамына кіретін ұлттық республикалар және облыстармен өзара қарым-қатынасының көптеген мәселелерін тексеріп, талдау жасау; бұл комиссия өз жұмыстарында құрылыс мәселесін де қамтиды, бірақ комиссияның негізгі жұмысы конституциялық-құқықтық мәселелер төңірегіне шоғырландырылған. Комиссияның осындай атқарып отырған жұмысына байланысты жекелеген ұлт өкілдерінің бұл комиссияға ұлт аймақтары мәселелері жөнінде жасаған бірсыпыра ұсыныстары бар. Бұл ұсыныстар дұрыс па, я болмаса бұл ұсыныстарды тағы да қосып және толықтырып немесе кеңейту керек пе – міне осы мәселелер төңірегінде пікір

алмасу қажет.

2) Содан кейін IV ұлт кеңесі үлгісіндегі ұлт кеңесін шақыру туралы мәселе келеді. Ол жөнінде бірсыпыра жолдастар мәселені Орталық Комитеттің өзінде қозғаған және де жер-жерден келген бірсыпыра өкілдер тарапынан мұндай кеңесті шақыру қажеттігі туралы талаптар да бар. Мұндай кеңесті шақырудың мезгілі жетті ме? Егер кеңес шақырылатын болса, онда бұл кеңеске қандай маңыз беру керек?

3) Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің Ұлттар Бөлімінің жұмысы туралы мәселе және бұл бөлімнің құқығы туралы.

4) Ұлт өкілдерін РКФСР Халық Комиссариаттары аппараттарына тарту туралы. Жекелеген адамдарды аппаратқа ұсыну басталды, ал бұл мәселе бойынша кейін қалай болмақ?

5) Ұлт аймақтарындағы кемшіліктер мен жетімсіздіктер туралы» (Қазыбек, Маймақов, 1999:201–202).

Кеңес жұмысы негізінен Т. Рысқұлов ұсынған күн тәртібі бойынша жүргізілді және кеңес ұсыныстары М.И. Калинин басқаратын комиссияға материал ретінде ғана тапсырылатындығы алдын-ала делегаттарға ескертілді. Кеңеске қатысушылар әбден шиеленіскен ұлт мәселесі мен индустриаландыру бағытына қатысты өз ойлары мен ұсыныстарын ортаға салды. Сөйлеушілерге уақыттың тығыздығына байланысты 10 минуттан уақыт берілді. Күн тәртібі бойынша ұлт республикалары мен облыстары атынан 33 адам жарыссөзге шықты. Біз осы сөйлеушілердің ішінен индустриаландыруға қатысты пікір білдірген өкілдердің сөздерін бөліп алып, талдауға тырысамыз.

Ұлт аймақтары мен Орталықтың арасындағы құқықтық теңсіздікке тереңірек тоқталған Қырғызстан өкілі Ж. Әбдірахманов: «Осыдан келіп ұлт қызметкерлерінің әрбір дұрыс ұсыныстары өрескел түрдегі жергілікті ұлтшылдықтың көрінісі ретінде қаралуда... сірә орыс ортасынан шыққан қызметкерлердің көбі Кеңес Одағын индустриаландыру міндетін ұлттық аймақтар шикізат жеткізіп берушілер болуға тиіс, ал индустриаландыру болса, бұл Кеңес одағының ішкі ісі, ал біздер болсақ сол үшін тек шикізат, нан, ет және т.б. беріп қана отыруымыз керек деп түсінеді», (Қазыбек, Маймақов, 1999:214) – деп барлық ұлт аймақтары үшін өзекті мәселені қозғай келе, ұлттық республикалар мен облыстардың құқықтық өкілеттігін кеңейту қажет деген ұсыныс айтты.

Қырым автономиялы облысының өкілі О.А.Г. Дерен-Аярлы Орталық пен ұлттық автономиялардың қарым-қатынасын айтарлықтай өзгерту қажет дей отырып, олардың құқықтық жағдайын революцияның жаңа міндеттеріне, еліміздің индустриаландыру және социалистік құрылыс міндеттеріне бейімдей түсу керек деді. «Жолдастар, - деді одан ары ашына сөйлеген Дерен-Аярлы, - біздер қазір өнеркәсіптің дамуының 5 жылдық жоспары мен әр түрлі онжылдық шаруашылық жоспарларын бекіткелі отырмыз. Егер сіз бұл жоспарларда автономиялы республикалардың мүдделері, шаруашылық та, экономикалық та мүдделері қалай бейнеленгенін көргіңіз келсе, онда бұл жоспарлардан автономиялы республикалардың мүдделерінің мүлдем көрініс таппағанын айқын байқайсыз. Кез-келген республиканы алып көріңіз. Жақында мен газеттен республикалар арасындағы өнеркәсіпті дамытудың 5 жылдық жоспарында қандай өнеркәсіптік қорлар бөлінгенін оқыдым: Башқұртстан 1 %, бүкіл РКФСР халқының 8,9 % құрайтын ірі Қазақстан республикасы өнеркәсіпті дамыту жөніндегі қордан 1 % қана алған» (Қазыбек, Маймақов, 1999:218-219). Ол одан ары, Қырым республикасындағы жалпы кіріске қарасақ бәрі де тамаша сияқты екенін, бірақ Ялта қаласындағы әрбір тұрғынға шаққанда кіріс пен шығыс 50–60 сомнан келетінін, ал онда тек орыстар тұратынын атап өтті. Ал татарлар тұратын Бақшасарайдың әрбір тұрғыны үшін кіріс пен шығыс небәрі 4–5 сомды ғана құрайтынын ашына айтты. Міне, осындай жағдай, сол кезеңдегі барлық ұлт аймақтарына тән екендігі кеңесте сөйлеушілердің сөздерінен анық көрініп отырды.

Кеңесте ашына сөйлегендердің бірі – Дағыстан Республикасы ОАК-нің төрағасы Н.П. Самурский еді. Ол ұлт мәселесінің дұрыс шешілуі КСРО-ның болашағына тікелей әсер ететін фактор деп бағалады. Кейін Қазақстанда Ф.И. Голощекин өткізген мәжілісте кеңеске қатысқан қазақ қайраткерлерін тұқыртудың негізгі көзірі болған Самурскийдің «Ванька прет» деген сөзі де осында айтылды. Самурский өршіген орыс

шовинизмі туғызып отырған жергілікті ұлтшылдыққа қарсы күрес шаралары ретінде «социалистік құрылысты күшейту, яғни ұлт республикалары мен облыстарындағы өнеркәсіп пен кооперацияны дамыту қарқынын күшейтуді» ұсынды (Қазыбек, Маймақов, 1999:220-229).

Кеңеске қатысқан қазақстандықтардың ішінен Ж. Мыңбаев, Ә. Досов сөз сөйледі. Сонымен қатар, қазақтардан РКФСР Экономикалық кеңесінің мүшесі С. Меңдешев, БОАК Ұлттар Бөлімінің меңгерушісі С. Асфендиаров және Қазақстаннан қуғындалып, Москвадағы Марксизм-ленинизм курсының тыңдаушысы болып жүрген С. Қожановтар кеңесте өз пікірлерін ортаға салды. Кеңестің негізгі ұйымдастырушысы Т. Рысқұлов болса мәжілістерге бастан-аяқ қатысып, оны жүргізіп отырды. Кеңес стенограммасын оқи отырып, Т. Рысқұловтың негізгі ұйымдастырушы әрі ұсыныстардың негізгі авторы екенін байқау қиын емес.

Аталмыш кеңес партия басшылығындағы билік үшін күресте индустриаландырудың негізгі жақтаушысы И.В. Сталиннің саяси жеңісі жағдайында өткендіктен, Т. Рысқұлов сияқты көнігі саясаткердің индустриаландырудың міндетті түрде барлық ұлттық республикаларда жүргізілетінін анық түсінгені белгілі. Осындай жағдайда, қолда бар барлық мүмкіндіктерді пайдалана отырып, М. Калинин басқарған комиссия мен шақырылуы мүмкін 5-ші ұлттық кеңес арқылы автономиялы ұлттық республикалар мен облыстардың құқықтарын кеңейтуге тырысқаны анық байқалады. Кеңестегі қорытынды сөзінде Т. Рысқұлов: «... Мен біздің ұлт саясатымыздағы мәселелердің барлық салмағы қазір шаруашылық майданына көшіріле бастағанын ғана атап өткім келеді, себебі жоғарыда айтып өткенімдей, партияның саяси тұрғыдағы бағыты берік те айқын жүргізілуде. Бірақ бұл саяси бағыт, атап айтқанда, барлық кезде басқару аппараты саласы бойынша жүргізілетін шаруашылық және кеңестік шараларда жүзеге асырыла бермейді... Қазір экономикалық саясатта басты орынды елімізді индустриаландыру мәселесі, социализмді бір елде орнату мәселесі алып отыр, осы мәселелерде қалай дегенмен де ұлт аймақтары мүлдем ескерілмей келеді. Тіпті кейбір жауапты жолдастардың бұл ұлт аймақтарында қандай индустриаландыру болмақ дейтінін қайтерсіз. Онда бірыңғай көшпелі шаруашылықпен айналысады, ал егіншілікпен айналысатын аймақтарда, өнеркәсіп орындарының дамуына негіз аз. РКФСР орталығында фабрикалар мен заводтарды күшейту қажет, ал шет аймақтары шикізатпен жабдықтаушы ролін атқаратын болады. Әрине мұндай пікірден кейбір бізге мәлім рухтың иісі (ұлыорыстық – С.Ш.) аңқып тұрғаны мәлім, бірақ қалай болғанда да біздің елімізде социализмді орнату және кеңес өкіметін нығайту үшін шын мәнінде индустриаландыру міндетінің иісі аңқып тұрмағаны белгілі, және де, бұның өзі, әрине, ешқашан да партия бағытында көрініс таба алмайды», (Қазыбек, Маймақов, 1999:314) - деп Орталықтың отарлық саясатын өшкереледі.

«Егер де біз, - деді Т. Рысқұлов, - елімізді индустриаландырудың бұл зор міндетінен ұлт аймақтарын мүлдем шығарып тастап, оларға шикізатпен жабдықтаушы ретінде қарап, бұларды мешеу күйінде қалдыратын болсақ, онда бізге анағұрлым алдыңғы қатарлы ұлттарды қуып жету былай тұрсын, қайта бір адым кейін шегінбекпіз, әрине бұл жерде бағыт екі айырылмақ, бағыт кеңес өкіметінің пайдасына да, біздің жалпы жағдаймыздың пайдасына да шешілмейтін болып айырлымақ. Сондықтан партияға күштеп таңуға тырысып жүрген бұл жолды қабыл алуымыз керек.» (Қазыбек, Маймақов, 1999:315). Яғни, Т. Рысқұлов, индустриаландырудан ешбір ұлт аймағының қашып құтылмайтыны белгілі болып отырған кезде оған қарсы күреспей, қайта партияның саясатына бейімделе отырып, кемшіліктерді бірігіп реттеудің тиімді болатынын делегаттарға барынша түсіндіруге тырысты. Осы бағыт кеңес қабылдап, М.И. Калинин басқаратын комиссия мен И.В. Сталинге жолданған «ұсыныстың» «А. шаруашылық құрылысы саласы бойынша» бөлімінде мынадай нақты талап-тілектер қойылды:

«а) Елімізді индустриаландыруға байланысты артта қалған ұлттық шет аймақтарда (тиісті шикізат базасы бар) өнеркәсіп орындарын құру мен жергілікті пролетариат кадрларын даярлау туралы партия белгілеген міндеттерді табанды түрде күн тәртібіне қою керек, онсыз пролетариаттың шаруаларға басшылықты жүзеге асыруы және бұл шет аймақтардың шаруашылық даму қарқынының күшеюі мүмкін емес, осы

мақсатпен өнеркәсіп пен күрделі құрылысты қаржыландыруға бөлінетін қаражаттарға АКСР-дың қатысуының белгілі бір үлесін белгілеу қажет, бұл үлесті АКСР халқының санына ғана емес, сондай-ақ экономикалық мүмкіндіктеріне де, сонымен қатар орын алып отырған шын мәніндегі материалдық теңсіздіктерді жою міндеттерімен де сәйкестендіріп айқындау керек.

б) Партияның XIII съезінің деревняда капиталистік қатынастардың дамуын тоқтататын ұлттық кооперацияларды дамытуға айрықша көңіл бөлу жөніндегі қаулысын іс жүзіне асыру қажет, осы шаралар үшін ұлттық шет аймақтарда кооперацияның дамуына арнап ерекше кооператив қорын бөлу керек.

в) РКФСР-дың ұлттық автономиялы бірлестіктермен шаруашылық өзара қарым-қатынастарында орын алып отырған жөнсіздіктерді және «сұғанақтықты» жою үшін АКСР-дың шаруашылық мәселелерін жоспарлы түрде талдап әзірлеуді қарқынды, ұлттық шет аймақтардың мұң-мұқтажы мен талап-тілектерін РКФСР-дың бюджеті мен жалпы шаруашылық жоспарларында толық әрі нақты көрініс табуына қол жеткізу керек.

г) Ұлттық антогонизмнің өршуіне қолайлы жағдай туғызып, шаруашылық құрылысы дамуын тежеп отырған барлық жөнсіздіктерді түбегейлі түрде жою үшін тиісті ұлттық шет аймақтарда жер саясатының дұрыс бағытта жүргізілуі мен жерге орналастыруды бақылау қажет.

д) РКФСР Мемлекеттік Жоспарлау Комиссиясы мен Орталық Статистика басқармасын автономиялы ұлттық бірлестіктердің экономикалық және мәдени-әлеуметтік өмірін, олардың даму динамикасын, артта қалу деңгейін мұқият зерттеуге, бұл шет аймақтардың социалистік құрылысқа көшуі жолымен олардың даму қарқынын күшейту үшін шаруашылық-мәдени шараларды дұрыс талдап әзірлеу мақсатында РКФСР құрамындағы әрбір автономияның үлес салмағы коэффициентін дәлірек айқындауға батыл түрде бейімдеу қажет» (Рыскулов, 2019:188-189).

Бұл ұсыныстар – Орталықтың өктем саясатына қарсы бас көтеруге шамасы жоқ ұлт аймақтарының бүкілкенестік кеңістікте жүргізілетін индустриаландыру науқаны кезінде дамудан шет қалмай, экономикалық жетістіктерге Ресеймен бірге жетуді көздеген игі талпыныстар болатын. Кеңес қабылдаған барлық ұсыныстар қағазға түсіріліп, М.И. Калинин төрағалық еткен «РКФСР, РКФСР құрамындағы ұлттық республикалар мен облыстық органдардың құрылысы» мәселесі жөніндегі комиссияға және БК(б)П ОК-не тапсырылды. Өкінішке орай, ұлт аймақтарының бұл талап-тілектері ескерілмей, керісінше, ұлттық республикаларда оған қатысушыларды «партия тәртібін бұзған ұлтшылдар» ретінде айыптау кампаниясы жүргізілді. Өз рұқсатынсыз кеңес өткізгені үшін Т. Рыскулов БК(б)П ОК тарапынан қатты айыпталды. Ал, кеңеске қатынасқан ұлт қайраткерлерінің барлығы өз республикаларында партиялық сөгіс алады. «Рыскулов кеңесіне» қатысқан қайраткерлерді айыптау үшін Татарстан, Башқұртстан, Қазақстан, Қырғызстан, Дағыстанда арнайы пленумдар ұйымдастырылады (Қоңыратбаев, 2019:22).

1926 жылы 18 желтоқсанда БК(б)П Қазөлкекомы бюросының шешімі бойынша шақырылған БК(б)П Қазөлкомы бюросының, Бақылау комиссиясы Төралқасының, Қазхалком және Қазатком фракцияларының ұлт өкілдерінің кеңесі туралы біріккен мәжілісі болып өтті (ҚРПА, 950:1). Қазақстан Республикасы Президентінің архивінде сақталған аталмыш мәжілістің 71 беттік стенограммасымен танысып шыққан адамға БК(б)П ОК-не Т. Рыскулов өткізген жеке кеңес ұсыныстарының ұнамағаны және оны сол ұлт аймақтарының өзінде жоққа шығару туралы құпия тапсырма бергені түсінікті. Бұл «БК(б)П Қазөлкекомы бюросының, Өлкелік Бақылау комиссиясы Төралқасының, Қазхалком мен Қазатком фракцияларының бірлескен мәжілісінің қаулысынан» анық көрініп тұр (ҚРПА, 1129:26-27). Сондай-ақ, 1927 жылы 2 қаңтарда өткен БК(б)П Қазан қалалық ұйымы белсенділері мен XII Татар облыстық партконференциясы делегаттарының бірлескен жиынында қабылданған қарар мазмұнынан да осыны анық байқауға болады (ҚРПА, 1129:36-36-а.п.).

БК(б)П Қазақ өлкелік партия комитетінің хатшысы Ф.И. Голощекин Москвада өткен ұлт өкілдерінің жеке кеңесінің ұсыныстарын жоққа шығару үшін, оған қатысқан қазақстандықтарды партия тәртібін бұзып, өзінен секіріп кеткеннен бастап, ең ақыр

аяғы, Н.П. Самурскийдің «Ванька прет» деген сөзі арқылы оларды ұлтшылдар қатарына жатқызып, кеңесте сөз сөйлеген С. Қожанов, Ж. Мыңбаев және С. Асфендиаровтардың пікірлері мен тезистері Қазөлкеком мен ҚАКСР үкіметінің бағытынан мүлдем алшақ жатыр деген қорытынды жасалды. Қызылордада өткен бірлескен мәжілісте Москвадағы жеке кеңес туралы арнайы баяндама жасаған Н. Нұрмақовтан бастап, кеңес стенограммасымен мүлдем таныспаған көптеген қазақ қайраткерлері Ф.И. Голощекиннің ығына жығылып, кеңеске қатысып сөз сөйлеген Ж. Мыңбаев пен Ә. Досовты мамықтай сабап, жүндей түтті. Сонымен қатар, жазғырушылардың назарынан С. Қожанов пен С. Асфендиаров та шет қалмады. Кеңеске жәй ғана қатысып, бір ауыз да сөз айтпаған Ж. Сұлтанбеков те Ф.И. Голощекин назарынан тыс қалмады. Бір сөзбен айтқанда, Ф.И. Голощекин ұйымдастырған жиында сөз сөйлеген Н. Нұрмақов, О. Исаев, Ү. Құлымбетов, М. Саматов, Ғ. Тоғжанов, М. Мырзағалиевтар Т. Рысқұлов өткізген ұлт өкілдерінің кеңесін жоққа шығарса, Ә. Жангелдин объективті пікір білдірді. Ал Ә. Лекеров ұлт өкілдерінің кеңесінің ұсыныстарын толық жақтап, Ф.И. Голощекиннен қаймықпай-ақ Орталық пен Қазақстан арасындағы теңсіздіктерді көптеген нақтылы фактілермен ашып көрсетті.

Қызылордада өткен жиынға қатысып, индустриаландыру мен шаруашылықты дамыту бағытына қатысты пікір білдірген адамның бірі О. Жандосов болды. Қазөлкекомы үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі әрі хатшысы қызметтерін қатар атқарып жүрген О. Жандосов Москвада өткен кеңесті ұлттардың нақты артта қалуынан туындайтын жаңа саяси қайшылық деп бағалап, кеңесті шақырудың объективті себептерін ашты. Бірақ, индустриаландыруға қатысты кеңес жасаған қорытындылар мен ұсыныстарды дұрыс емес деп бағалай отырып, кеңес жергілікті өндіргіш күштердің даму мәселесіне назар аудару керек еді деген пікір білдірді (ҚРПА, 950:32). О. Жандосовтың аталмыш жиында сөйлеген сөзінен екіұштылық пен ішкі қайшылықты анық байқауға болады. Мұның өзі, қалыптасқан саяси жағдайға бейімделе сөйлеуге тырысқанымен, ұлтжанды саясаткердің ұлт мәселесіне көңілі ауып тұрып, саясаткерге тән қалыппен сөйлеуіне байланысты болса керек деп топшылаймыз.

Қазақстанның экономикалық және шаруашылық даму бағыттарына байланысты, ұлт мәселесіне қатысты Орталық билік пен қазақ қайраткерлерінің арасындағы пікір қарама-қайшылығы бір күннің туындысы емес еді. Ол оған дейінгі уақыттарда да анық көрініс тауып жатқан болатын. Мысалы, 1921 жылы 11-18 маусым аралығында Орынборда өткен бірінші бүкілқазақстандық партконференцияда РК(б)П ОК хатшысы Е.М. Ярославский (шын аты-жөні – Губельман Миней Израилевич – С.Ш.) бастаған еуропалық коммунистер мен қазақ қайраткерлерінің арасында өткір пікірталастар орын алды. Е.М. Ярославский партконференция тізгінін қолдан шығармай, РК(б)П ОК нұсқауларын бұлжытпай орындауға күш салды.

Сондай-ақ, партконференцияның 15 маусымдағы мәжілісінде В.А. Радус-Зенькович «ҚКСР-дегі партияның кезекті міндеттері» атты баяндама жасап, өз сөзінде еңбекші қазақ халқы барлық жаңалықтар мен өзгерістерге сенбей отыр, оларда бүкіл орыстарға жаулық пиғылдың бар екені сезіледі деген пікір білдірді. Ұлтшылдық тек қазақ кедейлеріне ғана емес, басшы қызметтердегі қазақтарға да тән деді. Баяндамашының сөзінен оның қазақ даласындағы жағдайдан алшақтығы және ұлт мәселесін дұрыс түсінбейтіні анық көрініп тұрды. В. Радус-Зенькович пен Г. Дунаевтың баяндамалары бойынша жарыссөзге түскен А. Асылбеков, С. Меңдешев, Ә. Жангелдиндер қазақ халқының ұлттық мүддесін қорғады. «Мен, қазақтар арасында кеңестік билік бекіген жоқ деген мәлімдемені естідім. Ал мен шаруалардың (орыстардың – С.Ш.), казактар мен қазақтардың саяси деңгейі бірдей екенін айтқым келеді. Қазақтарға қарағанда, кеңес билігіне қарсылар шаруалар мен казактардың арасында баршылық», (Протоколы, 1935:79-80-б.) - деп С. Меңдешев оларға жауап қайтарды. С. Меңдешевтің одан арғы сөздері – оның В.А. Радус-Зеньковичтің Қазақстандағы жағдай туралы түсінігінен әлдеқайда кең ойлайтынын әрі жағдайды алақанындағыдай біліп, РК(б)П ОК-нің ұлт мәселесіне қатысты саясаты мен Қазпартбюросы алдына қойып отырған міндеттерін жетік білегінен көрсетеді. Бұл туралы М. Костеловская «Жолдас Меңдешев бос сөздің көп, нақты нұсқаудың аз екені туралы алтын сөздер айтты», - деп ерекше атап көрсетті. Конференция соңындағы өкілетті өкіл Е.М. Ярославскийдің іс-әрекеттері

қазақ қайраткерлерінің заңды наразылығын туғызды. Конференцияның Қырпартбюро есебі бойынша жасалған қаулысын қабылдау кезінде ол бұрмалаушылыққа салынып, Орталықтың отарлық өктемдігін көрсеткен еді.

1922 жылы 10 желтоқсанда өткен РК(б)П Қазақ облыстық комитетінің Пленумы «Байлар туралы» мәселені қарастырды. Бұл мәселе бойынша алдымен А. Вайнштейн, содан кейін А. Асылбеков баяндама жасады. А. Вайнштейн «Қазақ даласы ішкі революцияны әлі басынан кешірген жоқ» дей отырып, ауылдарда кеңестік биліктің әлеуметтік базасын қалыптастыру үшін қазақ байларын экспроприациялау (мемлекет пайдасына үшін мал-мүлкін мәжбүрлеп тартып алу – С.Ш.) мүмкіндігі туралы мәселені талқылауды ұсынды. Ал А. Асылбеков оған мүлдем қарама-қайшы пікір білдіріп: «Байлардың малының бір бөлігін экспроприациялауды іс жүзіне асыру қажетсіз салдарларға әкеліп соқтыруы мүмкін. Орыс қызметкерлері Қазақ өлкесінің ерекшеліктері мен халықтың патриархалдық-рулық тұрмыс-тіршілігін білмейді», - деген пікір білдірді. А. Нахимжан экспроприацияға қарсы екенін ашық білдірсе, Ә. Әйтиев, А. Байгильдин және З. Миндлиндер экспроприацияны жақтады. Н. Нұрмақов болса, өндіріс пен кооперацияны дамытуды принципті түрде жақтайтынын жеткізе отырып: «ешкім экспроприацияға қарсы емес, бірақ мұны іс жүзіне асыру оңай емес, ал дәл қазіргі уақытта – мүмкін емес. Халықты революцияландыратын адамдар жоқ. Партияға қазақ жастарын көптеп тарту керек», - деді. А. Кенжин Н. Нұрмақовпен келісетіндігін жеткізді. И. Тоқтыбаев: «Экспроприация мәселесіне әлі ерте, бұқараның өзі бұған дайын емес, біздің игі бастамаларымыз аяқсыз қалуы мүмкін», - деді. Ал С. Меңдешев «Әлеуметтік база қалыптастырудың экспроприация сияқты мұндай әдісі қалаған нәтижелерге қол жеткізуге алып келмейді, саяси және революциялық әсер қалыптастырмайды. Ең жақсы әдіс – шаруашылықты жалпы қалпына келтіру» - деді. С. Садуақасов: «Вайнштейн фантазиясы өте ауқымды, орыс қызметкерлері тезек түтінін иіскемеген (егер қазақтар фабрика қазандығында қайнамаған болса). Өз әдісімен Вайнштейн екінші Қазан төңкерісін емес, контрреволюция немесе жаппай төртіпсіздік жасайды. Байлардың 1–2 бас малын тартып алу емес, өнеркәсіпті дамыту бізге базаны қалыптастырады», - деді. Ал А. Горкин болса: «Кедейлердің өздеріне осы экспроприация керек пе, олар оны күтіп отыр ма? Одан да сауданы дамытқан жақсы» деген пікір білдірді. С. Қоянбаев: «Жалпы алғанда қазақ кедейі дамыған жоқ және бұл экспроприацияны қажет деп қабылдамайды» - деді. Міне, осындай қарсылықтардан кейін барып А. Вайнштейн пікірталастарды қорытындылау бойынша өз сөзінде: «Мен дәл осы экспроприация талап етпеймін, оны төтенше мал-мүлік салығымен алмастыруға болады, бірақ, байларды әлсірету қажет» - деді. Ал РК(б)П Қазобкомының жауапты хатшы Г. Коростолев болса, пікірталас барысында әліптін артын бағып сөйлемеді. С. Меңдешев, А. Асылбеков пен А. Оразбаеваның Қазобкомның өкілеттілігін Орталықтан өз бюджетін жұмсай алатын құқық алуға қол жеткізу арқылы кеңейту туралы «ерекше пікірі» тіркелді (Ашимбаев, Хлюпин, 2008:221).

Қазақ қайраткерлерінің Кеңес билігінің отарлық саясатына қарсылығы біздің С. Меңдешевке қатысты мақаламызда да (Шілдебай, 2020) біршама кеңінен талқыланған болатын. Бір қызығы, РК(б)П ОК хатшысы Е.М. Ярославскийдің қатысуымен Орынбор қаласында 1923 жылы 17-22 наурыз аралығында өткен III бүкілқазақстандық партконференцияда тағы да қазақ коммунистері мен еуропалық коммунистер арасында қазақ ұлтының табиғи құқықтары мен ұлыорыстық шовинизмі, орыс отаршылдығы мәселелері бойынша өткір пікірталастар орын алды (ҚРПА, 541:278-282). Бұл мысалдардың барлығы – индустриаландыру саясатына дейін-ақ қазақ қайраткерлерінің Орталықтың отарлық саясаты мен Қазақстанға қатысты шаруашылық ұстанымдарына қарсы пікірлерінің болғанын көрсетеді.

Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері С. Садуақасовтың Қазақстанның шаруашылығы мен өнеркәсібін дамытуға қатысты айтқан пікірлері ерекше маңызға ие. Оның 1925 жылы 17 ақпанда «Еңбекші қазақ» газетінде жарық көрген «Жаңа дәуірдің негізгі мәселелерінің бірі» атты мақаласында: «Қазақстанның астанасын көшірумен бірге туғалы отырған жаңа дәуірдің негізгі мәселесінің бірі – кәсіп шаруасын күшейту», (Садуақасұлы, 2003:315) - дей отырып, мақта егуге жарамды 600 мың десятина жері бар Қазақстанда мата тоқитын фабрикалар салу керек деді.

Ол сонымен қатар, «Қазақстанда кәсіп орнату жұмыстары – алдымыздағы екі-үш жылға шейін екпінді істің бірі... Бұдан былай оңайлығына қызығып, шетінен сатып алуға тым әуес бола бермей, Қазақстанның өзінде іргелі шаруа негізін салуға кірісетін уақыт жетті», (Садуақасұлы, 2003:316) - деп, қазақ даласында фабрика-зауыттарды салу жұмысын қолға алу қажеттігін ашық айтты.

Бірақ, Орталық саяси билік пен БК(б)П Қазөлкекомының бірінші хатшысы Ф.И. Голощекиннің қазақ даласында жүргізілуі тиіс индустриаландыруға қатысты өзіндік жоспары болды. Ол жоспар – патша заманындағы отарлық саясаттың заңды жалғасы іспеттес еді. Кеңес билігі де қазақ даласындағы өндірістің шикізаттық сипатын жақтап, тек қана ұсақ және орта өнеркәсіпті дамытуға назар аударды. Ал бұл кезде БК(б)П Қазөлкекомының бюро мүшесі, ҚАКСР Ағарту халкомы, «Еңбекші қазақ» және «Қызыл Қазақстан» басылымдарының бас редакторы қызметтерін атқарып отырған С. Садуақасов бұл саясатқа ашық қарсы шығып, қазақ даласындағы шикізат көздеріне жақын маңда өнеркәсіп орындарын салу керек деген пікір айта бастады. Ф.И. Голощекин мен С. Садуақасовтың арасында жүрген айтыс-тартыс пен оның қорытындылары академик М.Х. Асылбеков пен тарихшы-ғалым Ж.М. Асылбекованың «Қазақстан индустриаландыру кезеңінде» атты еңбекте (Асылбеков, Асылбекова, 2010) жақсы талданғандықтан, біз бұл мәселеге тоқталмауды жөн санадық. Бірақ, Орталықтың индустриаландыру саясатына қарсы шыққан қазақ қайраткерлері түгелдей «ұлтшылдықпен» айыпталып, Ф.И. Голощекин ұйымдастырған қуғын-сүргінге ұшырады.

Қорытынды. Жалпы алғанда, КСРО-дағы экономикалық дамудың нақты бір жолы ретінде И.В. Сталин ұсынған индустриаландыру бағытына қатысты айтыс-тартыс, сондай-ақ Қазақстанның да экономикалық және шаруашылық дамуына қатысты пікірталастар көпке дейін созылды. 1926 жылы Москвада өткен ұлт өкілдерінің жеке кеңесі мен Қызылордада өткен жиындағы пікірталастар тек оның басы ғана болатын. Кеңес билігі жүргізген индустриаландыру саясаты Орталықтың жоспарына сәйкес жүргізілді және оның кез-келген оппоненттері қатал қуғын-сүргінге ұшырады. Бірақ, ұлттық табиғи құқықты ту еткен ұлт қайраткерлерінің бұл күресі текке кеткен жоқ. Қалай дегенмен де, олардың ұсыныстары мен талаптары Орталық биліктің кейбір өкілдері тарапынан мойындалып, кейбір кездерде қолдау тауып жатты.

Әдебиеттер:

Асылбеков М.Х., Асылбекова Ж.М. Қазақстан индустриаландыру кезеңінде. // Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 4-том. Алматы. «Атамұра», 2010. 752 б. (312-381).

Ашимбаев Д., Хлюпин В. Казахстан: история власти. Опыт реконструкции. Алматы. Credos, 2008. 920 с.

Баишев С.Б. Социалистическая индустриализация Казахстана: Стенограмма публичной лекции. Алма-Ата: КазОГИЗ, 1949. 32 с.

Ергазиев И. Кооперативно-колхозное движение в Казахстане в период борьбы за социалистическую индустриализацию СССР (1926–1929 гг.): Автореферат дис. на соискание учен. степени кандидата ист. наук / Акад. обществ. наук при ЦК КПСС. Кафедра истории СССР. Москва, 1954. 16 с.

История индустриализации Казахской ССР (1926 – июнь 1941 гг.): Т. 2. 1933 – июнь 1941: Документы и материалы: в 2 т. / Под ред. С. Б. Баишева; сост.: Б.Н. Абишева, А.А. Байшин [и др]; Главное Архивное Управление при Совете Министров СССР, Институт Марксизма-Ленинизма при ЦК КПСС, Институты Истории и Экономики АН ССР. Изд-во Наука Казахской ССР. Алма-Ата: Наука, 1967. 433 с.

История индустриализации Казахской ССР. (1926–1941 гг.). Т. 1. 1926–1932: Документы и материалы: в 2 т. / Под ред. С. Б. Баишева; сост.: Б.Н. Абишева, А.А. Байшин [и др]; Главное Архивное Управление при Совете Министров СССР, Институт Марксизма-Ленинизма при ЦК КПСС, Институты Истории и Экономики АН ССР. Изд-во Наука Казахской ССР. Алма-Ата: Наука, 1967. 479 с.

История индустриализации СССР. 1926–1941 гг. Документы и материалы. Москва: «Наука», 1969. 535 с.

Керженцев П.М. Социалистическая индустриализация СССР. Баку, 1932. 44 с.

Кондратьев Н.Д. Большие циклы конъюнктуры и теория предвидения: избранные труды /

- Н.Д. Кондратьев. Москва: Альма Матер: Акад. проект, 2015. 638 с.
- Кондратьев Н.Д. Основные проблемы экономической статистики и динамики: предварительный эскиз / Н.Д. Кондратьев; изд. подгот.: В.В. Иванов, М.С. Ковалева. Москва: Наука, 1991. 569 с.
- Қазыбек М., Маймақов Ф. Құпия кеңестер. Алматы: Санат, 1999. 336 б.
- Қоңыратбаев О. Тұрар Рысқұлов: Қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі. Түркістан кезеңі. Алматы: Қазақстан, 1994. 448 б.
- Қоңыратбаев О.М. Тұрар Рысқұловтың өмірі мен қызметі (1894–1938) // «Тұлға және ұлттық тарих мәселелері». Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы материалдарының жинағы. Алматы, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, 2019. 226 б. (172-183-б.).
- Қазақстан Республикасы Президентінің архиві (бұдан былай – ҚРПА), 139-қ., 1-т., 541-іс, 278-282-п.
- ҚРПА, 141-қ., 1-т., 1129-іс, 26-27-п.
- ҚРПА, 141-қ., 1-т., 1129-іс, 36-36-а.п.
- ҚРПА, 141-қ., 1-т., 950-іс, 1-п.
- ҚРПА, 141-қ., 1-т., 950-іс, 32-п.
- Лельчук В.С. Индустриализация СССР: история, опыт, проблемы. М.: Политиздат, 1984. 304 с.
- Протоколы первой областной киргизской конференции РКП(б) 11-18 июня 1921 г. / Под ред.: У. Исаева, Д. Садвакасова, Н. Тимофеева. Алма-Ата-Москва: Казкрайиздат, 1935. 174 с.
- Ресейдің әлеуметтік-саяси тарихының мемлекеттік архиві (бұдан былай – РӘСТМА), 17-қ., 3-т., 564-іс, 5-п.
- Рысқұлов Т.Р. Материалы частного совещания националов. Архивные документы. / Составитель Казыбек М. Алматы. изд. «Мирас», 2019. 336 с.
- Садуақасұлы С. Екі томдық шығармалар жинағы. 2-том. Алматы: «Алаш», 2003. 360 б.
- Соловьев А.А. Съезды и конференции КПСС: Справочник. М.: Политиздат, 1983. 320 с.
- Струмилин С.Г. Индустриализация СССР и эпигоны народничества. Москва-Ленинград: Госиздат, 1927. 90 с.
- Фридман С.Л. Народные сбережения и индустриализация СССР / С.Л. Фридман. Москва; Ленинград: Московский рабочий, 1928. 78 с.
- Хавин А.Ф. Краткий очерк истории индустриализации СССР. Москва: Госполитиздат, 1962. 440 с.
- Шілдебай С.Қ. Сейітқали Мендешевтің қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі // «Edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы № 1(21) 2020. <http://edu.e-history.kz/kz/publications/view/1330> (қаралды: 14.04.2020).

References:

- Asylbekov M.H., Asylbekova J.M. Khazakhstan indýstrialandryý kezeñinde. // Khazakhstan Tarihi (kóne zamannan búginge deiin). Bes tomdykh. 4-tom. Almaty: «Atamura», 2010. 752 b. (312-381).
- Ashimbaev D., Hliýpin V. Kazahstan: istoriia vlasti. Opyt rekonstrýktsii. Almaty: Credos, 2008. 920 s.
- Baishev S.B. Sotsialisticheskaiia indýstrializatsiia Kazahstana: Stenogramma pýblichnoi leksi. Alma-Ata: KazOGIZ, 1949. 32 s.
- Ergaziev I. Kooperativno-kolhoznoe dvijenie v Kazahstane v period borby za sotsialisticheskýy indýstrializatsiý SSSR (1926–1929 gg.): Avtoreferat dis. na soiskanie ýchen. stepeni kandidata ist. naýk / Akad. obestv. naýk pri TsK KPSS. Kafedra istorii SSSR. Moskva, 1954. 16 s.
- Istoriya industrializatsii Kazahskoi SSR (1926 - iiýn 1941 gg.): T. 2. 1933 - iiýn 1941: Dokýmenty i materialy: v 2 t. / Pod red. S. B. Baisheva; sost.: B.N. Abisheva, A.A. Baishin [i dr]; Glavnoe Arhivnoe Úpravlenie pri Sovete Ministrov SSSR, Institut Marskizma-Leninizma pri TsK KPSS, Instituty Istorii i Ekonomiki AN SSR. Izd-vo Naýka Kazahskoi SSR. Alma-Ata: Naýka, 1967. 433 s.
- Istoriya industrializatsii Kazahskoi SSR. (1926–1941 gg.): T. 1: 1926–1932: Dokýmenty i materialy: v 2 t. / Pod red. S. B. Baisheva; sost.: B.N. Abisheva, A.A. Baishin [i dr]; Glavnoe Arhivnoe Upravlenie pri Sovete Ministrov SSSR, Institut Marskizma-Leninizma pri TsK KPSS, Instituty Istorii i Ekonomiki AN SSR. Izd-vo Naýka Kazahskoi SSR. Alma-Ata: Nauka, 1967. 479 s.
- Istoriya industrializatsii SSSR. 1926–1941 gg. Dokumenty i materialy. Moskva: «Naýka», 1969. 535 s.
- Kerjentssev P.M. Sotsialisticheskaiia indýstrializatsiia SSSR Baký, 1932. 44 s.
- Kondratev N.D. Bolshie tsikly koniýnktyry i teoriiia predvideniia: izbrannye trýdy / N.D. Kondratev. Moskva: Alma Mater: Akad. proekt, 2015. 638 s.
- Kondratev N.D. Osnovnye problemy ekonomicheskoi statiki i dinamiki: predvaritelnyi eskiz / N.D.

- Kondratev; izd. podgot.: V.V. Ivanov, M.S. Kovaleva. Moskva: Naýka, 1991. 569 s.
- Khazybek M., Maimakhov G. Khupiiia keñester. Almaty: Sanat, 1999. 336 b.
- Khoñyratbaev O. Turar Ryskhulov: Khogamdykh-saiasi jáne memlekettik khyzmeti. Túrkistan kezeñi. Almaty. Khazakhstan, 1994. 448 b.
- Khoñyratbaev O.M. Turar Ryskhulovtyń ómiri men khyzmeti (1894-1938) // «Tulga jáne ulttykh Tarih máseleleri». Respýblikalykh gylimi-tájiribelik konferentsiiasy materialdarynyń jinagy. Almaty: Sh.Sh. Ýálihanov atyndagy Tarih jáne etnologiia institúty, 2019. 226 b. (172-183-b.).
- Kazakhstan Respublikasy prezidentinyn arhivi (budan bylai – KRPA), 139-k., 1-t., 541-is, 278-282-p.
- KRPA, 141-k., 1-t., 1129-is, 26-27-p.
- KRPA, 141-k., 1-t., 1129-is, 36-36-a.p.
- KRPA, 141-k., 1-t., 950-is, 1-p.
- KRPA, 141-k., 1-t., 950-is, 32-p.
- Lelchuk V.S. Indýstrializatsiia SSSR: istoriia, opyt, problemy. M.: Politizdat, 1984. 304 s.
- Protokoly pervoi oblastnoi kirgizskoi konferentsii RKP(b) 11-18 iiýnia 1921 g. / Pod red.: Ý. Isaeva, D. Sadvakasova, N. Timofeeva. Alma-Ata-Moskva: Kazkraiizdat, 1935. 174 s.
- Reseidin áleymettik-saiasi Tarihynyń memlekettik arhivi (budan bylai – RÁSTMA), 17-k., 3-t., 564-is, 5-p.
- Ryskulov T.R. Materialy chastnogo soveaniia natsionalov. Arhivnye dokýmenty. / Sostavitel Kazybek M. Almaty: izd. «Miras», 2019. 336 s.
- Saduakhasuly S. Eki tomdykh shygarmalar jinagy. 2-tom. Almaty: «Alash», 2003. 360 b.
- Solovev A.A. Sezdy i konferentsii KPSS: Spravochnik. M.: Politizdat, 1983. 320 s.
- Strýmilin S.G. Indýstrializatsiia SSSR i epigony narodnichestva. Moskva-Leningrad: Gosizdat, 1927. 90 s.
- Fridman S.L. Narodnye sberejeniiia i indýstrializatsiia SSSR / S.L. Fridman. Moskva; Leningrad: Moskovskii rabochii, 1928. 78 s.
- Havin A.F. Kratkii ocherk istorii indýstrializatsii SSSR. Moskva: Gospolitizdat, 1962. 440 s.
- Shildebay S. Seiitkhali Meñdeshevtin khogamdyk-saiasi jáne memlekettik khyzmeti // «Edu.e-history.kz» elektrondykh gylimi jýrnaly № 1(21) 2020. <http://edu.e-history.kz/kz/publications/view/1330> (karaldy: 14.04.2020)

**ЭТНОЛОГИЯ ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯ
ЭТНОЛОГИЯ И АРХЕОЛОГИЯ
ETHNOLOGY AND ARCHEOLOGY**

ҒТАХР 17.71.91, 03.61.91

**ОТБАСЫЛЫҚ-ҒҰРЫПТЫҚ ФОЛЬКЛОР МЕН
ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МӘЛІМЕТТЕРДІ САЛЫСТЫРА ТАЛДАУ**

Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы
Филол.ғ.д., М.О. Әуезов атындағы Әдебиет
және өнер институтының директоры,
Алматы қ., Қазақстан. E-mail: kmatyzhanov@gmail.com

Түйіндеме. Әлемдік фольклортану ғылымында «ортақ тұстар» деген атқа ие болған ғұрыптық параллельдер фольклор поэтикасының этнографиялық бастауларын зерттеудегі аса маңызды детальдар болып табылады. Этнографиялық және фольклорлық материалдар тұтастығын зерделеу арқылы ежелгі дүниетаным мен мифологиялық сананы танып-білуге болады. Мақалада қазақ отбасылық ғұрыптық фольклорындағы мотивтер мен сюжеттердің және көркемдік құралдардың этнографиялық бастау көздері зерттеледі. Этнографиялық деректерді фольклорлық материалдармен өзара салғастыра зерттеу арқылы қазақ фольклорының көркемдік поэтикасының қалыптасып дамуындағы ғұрыптар мен дәстүрлі дүниетанымның ролі айқындалады. Жүргізілген талдаулар нәтижесінде отбасылық ғұрып фольклорындағы киелі ұғымдардың тізбесі анықталады.

Кілт сөздер: қазақ, этнография, фольклор, отбасы, ғұрып, дәстүр, миф, поэтика.

МРНТИ 17.71.91, 03.61.91

**СОПОСТАВИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ СЕМЕЙНО-ОБРЯДОВОГО
ФОЛЬКЛОРА И ЭТНОГРАФИЧЕСКИХ СВЕДЕНИЙ**

Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы
Доктор филол.н., директор Института литературы
и искусства имени М.О. Ауэзова
г. Алматы, Казахстан. E-mail: kmatyzhanov@gmail.com

Аннотация. Обрядовые параллели, получившие в мировой фольклористике название «точки соприкосновения», являются важнейшими деталями в изучении этнографических истоков поэтики фольклора. Целостное изучение этнографических и фольклорных материалов дает возможность глубже проникнуть в древнее мировоззрение и мифологическое сознание народа. В статье исследуются этнографические истоки мотивов, сюжетов и художественных средств казахского семейного обрядового фольклора. На основе сопоставления этнографических данных фольклорными материалами раскрывается роль обрядов и традиционных мировоззрений казахского народа в формировании художественных поэтических средств фольклора. В результате проведенного анализа сформирован перечень сакральных понятий в семейно- обрядового фольклора.

Ключевые слова: казах, этнография, фольклор, семья, обряд, традиция, миф, поэтика.

IRSTI 17.71.91, 03.61.91

COMPARATIVE ANALYSIS OF FAMILY-RITUAL FOLKLORE AND ETHNOGRAPHIC INFORMATION

Matyghanov Kenzhekhan Islamzhanuly

Dr. philological sciences,
Director of M.O. Auezov Institute of Literature and Art,
Almaty, Kazakhstan. Email: kmatyghanov@gmail.com

Abstract. Ritual parallels which are called “points of contact” in the world folklore, are the most important details in the study of ethnographic sources of folklore poetics. A holistic study of ethnographic and folklore materials makes it possible to penetrate deeper into the ancient worldview and mythological consciousness of the nation. The article explores the ethnographic origins of the motives, plots and artistic means of the Kazakh family ritual folklore. Based on comparison of ethnographic data with folklore materials. The role of rituals and traditional worldviews of the Kazakh people in the formation of artistic poetic means of folklore has been revealed. As a result of the analysis, a list of sacred concepts in family ritual folklore has been formulated.

Key words: the Kazakh, ethnography, folklore, family, ritual, tradition, myth, poetics.

Кіріспе. Фольклор – әлемдегі барша халықтардың ұлттық мәдениетінің қайнар бұлағы, тарихи жадының, дәстүрлі дүниетанымының алтын қоры, рухани жан дүниесінің айнасы. Елдің ежелгі дүние танымын саралауда, өмір салты мен рухани әлемін бағамдауда одан өткен кенен қазына, құнды да, құнарлы дерек көзі жоқ. Сондықтан да ол – қай халықтың болмасын этникалық тек тамырын танып, ұлттық келбетін айқындап, келешекке бағдар түзуде ұстанатын темір қазығы болып табылады.

Фольклор - өткеннің елесі ғана емес, ел тұрмысында бүгін де өмір сүріп, ұлттық көркемөнердің қанына нәр бере тарап жатқан шығармашылық қайнары, халықтанудың оқулығына айналып отырған мәңгілік көне, әрі жас мұра.

Қай кезеңде, қай заманда болмасын қазақ ұлтының да жанына сүйеу, рухына медеу болып келген алтын өзегі, таусылмас мәйегі – оның телегей-теңіз мол мұрасы – фольклор. Ол – бүгінгі тым жеделдеп кеткен жаһандану үрдісінде де ұлттың өз болмысын сақтап қалуға пана болатын алып бәйтерек.

Сол алып бәйтеректің бір бұтағы саналатын отбасылық ғұрып фольклорының поэтикасы – жалпы фольклор поэтикасымен астасып жатқан аса күрделі көркемдік әлем. Оның ғұрыптық фольклорға тән, алдымен көзге түсетін көрнекті сипатының бірі – халық этнографиясымен тығыз байланысып жататындығы. Ол ғұрыптық фольклордың практикалық мәнге ие қызмет аясының мазмұнын ғана анықтап қоймайды, оның көркемдік әлемінің ерекшеліктерін қалыптастыруға да қызмет етеді. Сондықтан отбасылық ғұрып фольклорының көркемдік әлемін саралау – оның тарихи поэтикасын этнографиялық параллельдермен бірлікте қарастыру деген сөз. Этнографиялық және фольклорлық материалдар тұтастығын салғастыра зерделеу арқылы ежелгі дүниетаным мен мифологиялық санаға терең бойлап, көркемдік поэтиканың қалыптасу жолдарын анықтауға болады. Бүгінгі гуманитарлық ғылымдар интеграциясы аясында мұндай ізденіс нәтижелері түрлі салада қызығушылық тудыратыны сөзсіз.

Материалдар мен әдістер. Зерттеуге материал жинау барысында қазақ отбасылық ғұрып фольклорына қатысты бұрын-соңды жинақталған деректерді мүмкіндігінше түгел қамтуға тырыстық. Олардың ішінде, алдымен ХҮІІІ ғасырдан бері там-тұмдап жиналып, жиһанкездер еңбектерінде жарық көрген деректер, ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап Ресейдің түрлі басылымдарында шыққан жарияланымдар пайдаланылды. Бұлардың денінің этнографиялық материалдар екендігін ескерген жөн. Бұл, әсіресе, ғұрыптық фольклорды зерттеуге аса қажет деректер. Сонымен қоса, Кеңес өкіметі құлап, алаш арыстарының мұрасының бостан болуына байланысты қайта қауышқан мұралар да тегіс қаралды. «Темір шымылдык» алынған соң Қытай, Моңғол елдеріндегі қазақтар мұрасын да айналысқа қосуға мүмкіндік туды. Қазақстан Ұлттық

Ғылым Академиясы Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қоры мен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорындағы материалдар да сүзгіден өткізілді. Қазақстанның Оңтүстік және Шығыс аймақтарына арнайы ғылыми сапармен барып, ел ішінен жиналған тың материалдар да қосылды. Сонымен бірге, соңғы кезеңде мерзімді басылымдарда жарық көріп жатқан материалдар мен жана жинақтар, кітаптар мен зерттеулер де назардан тыс қалған жоқ.

Халықтың бүкіл тыныс тіршілігімен астасып жатқан фольклордың синкретті сипатын ескергенде, оның этнографиялық тұрғыдан зерттелу өрісін аттап кете алмайтынымыз анық. Ел ескілігінің жиналу, зерделену ісінің алғашқы кезеңінде этнографиялық материалдар мен фольклорлық шығармалар жігі әлі ажырамаған болатын. Бұл, әсіресе, ғұрыптық фольклорға тікелей қатысты. «Фольклор жанрларын этнографияға сүйенбей зерттеу мүмкін емес. Этнографиялық материалды пайдалану жанрлардың шығу тегін анықтау үшін ғана емес. Этнография фольклорлық жанрлардың ерте замандағы сипатын, алғашқы даму жолдарын зерттеуде өте пайдалы. Себебі, жанрлардың да, сюжеттер мен мотивтердің де пайда болуы ғана емес, сондай-ақ, олардың өмір сүруі мен өзгеру, даму жолдары да тұрмыспен, болмыспен тікелей байланысты» (Қасқабасов, 1984:12), - деп академик С.А. Қасқабасов атап көрсеткендей, ғұрыптық фольклор табиғаты оның этнографиялық астарынсыз терең сараланбайды. Сол сияқты, этнограф ғалымдар да отбасы ғұрыптарын саралауда фольклорлық материалдардан аттап кете алмайды.

Қазақ фольклортану ғылымында этнографиялық материалдар бертінге дейін фольклорлық шығармалардың қандай жағдайда орындалатынын, атқаратын қызметі мен мазмұндық мәнін ашуға байланысты қосымша материалдар ретінде сипаттамалық тұрғыдан зерделеніп келеді. Ал шындығына келгенде, «фольклордың этнографиялық байланыстар типологиясы» - аса күрделі де, көп сатылы ғылыми мәселе. Әсіресе, халықтың тұрмыс-салтына, дәстүрлі дүниетанымына поэтикалық құрылымының кіндік бауы байлаулы ғұрыптық фольклорда бұл ерекше маңызды рөл ойнайды. Өйткені ғұрыптық фольклордағы кез келген поэтикалық элементті (мотив, сюжет, стиль, тіл кестесі, т.б.) оның этнографиялық астарын ашпай тұрып, саралау қиын. Сондықтан да, ол әлемдік ғылымда фольклортану мен этнология ғылымдарының шегінде өріс ашып, өзінше өзекті ғылыми арна түзіп, жүйелі зерттеліп келеді.

Қазақ халқына тән фольклорлық нұсқалардың хатқа түсу тарихына көз жіберсек, оның көне сілемдерінің әлемдік ғылымда ашылып жатқан жаңалықтарға орай жыл сайын тереңдеп бара жатқанын көруге болады. Мәселен, Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі археологиялық қазбалардан табылып жатқан көне тайпалар (ғұн, үйсін, сак, сармат, қыпшақ деген сияқты) мәдениетінің бүгінгі қазақ дәстүрлі мәдениетімен тамырласып жатқаны материалдық мәдени мұралар мен рухани жад деректерінің үндестігімен дәйекті дәлелденген сайын, ұлттық мәдениет тарихын тереңнен толғай қарастырудың қажеттілігі зорая түседі. Ал сол тайпаларға тән заттық мәдениет үлгілері кезінде Геродот жазып қалдырған тарихи баяндармен ұштасып жатса, фольклорлық деректің түп-тамыры да тереңдейді. Сондықтан фольклорлық шығармаларды талдап-тануда оны археология, этнография, музыкатану, өнертану сияқты ғылымдар жетістігімен ұштастыра қарау әлемдік фольклортану ғылымында кең өріс алып келеді.

Фольклорлық шығармаларды таза әдеби мұра ғана емес, халықтың барша тыныс-тіршілігімен біте қайнап жатқан рухани жәдігерлік ретінде қарастыру – ғылымда бұрыннан бар дәстүр. Ежелгі саяхатшылардың көне жазбаларын айтпағанда, кешегі Н.И. Гродеков (Гродеков, 1889), Ә. Диваев (Диваев, 1922), В.В. Радлов (Ел қазынасы - ескі сөз, 1994), Мәшһүр-Жүсіп Көпеев (Көпеев, 1990) хатқа түсірген жазба деректердің барлығында да фольклорлық мәтіндер мен этнографиялық деректер тоғыса көрініс тауып отырады. Шоқанның ғылыми еңбектерінде де (Валиханов, 1985) этнографиялық деректер мен фольклорлық мұра тұтас халықтық мәдениет салалары ретінде сабақтас қарастырылады. Мақаланы дайындау барысында отбасылық-ғұрыптық фольклор мәтіндегі мен оларға қатысты этнографиялық материалдар пайдаланылды.

Яғни, арғы тегі көне түркі жазба ескерткіштерінен, Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрік» (Қашқари, 1997) сияқты энциклопедиялық еңбектерінен арна түзеген фольклордың жиналу, жариялану тарихында этнографиялық деректер мен

фольклорлық материалдардың ара жігі ажыратылмаған, сол сияқты үйлену ғұрпына қатысты фольклорлық жанрлардың зерделену жолын қарастыра отырып тарихшы, этнограф ғалымдар Ә. Марғұлан (Марғұлан, 1940), Х. Арғынбаев (Арғынбаев, 1973), Ә. Төлеубаев (Төлеубаев, 1991) немесе музыкатанушылар А. Затаевич (Затаевич, 1925), А. Жұбанов (Жубанов, 1936), Б. Ерзакович (Ерзакович, 1966), Т. Бекхожина (Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері, 1972) сияқты ғалымдардың еңбектеріне соқпай өте алмайтынымыз да белгілі. Демек, фольклортанудың қарым-құлашының ауқымдылығына орай, біз сөз етіп отырған тақырып тарихнамасының аясы да барынша кеңейе түспек. Былайша айтқанда, ғұрыптық фольклор табиғатын тануда оны этнография, музыкатану ғылымдарымен сабақтастыра, салғастыра талдау оны жүйелі, кешенді зерттеуге жолбасшы болады.

Қазіргі ғылымда бұл аса күрделі мәселені жалпылама қарастырудан гөрі нақты байланыстарды, мәселен – өртүрлі жанрларға жататын шығармалардың сюжеттерін, мотивтерін, бейнелеу жүйесінің жекелеген элементтерін – этнографиялық параллелдерімен өзара тереңдей салыстыра зерттеуге ден қойылады. Олардың өзін әлем халықтары мұралары арасындағы ортақтастықтың кең өрісінен емес, бір халық фольклорының ішкі жанрлық түрлері аясында қарастыруға немесе фольклор мен ғұрып, рәсім арасындағы типологиялық байланыстарды індетте саралаудан іздестіріледі.

Қазақ фольклортануында да тарихи салыстыру әдісі ертеден қолданылып келеді. Қазақ даласын алғаш аралап, оның рухани мұрасын ден қоя жинаған ежелгі саяхатшылар еңбектерінің барлығында да байқаған құбылыстарын өз елдері өміріндегі ұқсас жағдайлармен салыстыра қарау сарыны бар. XIX ғасырдың екінші жартысында жарық көрген А. Левшиннің, В. Радловтың, Ә. Диваевтың, Г.Н. Потаниннің еңбектерінде салыстыра зерттеу тәсілі айқынрақ көрінеді. Тіпті, Г.Н. Потаниннің «Орта ғасырлық Еуропа эпосындағы шығыс мотивтері» деген көлемді еңбек жазғаны да белгілі. Кезінде Еуропада пайда болып, әлемге өріс ашқан – мифологиялық мектеп, тарихи мектеп, антропологиялық мектеп, ауысып алу теориясы сияқты түрлі ағымдардың барлығына да осы тарихи салыстыру әдісі тиянақ болған.

Талқылау. Қазақтың отбасылық ғұрып фольклоры осы уақытқа дейін арнайы зерттеудің объектісі болмағанмен, жалпы қазақ халық өлеңдеріне қатысты зерттеулердің арнасында шолу түрінде болса да, әр қырынан қарастырылып келді. Қалай дегенде де Кеңес дәуірі кезіндегі саяси шектеулер мен басқа да себептерге байланысты сол шолу зерттеулердің кемеріне сыймаған немесе қызыл идеология қыспағынан қыртысы жазылмай қалған халық мұрасының қалтарыстары аз емес. «Тұрмыс-салт жырлары» мен халық өлеңдерінің жалпы сипаттарының ұзын-ырғасын тілге тиек еткен кезеңдік еңбектерде отбасы фольклорының өзіндік күрделі болмысы тереңнен, кеңінен қозғалған емес. Сондықтан да фольклордың аса күрделі де, көрікті жанрын арнайы қарастырып, өзіндік табиғаты мен болмыс бітімін саралау - әлдеқашан толғағы жеткен зәру мәселе. Отбасылық ғұрып фольклорының зерттелу тарихнамасы тамырын тереңге созған бірнеше кезеңнен тұрады. Оның алғашқысы көне түркі жазба ескерткіштерінен басталатын ежелгі дәуір әдебиеті мен түрлі жазба деректерде кездесетін фольклорлық үлгілер, одан кейін ХУІІІ ғасыр мен ХІХ ғасырдың екінші жартысына дейінгі уақыт десек, ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ фольклорының орыс оқымыстыларының қолымен жүйелі жинала бастаған дәуірі туады. Жиырмамыншы ғасыр басында ғылым көгіне келген А.Байтұрсынов (Байтұрсынұлы, 1991), Х. Досмұхамедов (Досмұхамедов, 1926) сияқты алаш арыстарының еңбектері қазақ фольклортануын жаңа сатыға көтерді. Кейіннен бұл дәстүр М. Әуезовтің (Әуезов, 1984), С. Сейфуллиннің (Сейфуллин, 1988) зерттеулерінде жалғасты. Қазақ фольклорын іргелі зерттеуге арналған еңбектерде қазақ отбасылық ғұрып фольклоры алғаш жеке сала ретінде жіктеліп, ішкі жанрлық түрлері түгенделіп, терминдік жүйесі сараланды.

Кеңес өкіметі дәуірінде жалпы қазақ фольклорымен бірге отбасылық ғұрып фольклорын зерттеу ісі де жандана түсті. Қазақ әдебиетінің тарихына арналған іргелі еңбектерде, оқулықтарда отбасылық ғұрып фольклорына арнайы тараулар берілді. Кейіннен Б.Уахатовтың халық өлеңдеріне арналған зерттеулерінде бірсыдырғы тереңдей зерттелді (Уахатов, 1974). Сонымен қоса, Ә. Марғұланның (Марғұлан,

1940), Ә. Қоңыратбаевтың (Қоңыратбаев, 1987), Р. Бердібаевтың (Бердібаев, 1995), С. Қасқабасовтың (Қасқабасов, 1988), Б. Абылқасымовтың (Абылқасымов, 1993), Ш. Ыбыраевтың (Ыбыраев, 1993) еңбектерінде фольклор теориясына қатысты қадау-қадау ойлар баршылық. Мұның барлығы отбасылық ғұрып фольклоры үлгілерінің жеткілікті дәрежеде жиналғандығын, оны басып шығару мен зерттеудің айта қаларлықтай оң тәжірибелерінің қалыптасқандығын көрсетеді.

Нәтиже. Отбасы фольклоры ұғымын кең мағынасында алсақ, оған отбасында атқарылатын ғұрыптарға байланысты сөзбен өрнектелген поэзиялық, прозалық (арбау, ұшықтау, аластау, байлау, бата, алғыс, қарғыс, т.б.), драмалық (ойын-сауықтық) шығармалардың барлығын енгізуге болады.

Біз бұл жерде адамның тууы, үй болуы мен дүниеден өтуі кезінде атқарылатын ғұрыптарға қатысты орындалатын өлең-жырларды ғана тексеруді мұрат тұтып отырмыз. Оны жалпы фольклортану ғылымында «отбасылық ғұрып фольклоры» деп атау қалыптасқан. Біз кітаптың атына оны ықшамдаңқырап «отбасы фольклоры» деп алып отырмыз. Бұдан термин мазмұнына орасан нұқсан келе қоймайды деп ойлаймыз. Сондықтан еңбектің өн бойында екі атау алмасып қолданылып отырады.

Белгілі ғалым Арнольд ван Геннеп табиғаттың да бір маусымнан екінші маусымға ауысып отыратындығы адам ғұмырымен де тікелей байланысты екендігін еске салады. Мәселен, көктемнің келуі – табиғат ананың тууы, өмірдің жасаруы. Сондықтан, адамның тууы мен көктемге байланысты ғұрыптардың барлығында өсіп-өну (обряд плодородия) ғұрпына қатысты ортақ сипаттар бар. Олардың барлығын бір жүйеге біріктіріп, «өтпелі ғұрыптар» («обряды перехода») деп атайды (Арнольд ван Геннеп, 2002). Яғни, адамның дүниеге келгенінен бастап әр жас кезеңіне ауысуы, бір кәсіптен (кызметтен) екінші кәсіпке алмасуы, табиғат құбылыстарының бір күйден екінші күйге ауысуы, т.с.с. толып жатқан өтпелі жағдайларға байланысты атқарылатын ғұрыптық рәсімдердің барлығын осы өтпелі ғұрыптар тобына жатқызамыз.

Егер қазақ отбасылық ғұрып фольклорындағы ғұрыптарды, фольклорлық мотивтер мен сюжеттерді бір-бірімен шендестіре отырып, этнографиялық материалдармен байланыстыра зерттесек, өзара іштей байланысып жатқан ежелгі дүниетанымның болмыс-бітімін тануға болады. Мәселен, сәбиді қырқынан шығару, жұбайлардың қырық күн тойын жасау («отыз күн ойын, қырық күн тойы» дегендей), өлген адамның қырық беру. Осы үш ғұрыпты сабақтастыратын «қырық» саны төңірегінде мағыналық байланыс бары сөзсіз.

«Некелесетін күні таңертең қалыңдықты төрт қыз қалы кілемге отырғызып көтеріп, барлық құрбыларымен қоштастырады. Бұл қоштасу - оны қыз санатынан шығарудың белгісі», - деп келетін Н.П. Рычков жазбалары арқылы алғаш хатқа түскен қыз ұзату рәсімінің бүгінде этнографиялық маңызы зор. Сол сияқты, қазақ зираттарын сипаттайтын: «Біз олардың өлген адаммен бірге оның қару-жарағын да көметінің көрдік, қабірлердің үстіне тас, не топырақ үйеді, кейде ағаштан не тастан мазар тұрғызады. Өлген адамды кілемге салып алып келеді. Осы жерде марқұмның туған-туысқандары мен жақындары айнала-қоршап, өздерінің қайғы-қасіретін білдіреді» (Рычков, 1995), - деген сияқты жолдардан осы кезде тым көне деп жүрген көне түркілік жерлеу рәсімдерінің ХҮІІІ ғасырға дейін сақталғанын көруге болады.

Таратыңқырап айтсақ, ұзатылатын қыз оң жақта шымылдық ішінде отырады, мәйіт те оң жаққа қойылып, шымылдықпен бүркеледі. Қызға да үйден шығарда арнайы киім кигізеді, өлік те келінеді. Ұзатылған қыз «сыңсу» айтып зарланса, өлікке «жоқтау айтылады». Ұзатылатын қызға арнайы «отау» тігілсе, өлген адамға мола тұрғызылады. Ұзатылған қызды арнайы әбзелденген атқа мінгізіп шығарып салса, өлген адамның (ер адам) атын тұлдап, асына сояды, тіпті ертеректе өлген адамды ат-әбзелімен қоса жерлеген. Өлген адамды ақ киізге, кілемге орап шығарса, ертеде келінді де үйге ақ киізге, кілемге салып көтеріп әкелген. Келін бір жылдан соң сәукелісінен бастап үйінен киіп келген киімдерін шешіп, келіншек киімін (кимешек, жаулық, т.б.) кесе, бір жылдан соң өлген адамның қара туы жығылып, тұлдаған киімдері таратылып (ертеде өлген адамның киімін «тұлдап» төрге қою салты болған) тұл аты сойылып, ас беріледі (Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері, 2001:198).

Фольклорлық шығармалар мәтінінде де осы ғұрыптық жоралғылар өз көрінісін

тауып отырады.

Мәселен, қазақ отбасылық ғұрып фольклорындағы қыз ұзату мен өлік жөнелту ғұрыптарында көрініс тапқан қыздың ұзатылуын өліммен теңестіре қарау ұғымы сыңсуда анық, ашық айтылады:

Ұзатқаны қыздардың – өлгенмен тең, жар-жар,

Өлең айтып шығарар жаназасын, жар-жар, - (Тал бесіктен жер бесікке дейін, 1996)
деп еңірейді ұзатылатын қыз.

Қыз ұзату салтының бүкіл өн бойында бұл мотив үздіксіз жалғасып отырады. Алдымен, бұл жердегі ұқсастық – қыздың бүкіл ұзатылу рәсімін өлімді жөнелту рәсімімен теңдестуінде. Қыздардың сыңсуында «қыз дәуренді» пәни дүниемен теңдестіріп, кейінгі дүниені «о дүниеге» балау сарыны бар. Ежелгі дүниетаным бойынша пәни дүние – жалған, өтпелі, уақытша кезең. Қыз-ғұмыр да сондай жалған, өтпелі. Қыз-ғұмырдың аяқталуы – оның өлуі. Міне, қыз сыңсуындағы басты мотив те осы өтпелі уақыттың аяқталуын, қыз-ғұмырдың өлгенін мойындау, соған өкіну. Яғни, қыз өзінің аттану сәтін өлімді жөнелту кезіндегі рәсіммен барабар сезінеді. Өзін «өлі қызбен» тең көреді. Былайша айтқанда, жар-жар мен сыңсудың мазмұны «жоқтаумен» тәркіндес. Ұзатылып бара жатқан қыздың:

Түндігімнің төрт бауы – мақта, шеше, жар-жар –ау!

Қызың кетіп барады, жоқта, шеше, жар-жар-ау! –

деп жырлайтыны да сондықтан.

Бұл жерде енді ғұрып жай ғана теңдестіріліп қоймайды, олар формасы жағынан да, мән-мазмұн жағынан да, атқаратын қызметі жағынан да, орындалу мәнері жағынан да үндес шығып жатады.

Оны тарата түсіндіру мақсатында бүкіл үдерістің әр кезеңіндегі рәсімдік кешен элементтерін жеке-жеке салыстыруға болады. Мысалы, қыз «сыңсуының» тармақтарын ғұрыптық рәсімдермен шендестіре қарасақ, сол сырдың ұшығын суыртпақтауға болады.

Сөздің басы бісімілла,

Шапан келді – сын келді,

Бісімілла бітпес мың жылда.

Қызыл тілім қимылда, -

деп жылайды аттанайын деп жатқан қалындық. Бұл тұста ұзатылатын қызға сәукеледен бастап арнайы киім тігілетін белгілі жай меңзеліп отыр. Ол киімді ұзатылар сәтте жеңгелерінің арнайы рәсіммен, жол-жорамен кигізетіні де анық айтылады.

Киім кигізудің арнайы жол-жоралғы арқылы атқарылатын киелі рәсім екендігін балаларға қатысты ғұрыптардан да көреміз. Мәселен, жаңа туған нәрестеге «ит көйлек» тігіп, кигізудің өзінше рәсімі бар. Жаңа киім киген балаға:

«Киімің тоза берсің, өмірің оза берсін», - деп тілек айтып жатады. Мұның барлығы киім кию жоралғысының халықтық дәстүрде қастерлі ғұрыптық рәсім екендігін көрсетеді. Үш ғұрыптық кешенде (туу, үйлену, өлу) ғана емес, басқа ғұрыптық салттарда да сақталған (мәселен, хан сайлау дәстүрі) киім кигізу рәсімі әр ғұрыптық кешенде формалық жағынан да, атқаратын қызметі жағынан ұқсас.

Мәселен, балаға кигізетін ит көйлек пен өлімге кигізетін кебін формалық жағынан ұқсас (үшкілсіз, тігісі сыртына қаратылған, кебін – тігіссіз, түсі ақ). Матасы да бірдей. Ал ұзатылатын қыз бен ханға кигізетін киімдер – бір-біріне ұқсас. Барлығына ортақ сипат – бір әлемнен екінші әлемге ауысуды өтпелі рәсімді қамтамасыз етуде.

Ежелгі ұғым бойынша өлген адам басқа дүниеге аттануда ұзақ сапар шегеді, оның өзі бірнеше кезеңнен тұрады. Осы кезеңдерде адамның рухы айналып соғып тұрады, тіпті, қайта оралып келуі мүмкін деген де ұғым болған. Қазақ тіліндегі «дүниеден қайтты», «сапарға аттанды», «өлікті жөнелту», «аттандыру» деген тіркестердің өзі соны меңзейді. Жоқтау жырларындағы:

Сапар шекті атакем...

Атакем сапар шеккен соң

Пайғамбардың жасында.

Аңырап қалды ордасы,

дейтін жолдар да осыны дәлелдейді.

Көне ұғым бойынша өлген адамның рухы түрлі кедергілерден өтіп, басқа дүниеге жеткен соң, ол жақта да жер бетіндегідей тірлік кешеді. Кейбір деректерге қарағанда, бұл сапар бір жылға созылады. Өлген адамның бір жылдан соң асын беретіні де сондықтан. Ендеше, оған ас-су да, киім-кешек те, ат, әбзел де, ер адам болса, қару-жарак, әйел болса, тұрмыстық бұйымдар қажет. Яғни, ежелгі дүниетаным бойынша өлім – бір әлемнен екінші әлемге ауысудағы өтпелі кезең. Міне, осы өтпелі кезең дәстүрлі дүниетанымда жол, сапар бейнесі арқылы көрініс береді.

Бұл орайда, сапар мотиві көп жағдайда жылқы бейнесімен тіндесіп келеді. Қазақ дәстүрлі ұғымындағы адамның ең жақын серігі – жылқы. Ал өлік жөнелту рәсіміндегі жылқының рөлі өз алдына мәселе (Нестеров, 1990:143). Ол аза жырларында, әсіресе, жоқтауда молынан көрініс береді. Басқаны айтпағанда асқа сойылатын жылқымен өлген адамның туысқандары «жоқтау» айтып, жылап қоштасады. Ал өлімді көп жағдайда атқа мініп сапар шегумен астастыра бейнелейді.

Ежелгі скифтердің өлген патшаны арбаға артып 40 күн бойына бүкіл елін аралататынын Геродот жазады (Валиханов, 1985:416). Дәстүрлі қазақ мәдениетінде де өлікті көлігімен жөнелту салты күні кешеге дейін сақталған. Ер адамды, ертеректе ат, әбзелімен қоса жерлесе, кейіннен атын түлдап, асына соятын болған. Ал өлген адамның асына сойылған жылқымен жырлап қоштасып, оның басын молаға қою салты Қазақстанның шығыс аймағында әлі күнге дейін бар. Ал батырлар жөніндегі аңызға құлақ салсақ, олар өлер алдындағы өсиетінде өз сүйектерін ақ бас атанға артып қоя беруді өтінеді (Қабанбай батыр, Райымбек батыр жөніндегі аңыздар). Атан шөккен жерге өздерін жерлеуді сұрайды. Ал Едіге батыр жөніндегі аңызда оның өтініші бойынша сүйегін өзінің тұлпарына артып қоя берген екен дейді. Жануар батыр сүйегін алып қазіргі Едіге сүйегі жатқан (Ұлытау) төбенің басына шығыпты-мыс. Ел-жұрты оны сол жерге жерлеп, белгі тұрғызғаны көрінеді. Мұның барлығы екі ғұрыптық кешенде де жол мен көліктің маңызды орын алатындығында.

Жол мотиві қыз ұзату мен аза жырларында ғана емес, балалар фольклорында да анық көрініс береді. Мұнда адам өмірінің өзін сапар ретінде түсіну сарыны бар. Оны баланы «ашамайға мінгізу» немесе «тоқым қағар» рәсімінен байқауға болады. Ашамайға мінгізіп, аттың тізгінін ұстатқан бүлдіршінге:

Асқар, асқар таудан өт,
Ағыны қатты судан өт.
Ит тұмсығы батпайтын
Іргесін бітеу нудан өт.

Айдын-шалқар көлден өт... (Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері, 2001) деген ақсақал батасынан көшпелілер ұрпағының идеалы көрінеді.

Өлген адамның о дүниеге ұзақ сапар шегіп баратындығы қазақ миф, аңыз, ертегілерінде де бейнеленген. Өлген адам жанының екі дүние аралығын кезіп жүретіндігі жөніндегі ежелгі наным-сенім Ш. Уәлиханов жазып қалдырған «Өлі мен тірінің, достығы» ертегісінен анық көрінеді (Валиханов, 1985).

Қазақ фольклорындағы «жол» мотиві қыз ұзату салтында айқын сақталған. Тіпті, «ұзату» сөзінің өзі «сапар» сөзімен төркіндес. Ең алдымен, ұзатылатын қыздың киімі мен жасау-жабдығы, ат әбзелдері – күмістеген ер-тоқымнан бастап, қыз ұстайтын қамшасына дейін дайындайды. Қыздың жанына шешесі бастаған құрбы-құрдастарынан нөкер ереді. Тіпті, «қызды ұзату» деген сөздің өзі сапарды меңзеп тұр.

Қазақ дәстүрінде өлген адамды оң жаққа салып, шымылдық құрыш, қоршаған ортадан аулақтайды. Бұл ғұрып қызды ұзатуда да қайталанатын. Сыңсу айтып отырған қыздың:

Шымылдық құрдым оң жаққа,
Шыбыным ұшты сол жақтан,

дейтіні сондықтан. Қызды тек шымылдық ішіне ғана отырғызып қоймайды, оның бетін ақ желекпен бүркейді. Өлімнің бетін де ақпен бүркейтіндігі белгілі. Қазақтың «ару» сөзімен «арулау» сөзінде осы ырыммен төркіндес болуы керек. Жалпы, көне дүниетаным бойынша ақ түс белгілі дәрежеде қазіргі қара тустың, яғни азаның түсіретінде танылған. Ертедегі қазақтар қыз балаға ақ орамал тартқызбаған. Шындығына келгенде, алғашқы қауымдық құрылыста «аза» түту ұғымы басқашалау, былайша айтқанда, сапарға

аттандырғандай өткізілген. Қазақтың «Торқалы той - топырақты өлім» деп, ас пен тойды бір үрдісте бағалайтыны да сондықтан. Үйлену тойы мен аста атқарылатын ғұрыптық ойындар да (бәйге, палуан күрес, жамбы ату, айтыс, т.б.) бірдей.

Екі ғұрыптық кешенді олардың сыртқы ұқсастығын емес, атқаратын қызметіне дүниетанымдық тегіне қарай сараласақ, арғы тектерінің бір тамырдан нәр алғандығына көз жеткізу қиын емес.

Отбасылық ғұрып фольклорындағы көп жырланатын киелі ұғымның бірі-есік немесе босаға, маңдайша, табалдырық. Өзінше символдық мәнге ие болған бұл ұғымдар фольклор поэтикасында формулаға айналған. Мәселен, жаңа туған баланың «жолдасы» табалдырық астына көміледі. Сондықтан табалдырықты басуға болмайды. Босағаның өзін «ақ босаға», «алтын босаға» деп қастерлеп атайды. Ұзатылатын қыз үйімен, елімен қоштасарда:

Алтын да менің босағам,
Күміс те менің босағам,
Аттап бір шығам деп пе едім?!
Күңіреңіп шығам деп пе едім,
немесе
Өлгенде шығам деп едім,
Жібермеші босағам...

деп табалдырыққа бүгіліп, босағадан ұстап жібермейді. Дәл осы сияқты өлікті шығарарда да табалдырыққа қойып тоқтатады. Өлікті үйден аяқ жағымен шығарады. Екі ғұрыптың да мәні басқа әлемге аттанардағы шекарадан өту. Табалдырықты басуға, есіктікеруге болмайды дейтін тыйымның сыры да осында. Халық шығармашылығында табалдырық, босаға, маңдайша - бүгіннің орнына жүретін есіктің бөлшектері. Оның ішінде көбірек қолданылатыны - босаға. Отбасылық ғұрыптарының қай-қайсысында болмасын бұлар аса маңызды рөл ойнайды. Осы ғұрыптың дүниетанымнан фольклорға ауысқан бұл ұғым отбасылық ғұрып поэзиясында, әсіресе, қыздың қоштасуында тұрақты формулаға айналған.

Қыздардың сынсуында бүгінгі көзбен қарағанда, әншейін ұйқас үшін алынғандай көрінетін, осындай жолдар жиі кездеседі. Этнографиялық детальдармен салыстырғанда ғана олардың түпкі мазмұнын, астарлы мағынасын аңдауға болады. Мысалы:

Төрге бидай шашайын,
Айырма, халқым, айырма,
Төрге кілем басайын.
Жылап, мауқым басайын,-

деген қыздың қоштасуындағы алғашқы екі жолдың этнографиялық астарына үңілсек, мұнда өлім кезінде істелетін салт бейнеленгенін көреміз. Өлікті шығарған соң, оның аруланған орнына бидай шашып тазалау ғұрпы ел ішінде күні кешеге дейін сақталған. Оның мәні – арты өркенді, жақсы болсын дегенге саяды. Сонымен қоса өлген адамның орынын жаңа ұрпақ басады, яғни өлім - өсіп-өнуге, жаңа өмірдің көктеуіне себепкер деген көне ұғым ізде бар. «Өлім, мәйіт, қан – жерге көмілген. Тұқым іспеттес, жерден жаңа өмір сипатында өркендеп шығады» (Бахтин, 1990:543), - деп жазады М. Бахтин ол жөнінде. Сол сияқты:

Төр алдында жер қаздым,
Көтеріпатқа салғандай,
Қамшы бойы ор қаздым.
Ағатай, саған не жаздым?-

деген қыз қоштасуында да өлімде атқарылатын салт көрінісбереді. Оған байланысты: «...өлікті жуып шығарған мұндай орынды «аруланған жер» деп атайды» (Арғынбаев, 1973:327) деп жазады профессор Х. Арғынбаев. Жоғарыдағы өлеңде қыз өзінің аттанып бара жатқан сәтін өлімді аттандырғаннан кейін жасалатын салтпен ұқсастырып тұр.

Сол сияқты өлікті мүрдеге қазақтар ақ киізге орап, кілемге салып, көтеріп апаратыды. Бұрын келінді де үйге таяғанда ақ киізге немесе кілемге салып, көтеріп апару салты болған. Келінге арнап отау тігілсе, өлікті бөлек киіз үйден шығаратыны, кейіннен «үй» (мола) тұрғызатыны тағы бар. Қазақтың күмбезді көне зираттары киіз үй пошымдас.

Мола салдық дегеннің орнына «үй тұрғыздық», «там салдық» деп жатады.

Бұл ұқсастықтардың барлығының төркіні бір әлемнен екінші әлемге ауысудың өтпелі жолы деп ұғынатын көне мифологиялық дүниетанымда. Көне қоғамдағы өлікті жөнелту ғұрпының жиынтығы осы дүниетаным негізінде қалыптасқан. Ежелгі халықтардың адамның өлуін олардың басқа әлемде тууымен барабар санауы (тіпті, өлімнің келуі онын тууы деп түсінілген) туу мен өлімге байланысты рәсімдердің біртектестігіне себепкер болған. Ал неке болса – туу мен өлімнің арасындағы өтпелі белес, сондықтан ол – кету мен келуді, туу мен өлуді қабат бейнелейтін тоғыспалы ғұрыптар кешенін құрайды.

Көне дүниетаным бойынша, өлу - басқа әлемге ауысу ғана емес, басқа сипатта қайта туу. М. Бахтинше айтқанда, туу мен өлімге байланысты рәсімдердің «амбивалентті» болатыны сондықтан. Адамдардың болмысын өзгерту үшін өліп, қайта туу керек. Яғни, патша, абыз, әулие, бақсы, ақын-жыраулық қасиетке ие болу - өліп, қайта туумен барабар. Демек, өлімге байланысты ғұрыптар - қос тінді, М.М. Бахтинше айтқанда, «амбивалентті». Ол - бір жағынан өлімді бейнелесе, сонымен қатар тууды, жаңғыру, жанаруды бір сипаттан екінші сипатқа, бір әлеуметтік мәртебеден екінші әлеуметтік мәртебеге ауысуды бейнелейді. Сондықтан ол жоралғылар бірде бала тууға, бірде қыз ұзатуға, ендібірде жаңғыру, жаңаруға байланысты басқа ғұрыптарда көрініс тауып жатады.

Фольклор поэтикасындағы көркемдік құралдардың қай-қайсысының болмасын арғы тегінде адам мен табиғат арасындағы мифологиялық теңдестіру жатыр. Ол алдымен, метафораға, одан символ – эпитет – теңеу т.б. болып көркемдік тәсілдерге айналған. Олардың барлығы М.М.Покровский көрсеткендей: «Соответствуют психологическим законам ассоциации по смежности и по сходству» (Покровский, 1959:36). Бірақ ол процесс жіпке тізгендей етіп, баяндап шығуға көнбейтін аса күрделі құбылыс. Мифтік санадан көркемдік санаға ауысқаннан соң мүлде жаңа сапаға көтерілген айшықты қолданыстардың мәтіндік қолданыстардағы кейбір көріністеріне ғана барлау жасауға болады.

Қорытынды. Қазақ отбасылық ғұрып фольклорының жиналу, жариялану, зерттелу ісі тереңнен тамыр алатын, өзіндік тарихы, бел-белесі бар фольклортану ғылымы ғана емес, этнография, музыкатану, өнертану, ғылымдары да әр қырынан зерделеп келе жатқанын көреміз. Оның өрісі де тек Қазақстанда ғана емес, Қытай Халық Республикасы, Моңғолия Халық Республикасы, Өзбекстан сияқты елдерде тұратын іргелі диаспоралар аясына да кең қанат жайған, құлашы кең сала. Бұлардың барлығы кешенді де, іргелі зерттеуге тиянақ болатын іргетас еңбектер.

Біз қарастырған әлемдік фольклортану ғылымында «ортақ тұстар» (общие места) деп аталып кеткен мұндай ғұрыптық параллельдер – фольклор поэтикасының этнографиялық бастауларын зерттеудегі аса маңызды детальдар. Этнографиялық және фольклорлық материалдар тұтастығы арқылы ежелгі дүниетаным, мифологиялық сана іздеріне жетелейді.

Отбасылық ғұрып фольклорының поэтикасы – жалпы фольклор поэтикасымен астасып жатқан аса күрделі көркемдік әлем. Оның ғұрыптық фольклорға тән, алдымен көзге түсетін көрнекті сипатының бірі – халық этнографиясымен тығыз байланысып жататындығы. Ол ғұрыптық фольклордың практикалық мәнге ие қызмет аясының мазмұнын ғана анықтап қоймайды, оның көркемдік әлемінің ерекшеліктерін қалыптастыруға да қызмет етеді.

Талдаулар нәтижесінде отбасылық ғұрып фольклорында көп жырланатын киелі ұғымдар тізбесі анықталды. Олар: отау, шаңырақ, есік, босаға, маңдайша, табалдырық, бесік, шымылдық, т.б.

Қоғам дамып, уақыт озған сайын фольклорлық шығармалардың этнографиялық рәсімдермен, жол-жоралғылармен байланыстар типологиясы әртүрлі сатыға, түрлі деңгейге көтеріліп, қилы-қилы сипатта көрінеді. Бір шығармалар, таза рәсімді атқару қажеттілігінен туып, соған кіндік бауы байланып жатса, екінші бір шығармалар оларға жанамалай қызмет етіп, қосымша ыңғайда орындалады, енді бір қатар шығармалар дәстүрлі дүниетанымның идеялық өзегі мен ұстанымдарын мазмұндық өзегіне айналдырып, оны баяндай жырлайды, төртінші бір ретте ғұрыптық кешендердегі

мотивтер, сюжеттер, мифтік ұғым-түсініктер, діни наным-сенімде көркем шығарманың поэтикалық әлеміне сіңісіп, формулаларға, клишелерге, тұрақты қайталауларға, символға, күрделі метафораға, теңеулер мен айшықты анықтауыштарға айналып кетіп отырады. Қазақ отбасылық ғұрып фольклорының поэтикалық әлемінен осы күрделі типологиялық сипаттардың барлығын көруге болады. Яғни, ғұрыптық фольклор поэтикасы оның атқаратын практикалық қызметтеріне, этнографиялық байланыстар типологиясына тәуелді. Отбасылық ғұрып фольклорының поэтикалық жүйесінің, ондағы формулалардың, клишелердің, құбылтулардың (троптардың), қайталаулардың пайда болуында, қалыптасу мен дамуында мифтік санадан бастау алатын ғұрыптық дүниетанымның орны ерекше. Оған біз отбасылық ғұрып фольклорының этнографиялық байланыстар типологиясын қарастыра отырып көз жеткізгендей болдық. Ықпалым замандардан бері әлденеше кезеңдерден өтіп, көркем лирикаға айнала бастаған отбасылық ғұрып фольклорының табиғатынан ежелгі синкретизм қалыптастырған бағзы ғұрыптық дүниетаным сілемдерін әлі де байқауға болады.

Әдебиеттер:

- Абылқасымов Б.Ш. Телқоңыр. Қазақтың көне наным-сенімдеріне қатысты ғұрыптық фольклоры. Алматы.1993.
- Арғынбаев Х. А.Қазақстандағы семья мен неке. Алматы.1973. 382 б.
- Арнольд ван Геннеп. Обряды перехода. Систематическое изучение обрядов. М., 2002. 198 с.
- Әуезов М. Халық әдебиеті туралы хат // Жиырма томдық шығармалар жинағы. Т.15. Алматы. Жазушы, 1984.
- Байтұрсынұлы А. Жоктау // Ақ жол /Құраст. Р.Нұрғалиев. Алматы. Жалын, 1991.
- Бахтин М.М. Творчество Франсуа Рабле и народная культура средневековья и ренессанса. М., 1990.
- Бердібаев Р. Эпос – ел қазынасы. Алматы. Рауан, 1995.
- Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Алматы.1985, Т.2. 416 с.
- Гродеков Н.И. Киргизы и кара-киргизы Сыр-Дарьинской области. Ташкент, 1889. 544 с.
- Досмұхамедов Х. Аламан. Ташкент: 1926.
- Затаевич А. 1000 песен казахского народа Оренбург, 1925.
- Ел қазынасы – ескі сөз. В.В.Радлов жинаған қазақ фольклоры үлгілері. /Құраст. Уахатов, С.А.Қасқабасов, К.С.Матыжанов). Алматы. Ғылым, 1994. 614 б.
- Ерзакович Б. Песенная культура казахского народа. Алматы. Наука, 1966. 401 с.
- Жубанов А. К вопросу о возникновении казахского музыкального жанра кюй. Историко-лингвистический очерк. Кзыл-Орда, 1936.
- Көпеев М.-Ж. Таңдамалы. Екі томдық шығармалар жинағы. Т. 1. Алматы.1990.
- Қазақтың 200 әні /Құраст. Бекхожина Т. Алматы. Ғылым, 1972.
- Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері. Алматы.2001. 428 б.
- Қазақтың халық творчествосы. Ә.Диваев жинаған материалдар /Құраст. Ф.Оразаев, Т.Сыдықов. Алматы. Ғылым, 1989. 384 б.
- Қасқабасов С. Қазақ халық прозасы. Алматы.1984. 271 б.
- Қасқабасов С.А. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ фольклористикасы // Қазақ фольклористикасының тарихы. Алматы. Ғылым, 1988.
- Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі («Диуани лұғат-ит-түрік») /Қазақ. тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А. Егеубай // А. Егеубай. 3 томдық шығармалар жинағы. Алматы. ХАНТ баспасы, 1997. Т.1.
- Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. Алматы. Ғылым, 1987. 368 б.
- Марғұлан Ә. Эпос жырын туғызудағы тарихи мұралар // Халық мұғалімі. 1940. №4.
- Нестеров С.П. Конь в культурах тюркоязычных племен Центральной Азии в эпоху средневековья. Новосибирск, 1990.
- Покровский М.М. Значение сравнительного языкознания классической филологии. М., 1959.
- Рычков П.И. Капитан жазбалары. Алматы.1995, 104 б.
- Сейфуллин С. Бес томдық шығармалар жинағы. Алматы.1988.
- Тал бесіктен жер бесікке дейін. Алматы.1996. 272 б.
- Толубаев А.Т. Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX-начало XX вв.). Алматы.1991. 214 с.
- Уахатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. Алматы.1974.
- Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. Алматы.1993.

References:

- Abylkasymov B.Sh. Telkonyr. Kazaktyn kone nanyim-senimderine katysty guryptyk folklorly. Almaty. 1993 (In Kazakh).
- Argynbaev X. A. Kazakstandagy semya men neke. Almaty. 1973. 382 b (In Kazakh).
- Arnold van Gennep. Obryady perehoda. Sistematicheskoe izuchenie obryadov. M., 2002. 198 s (In Russian).
- Auezov M. Halyk adebiyeti turaly hat // Zhiyrma tomдық shygarmalar zhinagy. T.15. Almaty: Zhazushy, 1984 (In Kazakh).
- Bahtin M.M. Tvorchestvo Fransua Rable i narodnaia kultura srednevekovyia i renesansa. M., 1990 (In Russian).
- Baitursynuly A. Zhoktau // Ak zhol /Kurast. R.Nurgaliev. Almaty: Zhalyn, 1991 (In Kazakh).
- Berdibaev R. Epos – el kazynasy. Almaty. Rauan, 1995 (In Kazakh).
- Dosmuhamedov H. Alaman. Tashkent: 1926 (In Kazakh).
- El kazynasy – eski soz. V.V.Radlov zhinagan kazak folklorly ulgileri. /Kurast. Uahatov, S.A.Kaskabasov, K.S. Matyzhanov). Almaty: Gylym, 1994. 614 b (In Kazakh).
- Grodekov N.I. Kirgizy i kara-kirgizy Syr-Darinskoi oblasti. Tashkent, 1889. 544 s (In Russian).
- Kashkari M. Turik tilinin sozdigi («Diuni lugat-it-turik») /Kazak. tiline audargan, algy sozi men gylymi tusinikterin zhazgan A. Egeubai // A. Egeubai. 3 tomдық shygarmalar zhinagy. Almaty: HANT baspasy, 1997. T.1 (In Kazakh).
- Kaskabasov S.A. XIX gasyrdyn ekinshi zhartyсындагы kazak folkloristikasy // Kazak folkloristikasynyn Tarihy. Almaty: Gylym, 1988 (In Kazakh).
- Kazaktyn 200 ani/Kurast. Bekhozhina T. Almaty: Gylym, 1972 (In Kazakh).
- Kazaktyn adet-guryptary men salt-dasturleri. Almaty. 2001. 428 b (In Kazakh).
- Kazaktyn halyk tvorchestvosy. A. Divaev zhinagan materialdar /Kurast. F.Orazaev, T.Sydykov. Almaty: Gylym, 1989. 384 b (In Kazakh).
- Konyratbaev A. Kazak eposy zhane turkologia. Almaty: Gylym, 1987. 368 b (In Kazakh).
- Kopeev M.-Zh. Tandamaly. Eki tomдық shygarmalar zhinagy. T. 1. Almaty. 1990 (In Kazakh).
- Margulan A. Epos zhyryn tugyzudagy Tarihi muralar // Halyk mugalimi. 1940. №4 (In Kazakh).
- Nesterov S.P. Kon v kultah turkoiazychnyh plemen Sentralnoi Azii v epohi srednevekovyia. Novosibirsk, 1990 (In Russian).
- Pokrovskii M.M. Znachenije sravnitel'nogo yazykoznanii klassicheskoi filologii. M., 1959 (In Russian).
- Qasqabasov S. Qazaq halyq prozasy. Almaty. 1984. 271 b (In Kazakh).
- Rychkov P. I. Kapitan jazbalary. Almaty. 1995, 104 b (In Kazakh).
- Seifullin S. Bes tomдық shygarmalar zhinagy. Almaty: 1988 (In Kazakh).
- Tal besikten zher besikke deyin. Almaty. 1996. 272 b (In Kazakh).
- Toleubaev A. Relikty doislamskih verovanii v semeinoy obryadnosti kazakhov (XIX- nachalo XX vv.). Almaty. 1991. 214 s (In Russian).
- Uahatov B. Kazaktyn halyk olenderi. Almaty. 1974 (In Kazakh).
- Valihanov Ch.Ch. Sobranie sochinenii v pyati tomah. Almaty. 1985, T. 2. 416 s (In Russian).
- Ybyraev Sh. Epos alemi. Almaty. 1993 (In Kazakh).
- Yerzakovich B. Pesennaia kultura kazahskogo naroda. Almaty: Nauka, 1966. 401 s (In Russian).
- Zataevich A. 1000 pesen kazahskogo naroda. Orenburg, 1925 (In Russian).
- Zhubanov A. K voprosy o vzniknovenii kazahskogo muzykal'nogo zhanra kui. Istoriko-lingvisticheskii ocherk. Kzyl-Orda, 1936 (In Russian).

Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің АР05135437 «Дәстүрлі ұлттық тәрбие (ұлттық код) және рухани жаңғыру (Қазақ фольклоры мен әдебиеті материалдары негізінде)» грантық жобасы аясында дайындалды.

ҒТАХР 03.41.00

ӨЗБЕКСТАНДАҒЫ ӨКІРЕШ АТА ЕСКЕРТКІШІ СЫР ШЕРТЕДІ

Тоқтабай А.У.¹, Карамендина М.Ө.²

¹ Тарих ғылымдарының докторы, профессор.

Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының
Бас ғылыми қызметкері. Қазақстан. Алматы. E-mail: akhmet.t@mail.ru

² Педагогика ғылымдарының магистрі,

Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының
ғылыми қызметкері. Қазақстан. Алматы. E-mail: karamendina70@mail.ru

Түйіндеме. Бұл мақала наймандардың арғы тегі – Өкіреш ата, Өзбекстандағы өкіреш-наймандар жайында. Кейбір шежірешілер наймандардың арғы тегі – Өкіреш шал деп есептейді. Өкіреш – бұқа деген сөз, найманның хандық атауының қосымшасы, шал – ханзада деген мағынаны білдіреді. Туыстас түркі тілдес елдердің ортақ аңыз-шежіресінің бірі «Өгізхан», астрономиялық мазмұнға арналған. Бұқа-Өгіз отырықшылық кезеңдегі негізгі культтің бірі болып табылады.

Ортағасырлық тарихи жазбаларда кездесетін «Бұқа», «Күшлік Бұқа», «Байбұқа», «Бұйрық» лауазымы көбінесе наймандарға қатысты қолданылады. Найман хандығы 1120 ж құрылған. «Аша танба найман» деген ұғым қазақ жырларында жиі кездеседі. Наймандардың Орта Азияға қоныс аударуы XIV ғ. Әмір Темір, XV ғ. – XVI ғ. Әбілқайыр Шайбани, XVIII ғ. Ақтабан-шұбырынды замандарына сәйкес келеді. Тарихи деректерде наймандардың атақты адамдарын жерлейтін қабірстаны – Самарқандтағы Шахи-Зинда.

Кілт сөздер: найман, Өкіреш, лақап ат, аңыз, тотем, тайпа, шежіре, әскербасы, шал, Оғыз, Өгіз-хан, лауазым, диқаншылық, Үркер.

МРНТИ: 03.41.00

ТАЙНА, ПОВЕДАННАЯ ПАМЯТНИКОМ СВЯТОГО ОКІРЕШ АТА В УЗБЕКИСТАНЕ

Тоқтабай А.У.¹, Карамендина М.Ө.²

¹ Доктор исторических наук, профессор.

Главный научный сотрудник Института истории и этнологии
им. Ш. Валиханова. Казахстан. Алматы. E-mail: akhmet.t@mail.ru

² Магистр педагогических наук, научный сотрудник Института истории и этнологии
им. Ш. Валиханова. Казахстан. Алматы. E-mail: karamendina70@mail.ru

Аннотация. Эта статья о родословной найманов - Окиреш Ата, о Окиреш-найманах в Узбекистане. Некоторые летописцы считают, что предком найманов был Окиреш шал. Слово Окиреш означает быка, дополнение к королевскому имени Найман, шал - означает принц. Один из общих легенд родословной тюркоязычной страны «Огузхан», посвящен астрономическому содержанию. Бык - является одним из основных культов оседлого периода.

Должность «Бука», «Кушлык Бука», «Байбука», «Буйрык», которая встречается в средневековых исторических записях, часто применяется по отношению к найманам. Найманское ханство образовано в 1120 году. Понятие «Аша танба найман» часто встречается в казахских эпосах. Переселение найманов в Среднюю Азию восходит к XIV веку Амиру Темиру, XV в. - XVI в. Абулхаир Шайбани, XVIII в. Ақтабан-Шұбырынды. В исторических источниках находят захоронение знаменитых людей найманов – Шахи-Зинда в Самарканде.

Ключевые слова: найман, Окиреш, прозвище, легенда, тотем, племя, родословная, военачальник, шал, Огуз, Огуз-хан, должность, земледелие, Үркер.

IRSTI:03.41.00

THE MONUMENT OKIRESH BABA IN UZBEKISTAN PRESERVES MYSTERY

Toktabay A.U.¹, Karamendina M.O.²

¹Doctor of historical Sciences, Professor. Chief researcher of the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. Kazakhstan. Almaty.E-mail: akhmet.t@mail.ru

²Master of pedagogical Sciences, research fellow at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. Almaty.E-mail:karamendina70@mail.ru.

Abstract. This article is about the lineage of Naiman – Okireshe ata, about okireshe-naiman in Uzbekistan. Some chroniclers believe that the ancestor of the Naimans was Okireshe shal. The word Okireshe means bull, addition to the royal name Naiman, shal - means prince. One of the common legends of the pedigree of the Turkic-speaking country “Oguzkhan” was devoted to astronomical content. Bull - was one of the main cults of the settled period.

The positions “Buka”, “Kushlyk Buka”, “Bay buka”, “Buyryk”, which was found in medieval historical records, are often applied to naimanas. The Naiman Khanate was founded in 1120. The concept of “AshaTanbaNaiman” is often found in Kazakh epics. The resettlement of Naimans to Central Asia dates back to the XIV century, Amir Temir time, the XV century - the XVI century AbulhairShaibani, the XVIII century Aktaban-Shubyrindy. The historical sources find the burial of famous people among Naimans. For instance, Shahi Zinda in Samarkand.

Keywords: naiman, Okireshe, nickname, legend, totem, tribe, pedigree, commander, shal, Oguz, Oguz-khan, Urker.

Кіріспе. Наймандар Өзбек хандығының және Қазақ хандығының құрылуына белсене араласқан тайпа. М. Тынышпаев наймандардың қазақ халқына туыстас қырғыз, өзбек, қарақалпақ, ноғай, қырым татарлары арасына шашылғаны туралы 1925 жылы шыққан еңбегінде атап өткен (Тынышбаев, 1925). Кейбір шежірешілер наймандардың арғы тегі – Өкіреш шал деп есептейді. Өкіреш – бұқа деген сөз. Туыстас түркі тілдес елдердің ортақ аңыз-шежіресінің бірі «Өгізхан». Өгізхан аңызы астрономиялық мазмұнға арналған, аспан Сиырымен (өгіз-бұқа) байланысты. Өгіз өз алдына ел ұйымдастырып әскер құрып, хан сайланады, Өгізхан (Оғызхан) аталады. «Бұқа» Найманның хандық атауының қосымшасы. Осыған байланысты Өкіреш-найман руының генеологиясы мен этникалық ерекшеліктерін жаңа деректер арқылы, ғылымдар сабақтастығы негізінде анықтап, екі халықтың (өзбек, қазақ) көнеден келе жатқан мәдениеттерінің ықпалдастығын зерттеудің өзектілігі жоғары болып табылады.

Тарихнама. Найман тайпасындағы Өкіреш баба туралы аңызға, оның зиратына қатысты мәліметтер 2019 ж. Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының экспедициясы Өзбекстанға арнайы барып, зерттеу жұмысын жүргізгенде жиналды. Найман шежіресіне қатысты мәліметтер М. Тынышбаев, Рашид-ад-Дин, Н. Аристов, Қ. Халид, С. Ақатаев, Камал Абдрахман, «Алаш» тарихи-зерттеу орталығының еңбектерінен алынды. Астрономиялық мазмұндағы ұлттық дүниетанымға қатысты мәліметтер Ә. Марғұлан, Г. Потанин, А. Машанов, Ш. Әбдіраманұлы, Н. Захарова еңбектерінен алынды. Сондай-ақ, тақырыпқа қатысты З. Қинаятұлы, Т. Акерев, Т. Жұртбаев, А. Аманжолов еңбектері пайдаланылды.

Әдістеме. Иссапармен Науаи өңіріндегі жергілікті тұрғындармен сұхбаттасқан мәліметтер қағазға түсірілді, әкелінген экспедиция материалдары шежіре материалдарымен, жазба деректермен салыстырыла зерттелінді.

Негізгі бөлім. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» жылдарында наймандардың көпшілігі қырылып, қалғаны Самарқанд, Бұқара өңірлеріне ығысқан. Тарыдай шашылған наймандардың бір бөлігі Шибан ұлысына бөлінген. Дерек мәліметтері бойынша олардың өздері екіге бөлініп беріледі: бірі – найман деп жай ғана аталса, екіншісі – өкіреш найман деп аталады (Тарихи-Абулхаир-хани). Өкіреш атауы қазіргі найман шежіресінде қазақ халқының құрамындағы бүкіл тайпаның арғы

аталарының бірі ретінде кездеседі (Қазақ ру-тайпаларының тарихы, 2008).

Қ. Халид: «Орта жүздің өзінен яки баласынан Найман туған, Найманның баласы Өкіреш, бағзылар Өкіреш лақабы», - дейді (Халид, 1992). Орта жүздегі найман, біздің қазақтың ескі сөзінше, Софы мырза дегеннің нәсілі. Оны Баба мырза деген інісі өлтіргенде, Софы мырзаның тоқалының жалғыз баласы Өкіреш қазақ ішіне көшіпті (<https://alashainasy.kz>). З.Ә. Қайсеновтың пікірінше: «Негізінен Өкіреш наймандар Бағаналы, Балталы аталатын тайпалар ішінде. Соларды дәріптейміз деп бұрынғы шежірешілер Найманнан Белгібай (Өкіреш) деп қосақтап көрсеткен. Тарихты білмегендіктен шежірешілер найманды тоқсандағы шал жасап, Белгібай (Өкіреш) тудырған» (Қайсенов, 2001). Қ.Халид: «Өкірешті XIV-XV ғасырдағы Орысхан шамалас», - дейді.

Б.з. XI ғ орта шенінен бастап Найман ұлысы тарих сахнасына «найман» атауымен шықты. Бүкіл тайпа Найманның 90 жасқа келгенде көрген жалғыз ұлы Белгібайдан тарапты-мыс. Бір адамның кіндігінен тарату, бертінгі бір мәшһүр тұлғадан бастап санамалап кету, көбінесе, аңыздың желісі (Қазақ ру-тайпаларының тарихы, 2008:137). Аңыз бойынша Найман Бұқарада оқыған молда, ғалым кісі болған, киімді ақтан киген, атты қылаңнан мінген, өзінің өңі ақ кісі екен, сопы молда болған соң «Ақ сопы» атанған. Найманның лақап аты – Өкіреш (Еңсебаев, 2010:81). Лақап – ерте заманда атақ, даңқ деген мағынада қолданылған. Тарихи деректерде наймандардың әскери әкімшілік және басқа да мемлекеттік құрылымдарға қатысты арнаулы атаулар кездеседі. Бұл атаулардан сол кездегі Найман хандығының мемлекеттік жүйесінің даму дәрежесін және басқалар жағынан қаншалықты ықпалға ұшырағанын көруге болады (Бақыт Ежен, 2003). Найманның әкімшілігінің атауы «шал». Шал – ханзада деген мағына береді (Рашид-ад-дин, 1946:184). Ақсүйек ұрпағы саналатын шалдың сыртқа қол бастап шығатын, жат ру-тайпалардың істеріне қатысатын, ел арасындағы араздықтарды келістіретін, заңды атқаратын міндеттері болған. Өкіреш Шал – найман елінің ханнан кейінгі мемлекеттік лауазымдардың ең жоғарғы атағы. Аңыз бойынша Өкіреш шал 1310 жылы туған, жастық және толысқан шақтарында – әскербасы, егдене келе дінге бет бұрыпты, «Ақмырза», «Ақсопы» аталуы осы түс сияқты (Абдрахман Камал).

Өкіреш – бұқа деген сөз. Ішкі Моңғолияның солтүстік-шығысына қарай Бұқа деген өзен бар. Наймандар соның қойнауынан өрген, ол өзен әлі күнге дейін бар (Жошы ханның...2016). Көлдің, бұлақ пен өзеннің пайда болуы жөніндегі мифтік аңыз-әңгімелердің бір сарасы қасиетті жануарды тотем тұтумен байланысты айтылады (Уәли Нүргелді, 2019:11). Ертеде Күн – оттың қожасы, ал Ай – судың билеушісі деген ой қалыптасқан екен. Р.Н.Безертиновтен оқитынымыз: «жылқы жоғарғы әлем иесінің жануары саналса, бұқа төменгі әлем иесінің жануары саналады» (Безертинов, 2017:16). Жерді Көк Өгіз көтеріп тұр дегенді ата-әжелерімізден естіп өстік. О.Сүлейменов: «Айға табынушылық дәуірде тотемге қарым-қатынас өзгерді. Енді аспан денесіне «үксас» жануарды құдай деп таниды. Тандаулысы болған даланың қара сиыры, оның басындағы мүйізі оңтүстіктен жаңа туған ай тәріздес. Сол кезден бастап өгіз Айдың жердегі нақты үлгі бейнесі» - дейді (Сүлейменов, 2006). Баяғыда есепшілер Айдың неше жаңасында Үркермен тоғысатынын бақылай отырып, уақыт есебін жүргізген. Олар көк жүзіндегі аспан шырақтары туралы ілім-білімдерін жас ұрпаққа түсінікті болуын көздеп, өз жандарынан аңыз, ертегі де шығарған. (Уәли Нүргелді, 2019) Мысалы, «Жеті қаракшы», «Ақ боз ат», «Көк боз ат», «Үркер» туралы аңыз-ертегілер.

Табиғат құбылыстарының айналып келіп отыруын – күн мен түннің, жыл мезгілдерінің, ай жаңалануының алмасып отыруын мұқият бақылып, есептеп ұғынудың қазақ халқының шаруашылық өмірі үшін орасан зор тәжірибелік маңызы болған (Қалиев, 1994:50). Мысалы, «Ай шалқасынан туса, ай бойы аяз», «Ай арасы – толас» дейді немесе шаруашылық маусымдарын Үркердің тууы мен батуына сәйкестендірген халқымыз «Үркерлі айдың бәрі қыс», «Үркер туса сорпа ас болады», «Үркер мен Ай ауыл-үй қонысты, Үркер мен Ай тоғысты» дейді. Осындағы тоғыс, тоғам – Ай орағының не табағының Үркерді «басып өтуі». Ол үш күнге созылады. Бірінші күн – «тоғам», екінші күн – «Ауыл үй қонғаны», үшінші күн – «өріп шыққан». Ай мен Үркер жылына он үш рет кездеседі, демек бір жылда он үш тоғыс айы болады. Қазақ

халқы Үркер жұлдызын аса қасиет тұтқан, қариялардың айтуы бойынша: «Үркер – жұлдыздардың ағасы» (Кейкін Жәрдем, 2006). Астрономиялық таным элементтерін ертегі-аңыз, ауыз әдебиетінің барлық түрінен аңғаруға болады.

Жердің Күнді бір айналып шығатын бір жылдық жолы – жұлдыз жолы, күс жолы – эллиптика. Сол жол он екіге бөлініп, әрқайсысына белгі ретінде бір жұлдыз тобы алынған, мүшел жұлдыздары сол. Олардың әрқайсысының белгіленген аттары бар. Олар – жануар аттары. 12 жылдық жануарлар тізбегі б.д.б.І ғ.-б.з.алғашқы ғасырларында Орта және Орталық Азия аймағында алғашқы қауымдық қатынастар ыдырап, таптық феодалдық қатынастар пайда бола бастаған сатыда өмір сүрген тайпалар мен халықтар ортасында шыққан. Бұл тізбектің шығуы түркілерде 12 (24) мүшелік ру-тайпалық жүйенің қолданылуна және сондай-ақ тізбектің құрамына енген жануарлардың көпшілігіне қатысты тотемдік ұғымға байланысты болды. Е.Шаванның пікірі бойынша, түркілер 12 жануар тізбесін жасап, оны жыл санауда тұңғыш қолданғанына ешкімнің таласы жоқ. «Содан кейін,- дейді Е.Шаванн, - оны қытайларға берген (Захарова, 2006:25).

«Өгізхан» – түркіәсілдес ұлтқа ортақ аңыз-шежіренің бірі. Ш. Әбдіраманұлы «Мұны Тұранның аңыз атасы деуге болады» дейді (Әбдіраманұлы, 2004). Он екі жылдық мүшел жануарларының бірі – сиыр болса, Өгізхан аңызы сол аспан Сибирьмен, яғни сәуір-үркер аталатын жұлдыздар тобымен байланысты. Халқымызда «Екі батыр соғысты, Үркермен айдай тоғысты» деп көктемгі күн мен түн теңелісінің басы – наурыз мейрамы етіп алуы халқымыздың өзіне тән астрономиялық терең түсінігі деп ұғуымыз керек.

Аңыз бойынша, Оғыз ханға соғысқа мінер атын және жабдықтарын тиетін арбаны Қаңлы деген кісі жасап берген. Оғыз хан Үркер жұлдызының персонификацияланған эквиваленті болып табылады. Сол Оғыз хан – Үркер өзінің арбасымен (өгіз арба) аспанда бірнеше жылдар бойы сапар шегеді. Ай мен Үркер тоғысқанда жаңа жыл – наурыз туады. Ай қояндай кішірейіп болғанда, онымен Оғызхан-Үркер өгіз арбасымен қоса тоғысады. Содан кейін, «көріс айы туады» (Қазақтың этн.катерг., 2012).

Аңыз бойынша Өгізхан жасынан өзі сүйген Ай орағының таңбасын өзінің найзасына, аса таяғына қадатады, оны мөр таңбасы ретінде туына тактырады. Сонымен Ай таңба Өгізханның қол таңбасы, оның мирастық белгісі-гербі, қол астындағы халықтың атқара белгісі мөр таңбасына айналады (Әбдіраманұлы, 2004). Бұл Ай таңбасын біздер қазіргі Түрік, Азербайжан байрақтарынан көреміз. Атақты Низами өзінің «Жеті ару» немесе «Жеті қат көк» атты астрономиялық поэмасында:

«Көтерген Ай сұлуды алып Өгіз,

Көктемде аспан туы ол – Наурыз» - деген (Низами, 1980).

«Жыл басы болуға жануарлар таласқан» деген ертегі бар екенін білеміз. Сонда сиыр атты мүшел жұлдыз тобы қашан жыл басы болған? деген сұрақ туындайды. Біздің қазіргі жыл басы Тышқан деп жүргеніміз осыдан кемінде 2500 жыл шамасы бұрын болған оқиға. Ал сиырдың жыл басы болғаны онан да әрі, 5000 жыл шамасы бұрынғы оқиға. Аңызды оқығанда байқайтынымыз Өгізхан елі өнерлі, мәдениетті, білімді болғаны (Машанов, 1994). Сиыр малын әулие тұту сол кезде көп елдерде болғаны бізге мәлім. Мысалы: грек-египет ұғымында Ио (Исид) тәңірі сиыр кейпінде берілген. Мысырдың қасиетті өгізі Апис (Эпаф) сол Ио-Исид сиырдың ұлы. Ескі құрлыққа жататын «Азия» және «Еуропа» атаулары сол сиыр сеніміне байланысты алған-ды. Еуропа – финики патшасы Агенордың қызы, оны Өгіз-Зевс алып қашады (Машанов, 2004:113). Демек, Өгізхан дәуірі дүние жүзіне мағлұм болған, басқаша айтсақ қазақ халқының сол жердегі мәдениеті алдыңғы қатарда болған деп білеміз. Өгізхан заманының арғы жағына көз жіберсек, осыдан 5000-6000 жыл бұрын Шумердің тас кітабында мынадай мәлімет бар: «Қазіргі жыл басы Сиыр, онан бұрын өткен замандарда жыл басы Егізде (Барыс) болған. Әрбір екі мың жыл шамасында жыл басы бір мүшелден екінші мүшелге ауысып отырады». Мұнда көңілге түйетін нәрсе: жыл басы, оның ауысуы деген түсініктер шумерлер мен қазақтарда ұқсас мағынада айтылады (Машанов, 1970).

12 жылдық жануарлар тізбегінің пайда болған кезеңінде Орталық Азияда тек қана мәлім болып қоймай, сонымен қатар табынуда белгілі рөл атқарған (Захарова, 1960).

Наурыз – тұрмыс, шаруашылық мейрамы. Қазақ диқаншылары егіншілікті әдеттен тыс күштің күдіреті, Тәңірдің ісі деп санаған (Алтаев, 1994). Халықта «Диқан болсаң, қос өгіздің тең болсын. Малшы болсаң, қос етегің кең болсын» деген мақал бар (Қазақтың мақал-мәтелдері, 2012). Қазақтар наурызды жыл басы ретінде өгіздің басын асататын екен. Өгіз отырықшылық кезеңдегі негізгі культтің бірі болып табылады. Қазақтар Күн туралы: «Түске дейін көк өгізге мінеді, түстен кейін Күн көк жорғаға мінеді», - дейді екен. Демек, төрт түліктің бірі – жылқы – соғыс тотемі, яғни көшпелілік символы болса, өгіз – диқаншылық тотемі, отырықшылықтың символы болып шығады (Алтаев, 1994:120). Рашид-ад-дин наймандарды бір кездері қырғыздар ығыстырып жіберген Енисейдің ежелгі халқы деп атаған (Рашид-ад-дин, 1952). Сондықтан Т.А. Акеров: «Наймандардың қырғыздар сияқты егіншілікпен айналысқанына В.В. Ушницкий баса назар аударды, мұның өзі олардың Солтүстіктің басқа көшпенділерінен ерекшелігі болатын», - дейді (Акеров, 2016).

Г.Н.Потанин наймандардан «Көк бұқа» аңызын жазып алып, былай деп атап көрсетеді: «Наймандардың бір бөлігі осы күнге дейін өздерін өгіздің ұрпағымыз» дейді (Потанин, 1916). Найманның ортақ таңбасы - V екі өлшемді жазық болып келеді (Карамендина, 2006). Г.И.Карпов түрікмен таңбаларының ішіндегі бұқа мүйіз нұсқасына арқар таңбамен қатар осы найман таңбасын ұқсатады (Карпов, 1945). Наймандарда тотемдік бұқаға табыну болғанында күмән жоқ. С. Аманжолов мәліметі бойынша бағаналы (найманның бір тармағы) таңбасы мүйіз тәріздес (Аманжолов, 1959). Ол қарсы қарап тұрған бұқаның басы бейнесінің идеограммасы деп түсіндіріледі.

Т.А. Акеровтың пікірі бойынша наймандардың шығу тегін моңғол дәуірінен кейін өмір сүрген алтайлық тайпалардан, атап айтқанда аздар (аз-шырын) мен булагачиндерден бөлек алып қарау мүмкін емес. Бұлар Саян-Алтай өлкесінің көптеген халықтарының, соның ішінде енисейлік және тьянь-шаньдық қырғыздардың, эхирит-булагаттардың, буряттардың т.б. этногенезіне қатысқан (Акеров, 2016:27). Наймандардың билік жүйесінен көне түркілердің ықпалы анық сезіледі. Көне түркілердің мемлекет басқару түзімдерінің ықпалы бертінге дейін жалғасқан (Бақыт Ежен, 2003:15). Ұйғыр қағанаты құрылған кезде тоғыз оғыздан бөлек «сегіз оғыз» тайпалар одағы пайда болады (Ерзат Меллат, 2019). Ноғайлардың «найман» этнонимі туралы мәліметтерінде олардың арғы тегі сегіз оғыздарға және найман мемлекетіне барып тіреледі делінген (Керейтов, 2009). И.Н. Березин «найман» деген сөз – моңғол тілінде сегіз деген сөз, сегіз рулы ел болғандықтан» дейді (Березин, 1858:267). Көптеген зерттеушілердің пікірі осындай. Н.А. Аристов «Найман деген Катуні өзенінің бір айрығы еді, сол өзен атыменен қойылған» дейді (Аристов, 1896:361). Найман атауын қидандар Алтай тауларындағы сегіз өзенді айнала орналасқан тайпаларға берген, кейін осы атпен Найман атанып кетеді. Сегіз оғыз жұртын әуелі «найман аймақ» («сегіз тайпа») деп X ғасырда қидандар атай бастаған деген топшылау бар.

X ғасырда оғыз тайпалары Селжүк тайпалық бірлестігінің негізін құрады. Бұл кезде түркі жұрты қақ жарылып, жартысы мұсылмандықты мойындаса, қалғаны әлі де Көк Тәңіріні пір тұтатын. Селжүк – оғыз тайпалық бірлестігіндегі қынық тайпасының аңызға айналған көсемінің есімі. Ол өз тайпасы мен оған бағынышты тайпаларды бастап, Сыр бойынан Мауереннахрға қарай жылжиды да, Зарафшан жазығы мен Нұратау тауы маңына қоныстанады. Осы жерде олар исламды қабылдайды (Қазақ-н тар. зерт. Т. 4., 2009: 197).

Нұратау – бүгінгі Өзбекстанның Самарқанд, Сырдария облыстарының аумағындағы, бүгінгі Науаи қаласына жақын (70-80 км) жердегі Нұратау жотасы мен оның төңірегі (Қазақ-н тар.зерт. Т. 4., 2009:207). Өзбек арасында «Бұқа» сөзі Ташкент, Бұқара, Самарқанд маңында ғана сақталған. Өзге аймақтың өзбектері «өгіз» дейді (Абдрахманов, интернет). Зеравшан наймандарының ортағасырлық қамалы – Қала – Зиявиддин (Пахтачин ауданы) қаласының маңында орналасқан болатын, онда Өкіреш наймандары тұрды. Қала көсемдердің қорғанышы және резиденциясы болып есептелген (Асанов, 2019).

Көшпелілерде әрбір ханның туы болды, қалыптасқан дәстүр бойынша бір ханда 9 туға дейін болуы керек. «Тоғыз тулы хан» дегенде көз алдына күдіретті билеуші келген. Деректерге қарағанда алғашқы қазақ билеушілері «Тоғыз тулы хандар»

болған (Балкенов, 2014). «Укращ» дегеніміз кіші хандықтың билеушісі дәрежесінде түр деп пайымдауға келетіндей. «Бұқа» - «алып күш» иесі дегенді білдіреді. «Бұқа» Найманның хандық атауының қосымшасы екеніне YI ғасырдағы найман хандары Арық бұқа, Семіз бұқа, XII ғасырдағы Байбұқа, Тайбұқа, Кетбұқа, Келбұқа бабаларымызды айтсақ жеткілікті, дәлелдеу керек емес шығар (Абдрахманов) Шыңғысханның биі болған, жырау болған Кетбұқа бабамыз тоғыз тулы ұлысқа 9 таңба үлестірген екен. Аңыз бойынша Найманның ұрпақтарының еншісін даудамайсыз бөлгені үшін Кетбұқа найманның «ноқта ағасы» атанған. Шежірешілер «терістаңбалы» тайпасының аты «Домбауыл» екен, найманның ноқта ағасымын деп басқа найман тайпаларына (сегіз тайпаға) таңба үлестіріп, өзіне таңба жетпей қалғандықтан таңбаны теріс басып, содан терістаңбалы атаныпты дегенді айтады (Тынышбайұлы, 1991:56). Терістаңбалы руы Келбұқа мен Кетбұқаның екі атасынан / Ақтана мен Ақтоғыстан / шығады (51). Қазақы шежіренің барлығы да Кетбұқа мен Келбұқаны найманның мәйегін ұйытқан «ел аталары» екенін тегіс мойындайды. Кетбұқа көбінесе «бағаналы» деген атпен мәлім, өйткені оның рулық таңбасы бақан болған. Сонымен қатар, кезінде Әбілқайырды хан сайлауға найманның әр түрлі бөлімдерінен 9 ру басы қатысқан. Найман тайпасы Әбілқайырханға кең түрде қолдау көрсетіп, оның барлық жорықтары мен соғыстарына белсенді түрде қатысқан.

Қазақтың ауыз екі тілінде «Өкіреш-найман» деген сөз кездеседі. Өкіреш-Наймандар деп Шайбанидің тұсында да, Ақсақ Темірдің тұсында да айтылған. Шыңғысхан әулеті мүлдем ыдыраған соң, найманның бір бөлігі өзбек, қарақалпақ, қырғыз, башқұрт секілді өзге халықтардың құрамына енеді. Өзбекстандағы Наманган, Ферғана жазығы, Қашқария, Бұқарда, Самарқандта Найман аудандары, Найман қышлақтары қазірге дейін сақталып қалған (Астана ақшамы, 2016).

А.И. Шевяков Науаи облысының өзбек-наймандары Ұзынкүдық аулында тұратын қазақ-наймандармен көрші екенін анықтаған. Этнограф олардың өзара бірімен-бірі туыс екен деген қорытынды жасайды, ал олардың қай ұлтқа жататындығы кейінгі кездерде ғана белгілі болды (Шевяков, 2000:29). Осы тұрғыда атап өтетін жәйт, барлық наймандардың ортақ бабасы Өкірештен таралғаны туралы мифологема. Ургут ауданы өзбек және қазақ наймандарының тәуәп ететін жері болып табылады, өйткені осы ауылда, Самарқандтан 30 км жерде, олардың ортақ аңыздық бабасының зираты бар. 2012 жылы өзбек және қазақ наймандары бірігіп осы зиратқа тас орнатты (Асанов, 2013) Қазақ наймандарының өкілі К.Абдрахманов осы іс-шараны былай деп баяндаған: «Осы қабір үсті тасты қазақ және өзбек наймандары бірігіп орнатуы біздің бір ортақ түбірден шыққанымызды паш ететін маңызды тарихи іс болса екен деп тілейміз».

Ендігі бір дерек бойынша зор әскер басқарған Өкіреш ата – хан баласы, Күшілік ханның ұрпағы делінеді. Рашид-ад-дин былай деп жазған: «Бұл далалық тайпа: кейбіреулері биік тауды, енді біреулері далалық алқапты мекен еткен... Үлкен Алтайда, Қарақорымда, Алуй-Серас тауында және Кек-Ертісте мекендеген. Бұл найман тайпаларының өздерінің мықты, құрметті билеушілері болған; олардың әдет-ғұрпы моңғолдардікіне ұқсас болған. Көне заманда өздерінің билеушілерін Күшілік хан – күшті, ұлы билеуші деп атаған (Рашид-ад-дин, 1952).

Күшілік таққа отырысымен: «Тәңірді ұмытсаңдар – түркіні де ұмытасыңдар», - деп ислам дініне қатаң тиым салған хан (Жұртбаев, 1994:191). Тарихта ғұн, түрік, ұйғыр сияқты Орта Азияда қуатты көшпелілер мемлекетін құрған халықтардың бәрінде де дүние төртбұрышты, осы төртбұрыштағы халық бір ғана Тәңір ұлына бойсұнуы керек. Ол - біздің қағанымыз деген ұғым болған. Алайда, IX ғасырдан кейін бұл ұғым ұмыт болғанға ұқсайды (Еженхан Бақыт, 2003:11). Найман мемлекетінің идеологиялық негізі XI ғ басында несториандық бағыттағы христиандықты қабылдаудан басталғанын ұмытуға болмайды (Қазақ ру-тайпа-ң тарихы., 2008:389). Күшілік хан мұсылмандарға наймандардың христиан дінін немесе будда дінінің бірін қабылдауын ұсынды (Ақатай, 2002:87). XI ғасырдың ортасы мен XII ғасырдың бірінші жартысында Хорезм Селжүк мемлекетінің құрамына енді. XIII ғ басында Хорезм мемлекеті Күшілікке үмітпен қараған. 1218 ж Жетісу бойында Күшілік қолымен айқасып көрген көнігі қолбасшы – Жебе. Бұл екеуі кейін Хорезм жорығы кезінде елеулі рөл атқарып қана қоймай, жаулап алған ел мен жер кейін Жошының билігінде қалдырылды (Қинаятұлы, 2009:16).

Тарихи роман бойынша: Мұның алдында ғана үйсін Майқы би бастаған қазақ билері 1224 мешін жылының жаз айында Найман-кере (Шыңғыстау) тауының бөктерінде Темүжінді өз аттарынан ұлықтап, оның ұлы Жошыны өздерінің тікелей әміршісі деп таныған еді. Сондықтан Жошы бұл елдің ақжайма көңіліне дән риза болатын. Өзін хан көтеру рәсімі аяқталған соң жұрт алдында Майқыны: - Ел көсемі, ұлыстың ұйтқысы болсын! – деп Ел атасы атады... (Зәкенұлы, 2003:514) Шыңғысханға Жошының өлімін қобызбен естірткен Кетбұқа болатын. Қобыздың арқасында Кетбұқаның өзі де, артында аңырып қалған халқы да қағанның қаһарынан аман қалған еді. Сөйтіп, би, абыз, жырау Кетбұқа саяси билікке араласып, бір кезде өзі қарсы күрескен қағанаттың қайраткері боп шыға келді. Мұның астарында өз елінің мүддесін көздеген игі ниет жатқан еді (Жұртбаев, 1994:361).

Көне Шығыс елдерінде музыка құдайдың күдіретімен болады деп сенген. Көптеген халықтар тілінде музыкамен байланыстыра сиыр мен сирен сөзінің түбірін («кар», «сер») «мүйіз» немесе мүйізді жануарларға балаған және өлеңмен, музыкамен байланыстырған. «Мүйіз» латынша қарн және бұғы мағынасында (Машани, 2004:112). Қазақтың ұлттық ою-өрнектерінің ең басты мәнері, ең көп түрі және әр түрлі мәнер жасауда жиі қолданылатыны «мүйіз» тектес ою-өрнектер. «Мүйіз» тектес ою-өрнектерді бұрын-соңды зерттеуші ғалымдардың барлығы бұл өрнектердің негізі қойдың, арқардың, ешкінің, сиырдың, бұланьның, бұғының, қодастың, еліктің мүйіздерін бейнелеуден шыққан деп түйеді (Төленбаев, 1993:3). Крит, Микенах және басқа аралдарда өгіз діндері үстем болды. Әрбір ізетті орындарда қасиетті мүйіз – «жарқылау мүйізі» тұратын. Ізетті орындардың сыртында да, ішінде де мүйіз бейнеленетін, құрбандыққа мүйіз шір кигізетін, құрбан шалатын үстелге өгіз суреті салынатын. Діни рәсімдер түгелдей «Өгіз ойыны» делінетін (Машани, 2004:113). Тірі жанның бейнесін салуға тыйым салынады деген хадис Құран Кәрімнің 22 сүре, 73 аятына сілтеме жасау арқылы пайда болған. Адамдар мен жануарлар бейнесін салуға тыйым салынғаннан бастап ою-өрнек өнері қарқынды түрде дами түседі. Ою-өрнек қолдану – жазу тәсілін графикалық өнер тәсілінен ажыратудың ең маңызды ерекшелігі болып табылады (Аманжолов, 1998). Жыл басы, Ай мүйізді өгіздің басы – әліп басы «А» болған (Карамендина, 2001). Сиыр діні туралы мағлұмат Інжілде бар. Еуропалық орта ғасырдың атақты алхимигі А.Виллановтың мәліметі бойынша, ертедегі алхимиктерің «Сиқырлы мөрі» алтын мен күмістен құйылған. Мөрдін бір қабырғасында Өгіздің бейнесі, екінші бетін жиектеп: «Біздің Құдайымыз Ғайсаның (Исус Христос) атымен бата беремін» деп жазылған. «Кім үшін құдай, кім үшін сауынды сиыр» (Шиллер) дегендей. Геоцентризм және адамнан құдай жасау жеке басқа табынуға әкеліп соқты (Машани, 2004:113, 204). Құран Кәрімде («Бақара» сүресі) Мұсаның алтын бұзауға табынушыларымен күресі жөйлі айтылған.

Қорытынды. Наймандар XI ғасырда тарихи сахнадан көрініп, XII ғасырда хандық құрып дөрлендеген кезіндегі көшпенділер ішінде ең өркениетті елге айналған-ды. Бірақ Найман хандығы 1204 жылы Тәмужин бастаған моңғолдармен болған сұрапыл соғыста күйрей жеңіліп, қағандық ретінде жойылды. Сонымен бірге олардың батыс пен шығысты жалғап тұрған ортағасырлық өркениеті де жойылды. Алтын таңба – мөріні басып, әлем жұртымен хат арқылы байланысып тұрған ортағасырлық орда канцеляриясының архиві отқа оранды. «Тұрпайылау жұрттың шабуылы да тұрпайылау келеді» дегендей, моңғол шабуылы көз тұнарлық найманның мәдени жауһарларын отқа жағып тындырды. Өйткені шапқан жауы мұндай мәдениеттен бейхабар болған. Найман мәдениетінен қалғаны Найман ордасының іс басқарушысы Тататунганың қойнына жасырған найман ханының таңбасы, таңбадағы жазу ғана. Бір тәуірі Тататунга арқылы найман жазуы моңғол империясында қолданысқа еніп, тарихта із қалдырды (Қинаятұлы, 2017:370).

Қазіргі Өзбекстанда қазақ тарихымен байланысты 40-тан астам киелі жерлер бар болса, соның бірі – қазақ пен өзбек наймандарына ортақ аңыздық Өкіреш бабаның зираты. Аруақтарға деген ілтипат, құрмет қазақ шежіресінің басты сипаты. Күмбез – халықтардың ата-бабасына деген ыстық ықыласының тасқа айналған мәңгілік айғағы. Сондықтан наймандардың, атап айтқанда Өкіреш-наймандардың шежіре-тарихын зерттеу маңызды әрі өзекті мәселе болып табылады.

Әдебиеттер:

- Абдрахман К. Найман Өкіреш шал: аңыз бен ақиқат. //my.mail.ru.community/tarbagatai-nashi/ (қаралды: 12.03.2020).
- Абдрахманов К. Өкіреш шал кім?//https://abai.kz/post/63805.
- Акерев Т.А. Северо-Восточный гуманитарный вестник. г. Якутск.2016. №4 (17). С. 27-35.
- Ушницкий В.В. Население Байкальского региона в эпоху средневековья. Якутск, 2013.
- Ақатай С.Н. Найман хандығы: Монография. Алматы. 2002. 87-б.
- Алтаев Б.Ә. Оңтүстік Қазақстан қазақтарының егіншілікке байланысты дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Тарих ғ.к.дисс. Алматы.1994. 99, 120, 131, 147 бб.
- Аманжолов А.С. Көне таңбаларға көз тіксек//Қазақ тілі мен әдебиеті. Алматы. 1998. №6-7.
- Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алматы.1959.
- Аристов Н.А. Заметки об этнич.составе тюркских племен...//Живая старина. Вып.3-4. СПб., 1896.С.361.
- Асанов Эльдар. Узбекское племя найман. История и современность. Mangilikel, 2013. №8.
- Асанов Эльдар. Узбекское племя найман//История и современность узбекского племени Найман. http://greylib.align.ru/.
- Әбдіраманұлы Ш. Дүниетанымы аспанмен астасқан ұлт. Эссе. //Жұлдыз 2004. №3. 148-б.
- Бақыт Еженхан. Найман хандығының мемлекеттік құрылымы //Қазақ ордасы. 2003. №3. 11-15 беттер.
- Балкенов Кенжал. Ұлы жырау Кетбұқа//https://syrboyi.kz/tanim/.2014. 1 наурыз.
- Безертинов Р.Н. Древнетюркское мировоззрение «Тэнгрианство». Казань: РИИЦ «Школа», 2017. С. 16.
- Березин И.Н. Очерки внутреннего устройства улуса джучиев //Труды восточного отделения императ. археол.общ-ва. Ч. 5. СПб., 1858. С. 267.
- Галиуллин А. Великие найманы...// Тюркские народы.-Омск: ОмГПУ, 2002. С. 149-150.
- Еңсебаев Т.А. Найман шежіресі // Өлкетану. Ғылыми-көпшілік журнал, 2010. №2. 81-83 беттер.
- Ерзат Меллат. Құдыретті найман хандығы. 2019.05 тамыз. https://e-history.kz./kz/.
- Жошы заманының сұрқылтайы – Кетбұқа еді. Астана ақшамы. 13 ақпан 2016.
- Жұртбаев Т. Дулыға. Көне түркі батырлары туралы тарихи әфсаналар. Алматы. Жалын, 1994. 191, 361 бб.
- Захарова И.В. Двенадцатилетний животный цикл у народов Центральной Азии// Труды ИИАЭ АН КазССР. Т. 8. 1960. С. 63 // Қазақ тарихы. 2006. №1. 25 б.
- Зәкенұлы Т. Көк бөрілердің көз жасы: тарихи роман. Алматы, 2003.514 б. Интернет : https://kk.wikipedia.org/wil.
- Карамендина М. Таңбаның шығу арналары // Жас ғалымдар – Қазақстан тәуелсіздігінің 10-жылдығына: халықаралық конф.еңбектері. 4-бөлім. Алматы. ҚазҰТУ, 2001; Түркі жазуы мен ру таңбаларының табиғи құбылыстарға негізделуі // Жаратылыстану-гуманитарлық ғылымдар және олардың инженер мамандарды дайындаудағы маңызы» атты х/аралық II ғылыми-тәжірибелік конф-я еңбектері. Алматы. 2005.
- Карамендина М. Үшкіл таңбаның мәні.-Қазақ тарихы.2006. № 3. 25-б.
- Карпов Г.И. Известия ФАН. Филиал Туркменской ССР., серия общественных наук.-Ашхабад. 1945. Т.3-4.
- Кейкін Жәрдем. Қазақы атаулар мен байламдар. Алматы. «Өлке», 2006. 260-б. Қазақтың байырғы өлшемдері. Қазақ тілі мен әдебиеті. 2017. №5.
- Керейтов Р.Х. Ногайцы. Особенности этнической истории и бытовой культуры: Монография.-Ставрополь: Сервисшкола, 2009.
- Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Найман. X том. 1-кітап. Алматы. «Алаш» тарихи-зерт.орт., 2008. 137-б.
- Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Найман. II кітап. Алматы. «Алаш» тарихи-зерттеу орталығы, 2008. 22-б.
- Қазақ ру-тайпаларының тарихы. III-кітап. Алматы. «Алаш», 2008. 389-б.
- Қазақстан тарихи этникалық зерттеулерде. Т.4. Алматы. «Алаш», 2009. 197, 207 бб.
- Қазақтың мақал-мәтелдері.Алматы. 2012.32-б., Қазақ тілі мен әдебиеті. 2017.№ 3. 18-б.
- Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. II том. Е-И: Алматы.2012. 186-б.
- Қайсенов З.Ә., Қайсенов А. Найман шежіресі.2 кітап. Өскемен, 2001. 13 б.
- Қалиев С., Оразаев М., Смаилова М. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Алматы. «Рауан», 1994. 50-бет.
- Қинаятұлы З. Жошы хан өмірбаянының қилы тұстары //»Алаш» тарихи-этнологиялық ғылыми журналы. 2009. №4 (25).

- Қинаятұлы З. Найман хандығы: тарихы және мәдениеті (XII-XIX ғғ.) // Алматы. 2017. 370-б.
 Машани А. Әл-Фараби және бүгінгі ғылым. Алматы. 2004. 112, 113, 204 бб.
 Машанов А. әл-Фараби және Абай. Алматы. Қазақстан. 1994.
 Машанов А. әл-Фараби. Алматы. Жазушы, 1970.
 Низами Г. Жеті сұлу. (аударған Қ.Бекхожин) Поэма. Алматы. 1980.
 Нүргелді Уәли. Қазақ өлкесіндегі гидронимдердің тілдік-этномәдени семантикасы. Қазақ тарихы. 2019. №2 (169). 11-б.
 Потанин Г.Н. Ере. Культ сына неба в Северной Азии: Мат.-ы к тюрско-монг. мифологии. Томск, 1916. // Байназарова Г. Қасиетті түркі елі. Алматы. Өнер, 1994. 66-б.
 Рашид-ад-дин. Сборник летописей.-Т.1.кн.1. М.-Л: Изд-во АН СССР, 1952.
 Сүлейменов О. Небесный бык //Огонек. 1998. май.; Қазақ тарихы. 2006.№3.
 Тарихи-и-Абулхаирхани //МИКХ, 143-144 бб.
 Төленбаев С., Өмірбекова М. Қазақтың ою-өрнектерінің жасалу жолдары. Алматы. 1993. 3-б.
 Тынышбаев М. История казахского народа. Алматы. 1925.
 Тынышбайұлы М. Қазақ халқының тарихына қатысты материалдар//Қазақ шежіресі.- Целиноград: «Қаламгер», 1991. 56-б.
 Уәли Н. Қазақтың халық астрономдары – есепшілердің қоғамдағы тарихи орны мен қызметі туралы. Қазақ тарихы. 2019. №2. 4-бет.
 Халид Қ. Тауарих хамса (бес тарих). Алматы. Қазақстан. 1992. -304.13-б.
 Шевяков А.И. Население Ташкентского оазиса в конце XIX-начале XX вв //Международ. общест. организация центр. стратег. и полит. Исслед. М., 2000. 29-с.
<https://alashainasy.kz>.
<https://kk.wikipedia.org/wil>.

References:

- Abdrakhman K. Naiman Okiresh shal: anyz ben akikat. Internet. (karaldy: 12.03.2020) [in Kazakh].
 Abdrakhman K. Okiresh shal kim? //http://abai.kz/post/63805 [in Kazakh].
 Akerov. T.A. Severo-vostochnyi gumanitarnyi vestnik. G. Yakutsk. 2016. №4 9170. 27-35pp. [in Russian].
 Ushnickii V.V. Naselenie baikalskogo regiona v epohu srednevekovyia. Yakutsk, 2013. [in Russian].
 Akatay S.N. Naima nkhandygy: Monografiya. Almaty. 2002. 87p. [in Russian].
 Altayev B.A. Ontustik Kazakhstan kazakhtarynyn eginshilikke bailanysty dasturleri men adet-guryptary. Tarihg.k.diss. Almaty. 1994.99, 120, 131, 147 pp. [in Kazakh].
 Amanzholov A.S. Kone tanbalarga koz tiksek// Kazakh tili men adebieti. Almaty. 1998.№6-7. [in Kazakh].
 Amanzholov A.S. Voprosy dialektologii I istori ikazakhskogo yazyka. Almaty. 1959. [in Russian].
 Aristov N.A. Zametki ob etnich. sostave tiurskih plemen...//Zhivaya starina. Vyp. 3-4. SPb., 1896. 361 p. [in Russian].
 Asanov E. Uzbekskoe plemya naiman. Istoriya I sovremennost. Mangilik el, 2013. №8. [in Russian].
 Asanov E. Uzbekskoe plemya naiman // Istoriya I sovremennost uzbekskogo plemeni Naiman. http://greylib.align.ru. [in Russian].
 Abdirakhmanuly Sh. Dunietyanmy aspan men astaskan ult. Esse. // Zhuldyz, 2001. №3. 148p. [in Kazakh].
 Bakhyt E. Naiman handygynyn memlekettik kurylymy //Kazakh ordasy, 2003. №3.11-15pp [in Kazakh].
 Balkenov Kenzhal. Ulyzhyrau Ketbuka//http://syrbioy.kz/tanim/. 2014. 1 nauryz. [in Kazakh].
 Bezertinov R.N. Drevnetyurkskoemirovozenie “Tengriantstvo”. Kazan:RIIC “Shkola”, 2017. 16p. [in Russian].
 Berezin I.N. Ocherki vnutrennego ustroystv aulusa dzhuchiev // Trudy vostochnogo otdeleniya impert. arkheol. obsh-va. -Ch.5. –SPB, . 1858. 267p. [in Russian].
 Bynazarova G. Kasietti turkiali. Almaty:Oner, 1994. 66p. [in Kazakh].
 Ensebayev T.A. Naimanshezhiresi // Olketanu. Gylymi-kopshililzhurnal. 2010. №2. 81-83pp. [in Russian].
 Erzattmellat. Kudiretti naiman khandygy. 2019.05 tamyz. https:// e-history.kz./kz/. [in Kazakh].
 Gakiullin A. Velikiennaimany... // Tyurkskienarody. Omsk:OmGPU, 2002. 81-83pp. [in Russian].
 Karamendina M. Tanbanynshyguarnalary// Zhasgalymdar – Kazakhstan tauelsizdiginin 10-zhyldygy: halykaralykkonf, enbekteri. 4-bolim. Almaty: KazUTU, 2001; [in Kazakh].
 Karamendina M. Ushkil tanbanyn mani. Kazakh Tarihy, 2006.№3.25p. [in Kazakh].

- Karpov G.Y. Izvestiya FAN. Filial Turkmenskoy SSR., seriya obshestvennyh nauk. Ashkhabad, 1945.3-4 pp. [in Russian].
- Keikin Zhardem. Kazaky ataular men bailamdar. Almaty: “Olke”, 2006. 260p. [in Kazakh].
- Kazakhtyn baiyrgy olshemderi. Kazakh tili men adebieti. 2017. №5. [in Kazakh].
- Kereytov R.H. Nogaicy. Osobennosti etnicheskoi istorii I bytovoikultury: Monografiya. Stavropol: Servisshkola, 2009. [in Russian].
- Kazakh rutaipalarynynTarihy. Naima.II kitap. Almaty: “Alash”, 2008. 389 p. [in Kazakh].
- Kazakhstan Tarihi etnikalyk zertteulerde. T.4. Almaty: “Alash”, 2009. 197-207 pp. [in Kazakh].
- Kazaktyn makal-matelder. Almaty. 2012.32p. [in Kazakh].
- Kazakh tili men adebieti. Almaty. 2017.18 p. [in Kazakh].
- Kazaktyn etnografiyalık kategoriyalary, uymdar men ataularynyn dasturli zhuiesi. Enciklopediya. II tom. E-Y: Almaty. 2012. 186 p. [in Kazakh].
- Kaisenov Z.A., Kaisenov A. Naiman shezhiresi. 2-kitap.Oskemen, 2001.13 p. [in Kazakh].
- Kaliev S., Orazayev M., Smailova M. Kazakh khandygynyn salt-dasturleri. Almaty: Rauan, 1994. 50p. [in Kazakh].
- Kiyanatuly Z. Zhoshy khan omirbayanynyn kily tustary// “Alash” Tarihi-etnologiyalyk gylymi zhurnaly. 2009. Ulakat, 2020. [in Kazakh].
- Kiyanatuly Z. Naiman khandygy: Tarihy zhane madenieti (XII-XIX)// Almaty. 2017. 370p. [in Kazakh].
- Khalid K. Tauarikh Hamsa (besTarih). Almaty: Kazakhstan, 1992. 304.13p. [in Kazakh].
- Mashani A. Al-Farabi zhan ebugingi gylym. Almaty. 2004. 112, 113, 204 pp. [in Kazakh].
- Mashani A. Al-Farabi zhane Abay. Almaty: Kazakhstan, 1994. [in Kazakh].
- Mashani A. Al-Farabi. Almaty: Zhazushy, 1970.
- Nizami G. Zhetisulu. (audarganK.Bekhozhin). Poema. Almaty. 1980. [in Kazakh].
- Potantin G.N. Ere.Kultsynaneba v SevernoiAzii: Mat-y tyurksko-mong.mifologii. Tomsk, 1916. [in Russian].
- Rashid-ad-din.Sbornik letopisei. T.1.kn.1. –M.L: Izd-vo AN SSSR, 1952. [in Russian].
- Shevyakov A.Y. NaselenieTashkentskogooazisa v konce XIX nazhalo XX vekov // Mezhdunarod. obshest.organizaciyaentr.I polit. Issled. M, 2000. 29p. [in Russian].
- Suleimenov O. Nebesny byk // Ogonek, 1998. May.: Kazakh Tarihy, 2006. Nebesny byk//Ogonek, 1998. May.: Kazakh Tarihy, 2006. №3. [in Russian].
- Trihi-i-Abukkhaykhani//MIKH.143-144pp. [in Russian].
- Tolenbayev S., Omirbekova M. Kazaktyn oyu-ornekterinin zhasalu zholdary. Almaty. 1993.3 p.[in Kazakh].
- Turkizhazuy men ru tanbalarynyn tabigi kubylystarga negizdelui // Zharatylstanu-gumanitaryk gylymdar zhane olardyn inzhener mamandardy daiyndaudagy manyzy atty khalykaralyk II gylymi-tazhiribelikkonf.enbekteri. Almaty. 2005. [in Kazakh].
- Tynyshbayev M. Istoriya kazakhskogo naroda. Almaty. 1925.[in Russian].
- Tynyshbayuly M. Kazak halkynyn Tarihynda katysty materialdar // Kazakh shezhiresi. Celonograd: “Kalanger”, 1991. 56p. [in Kazakh].
- Uali N. Kazaktyn halyk astronomdary – esepshiler din kogamdagy Tarihi orny men kyzmeti turaly. Kazakh Tarihy, 2019.4-11p. [in Kazakh].
- Zjshy zamanyn ynsurkylytaiy – Ketbuka edi. Astana akshamy.13 akpan 2016. [in Kazakh].
- Zhurtbayev T. Dulyga. Kone turki batyrlary turaly Tarihi afsanalar. Almaty: Zhalyn, 1994. 191, 361 pp. [in Kazakh].
- Zakharova Y.V. Dvenadcatiletanii zhiivotnyi cikl u narodov Centralnoy Azii // Trudy IIAE AN kazSSR.T.8.1960.63p// Kazakh Tarihy. 2006. 25p. [in Russian].
- Zakenuly T. Kok borilerdin koz zhasy: Tarihi roman. Almaty. 2003. 514 p. Internet: <https://kk.wikipedia.org/wil>. [in Kazakh].
- <https://alashainasy.kz>.
- <https://kk.wikipedia.org/wil>.

ҒТАХР 03.41.91.

БӘБИШ МОЛА 7 КӨЗЕШІЛЕР ЕЛДІ-МЕКЕНІНДЕГІ ҚЫШ ҰДЫСТАР

Утубаев Жанболат Райымқұлұлы¹, Сүйіндікова Мақпал Қожахметқызы²,
Қасенова Әсемгүл Дәуренқызы³.

¹Тарих ғылымдарының кандидаты, аға ғылыми қызметкер. Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институты. Қазақстан, Алматы қ. E-mail: utubaev_z@mail.ru

²Өнертану ғылымдарының магистрі, кіші ғылыми қызметкер. Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институты. Қазақстан, Алматы қ. E-mail: makpal1226@mail.ru

³Тарих ғылымдарының кандидаты, ғылыми қызметкер. Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институты. Қазақстан, Алматы қ. E-mail: asema_94@mail.ru

Түйіндеме. Мақалада Бәбиш мола оазисіндегі ескерткіштерге жүргізілген соңғы жылдардағы археологиялық зерттеу жұмыстары баяндалады. Қазба нәтижесінде анықталған археологиялық жәдігерлерге кеңінен тоқталамыз. Археологиялық қазба барысында жиналған құнды жәдігерлердің басым бөлігі керамика. Қыш ұдыстардың түрлері, жасалу тәсілі, күйдірілу сапасы, пайдалану мақсаттары және таңба тәрізді белгілер мен ұдыстардың қалыпталуы жөнінде толық мәлімет бар. Сонымен қатар қыш ұдыстардан бөлек күнделікті тұрмыста қолданылатын тастан және сүйектен жасалған бұйымдар сипатталды. Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институтының мамандары тарапынан жүргізілген керамикаларды техникалық-технологиялық талдау және сүйек, сүйектен жасалған бұйымдарға зоологиялық түсініктеме, археозоологиялық талдау-зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Кілт сөздер: Сырдария, елді мекен, қыш күйдіретін пеш, шеберхана, қыш ұдыс, зертханалық жұмыс, құм, құмша, құмыра, тостаған, таба, тастан және сүйектен жасалған құралдар.

МРНТИ 03.41.91.

СВЕДЕНИЯ О КЕРАМИЧЕСКОЙ КОЛЛЕКЦИИ ГОНЧАРНОЙ ПОСЕЛЕНИИ БАБИШ МОЛА 7

Утубаев Жанболат Райымқұлұлы¹, Суюндикова Мақпал Қожахметовна²,
Қасенова Әсемгүл Дәуренқызы³.

¹ Кандидат исторических наук, старший научный сотрудник Институт археологии им. А.Х. Марғұлана. Казахстан, г. Алматы. E-mail: utubaev_z@mail.ru

² Магистр искусствоведческих наук, младший научный сотрудник Институт археологии им. А.Х. Марғұлана. Казахстан, г. Алматы. E-mail: makpal1226@mail.ru

³Кандидат исторических наук, научный сотрудник Институт археологии им. А.Х. Марғұлана. Казахстан, г. Алматы. E-mail: asema_94@mail.ru

Аннотация. В статье рассматривается о ходе археологических раскопок поселения Бабиш мола 7 расположенного в 5 км к юго-востоку от городища Бабиш мола. Мы широко раскрываем на археологические находки собранный в результате раскопок. Большая часть экспонатов, собранных в ходе археологических раскопок это керамика. Подробные сведения о типах керамических сосудов, способах изготовления, качестве обжига, целях использования, формовка и тамгаобразные знаки сосудах. Кроме того, помимо керамической посуды описываются изделия из камня и кости, используемые в повседневном быту. Также введен в научный оборот исследовательские работы по керамикам технико-технологический анализ и зоологическое объяснение, археозоологический анализ по изделиям из костей сделанные специалистами института археологии им. А. Х. Марғұлана.

Ключевые слова: Сырдария, поселение, керамический горн, мастерская, керамические сосуды, лабораторные работы, хум, хумча, кувшин, чаша, сковорода, каменные и костяные изделия.

IRSTI 03.41.91.

**INFORMATION ABOUT THE CERAMIC COLLECTIONS OF THE
SETTLEMENT OF BABISH MOLA 7**

**Utubaev Jhanbolat¹, Suyundikova Makpal²,
Kasanova Asemgul³**

¹Candidate of history, senior researcher. Institute of Archaeology A. KH. Margulan.
Kazakhstan, c Almaty. E-mail: utubaev_z@mail.ru

²Master of arts, junior researcher. Institute of Archaeology A. KH. Margulan. Kazakhstan,
c Almaty. E-mail: makpal1226@mail.ru

³Candidate of history, research fellow. Institute of Archaeology A. KH. Margulan.
Kazakhstan, c Almaty. E-mail: asema_94@mail.ru

Abstract. The article focuses on the course of archaeological excavations of the settlement of Babish mola, located 5 km South-East of the settlement of Babish mola. We open wide on archaeological finds collected as a result of excavations. Most of the exhibits collected in the course of archaeological excavations are the ceramics. Detailed information about the types of ceramic vessels, manufacturing methods, firing quality, purpose of use, molding and tamga like signs of vessels. In addition, it describes ceramic dishes, stone and bone products used in everyday life. Announced research work on ceramics technical and technological analysis and Zoological explanation, archeozoological analysis of bone products by specialists of the Institute of archaeology named after A. H. Margulan.

Key words: Syrdaria, settlement, ceramic forge, workshop, ceramic vessels, laboratory work, hum, humcha, jug, bowl, frying pan, stone and bone products.

Кіріспе. Сырдария бойы сонау тас ғасырыннан бері үзілмей ел қоныстанған құтты өлке. Сырдарияны біздің заманымызға дейінгі антикалық грек-рим тарихшылары мен саяхатшылардың еңбектерінде Яксарт, арабша жазбаларда Сейхун деп аталған. Тарихқа толы бұл өлкеде қазіргі кезеңде 300-ге тарта археологиялық ескерткіштердің орны белгілі. Алайда, археологтар толыққанды зерттеу жұмыстарын жүргізбегендіктен бұл тізім қатары көбеюі тиіс. Сонымен қатар құм басып, уақыт тезіне төзе алмай жермен-жеркесен болып тегістеліп кеткендері қанша.

Алыстан мен-мұндалап көрініп тұрған Сыр бойындағы ескі қалалар орны көне және орта ғасырлық жазбаларда, карталарда кездескенімен шын мәніндегі ғылыми зерттеу жұмыстары XVIII ғасырдың орта кезінен басталды. Солардың бірі Сырдың сағасына таяу орналасқан Жанкент т.б. қалалар жөнінде И. Гладышев, Д.В. Муравин, С. Ремезов, П. Рычков, А.И. Левшин т.б. еңбектерінде тұнғыш мәлімет береді. Ал, Аралдың шығыс жағалауындағы Амудария мен Сырдария бойындағы ескерткіштерді тұрақты қазып, зерттеуді 1946 жылы профессор С.П. Толстов басқарған Хорезм археология-этнографиялық экспедициясы бастады.

Арал теңізіне құйған Сырдарияның ең көне арналары Жаңадария мен Іңкәрдарияның бойларын Страбонның айтуынша «аралдар мен сазды жерлерді мекендеуші» массагет тайпалары қоныстанған. Аса қуатты мемлекет құрған бұл тайпалардан ғажайып ескерткіштер мол сақталған. Олар, б.з.б. IV-II ғғ. қанатын кең жайып, Шірік рабат қаласы Арал маңы сақтарының «дах» деп аталатын тайпасының рухани-діни орталығына айналған (Вайнберг, Левина 1992). Бұл мәдениетке Жаңадария бойындағы айналасында жергілікті қоныстар кешені мен дамыған суландыру жүйелері бар, рухани-әкімшілік орталығы болған Бәбіш мола қала жұрты да жатады. Аталған қалаларға жақын маңда зәулім жерлеу құрылыстары бар. Оларда жергілікті аксүйектер жерленген және алуан түрлі жерлеу мүліктері қойылған.

Бәбіш мола оазисі Сырдариядан бөлініп шыққан Жаңадария арнасының ортаңғы оң және сол жағалауын толық қамтып жатыр. Ол, Шірік-рабат қала-қорымынан солтүстік-солтүстік-шығысқа қарай 40 шақырым қашықтықта орналасқан. Қаланың суландыру жүйесі жақсы дамыған. Жаңадария арнасы Аққыр тауынан төмен қарай бірнеше тармаққа бөлінген. Кейін, жергілікті халық олардан каналдар мен арықтар

тартып егістік алқаптарын сумен қамтамасыз етіп отырған.

Бәбіш мола аңғарының үш ірі салаларының ішінде ауыл өмірі үшін ортаңғы саласы ерекше орын алған. Одан барлық елді мекендерге тартылған каналдар негізін осы саладан алған. Дәл осы арнада суландыру жүйелерінің бірнеше су қоймалары болған және олардың көмегімен су деңгейін реттеп, суландыру көздерін қамтамасыз етіп отырған. Каналдар мен арықтар тақыр жолақ түрінде сақталған. Каналдың жанындағы арықтар Хорезмнің архаикалық жүйесі сияқты тек бір бағытқа ғана тартылған. Ең қызығы арық ортасынан кесіп өтетін егіс атыздары орналасқан. Бірнеше шақырымға созылған егіс алқаптарында сұлы, тары, бидай және т.б. өнімдерін өсіргендігін айтады (Андрианов 1969: 192).

Каналдарды жағалай егін шаруашылығымен айналысқан ауылдар мекендеген. Ара қашықтары 400-800 м болатын үйлердің қалдықтары сәл биік төбе немесе тақыр бетінде жоспарлары төртбұрышты болып келген бөлмелер түрінде, ал кей жерлерде қыш ыдыс сынықтардың шашыранды түрінде сақталған. Кейбір ауылдарда қыш күйдіретін пештердің қалдықтары қалған.

Бәбіш молла оазисіндегі ескерткіштерді 1946 жылы Хорезм археология этнографиялық экспедициясы барлау тобы ашып, кейін 1958-1960 жылдары аралығында М.Г. Воробьеваның жетекшілігімен Бәбіш мола ескерткіштер кешеніне жататын Бәбіш мола 1 қаласы мен Бәбіш мола 2 жерлеу ғимаратына қазба жұмыстары жүргізілген (Толстов 1948: 57; Толстов және т.б., 1960: 40; Вайнберг, Левина 1993: 23).

Бәбіш мола 1 қалашығы – цитадельі бар үлкен қала. Қаланың оңтүстік-шығыс бөлігі биік дуалдармен қоршалған. Қабырғаларын жау алмастай етіп мұнаралар тұрғызып, оларды оқ ататын ойықтармен күшейткен. Қала цитадельі солтүстігінде орналасқан, оның көлемі 100x100 м. Биіктігі 2 м болатын қабырғаларын жартылай дөңгелек мұнаралармен бекіткен. Онында қабырғалары мен мұнараларында бір немесе үшеуден оқ ататын тесіктер бар. Қала орталығының оңтүстік-батыс кіре беріс қақпасында «донжон» деген атауға ие болған көлемі 30x30 м болатын қуатты бекініс бой көтерген. Оның қабырғалары 4-5 м биіктікте сақталған. Іші бірнеше бөлмеден тұрады. Бөлмеден-бөлмеге қатынайтын есіктерін арка қылып көмкерген. Басты кіретін қақпасы осы жерде болғандықтан жауды күтіп алатын мұнара ретінде қолданып, кейін жауынгерлердің мекен жайы ретінде пайдаланған.

Ал, қаланың цитадельінде «үлкен үй» деп аталатын шаршы тектес, жалпы ауданы 44x44 м ғимарат орны сақталған. Қабырғаларының қазіргі биіктігі 1,5 м. Ғимаратты оқ ататын ойықтары сақталған, мұнаралы қабырғалармен қоршаған, бұл мұнаралар орталықтың бұрыштарымен кіре берістегі оңтүстік қабырғаның орта тұсын тұтастай қамтыған. Кіретін тұста ғимарат дәліз тәріздес екі бөлікке бөлінген. Қазба барысында шығыс бөлігінен бірнеше өндірістік пештер мен қаркастан тұрғызылған үйдің орындары аршылды. Олардан, саз балшықтан күйдірілген мүсіншелер мен мыс қалдықтары және тұрмыстық ыдыстары табылған (Толстов 1962: 158).

Қала маңында кісі жерлеген молалары да сақталған. Солардың бірі қалаға тікелей жақын батыс бөлігінде Бәбіш мола 2 ғибадатханасы орналасқан.

Бәбіш мола 2 кесенесі – жалпы аумағы 21x21 м, жобасы шаршы тектес ішкі жоспары симметриялы келген, оның биіктігі 7 м. Биіктігі жарты метрден асатын алты пакса блоктарынан тұратын негізгі тұғыры пирамида тәріздес. Жоғарғы жағы шикі кесектермен тұрғызылған. Кесененің басты есігі батыс бөлігінен шығады. Ішкі жағы төрт бөлмеден тұратын олар бір-біріне дәліз арқылы байланысқан. Олардың есіктері доға тәріздес безендірілген. Кейбір бөлмелердің едендеріне төртбұрышты болатын шикі кірпіштер төсеген. Бөлмелердің барлығы алебастрлы сылақпен сыланып, шахматтық жүйеде қызыл және ақ бояумен көмкерілген.

Бөлмелерден, қазба барысында кісіні тікелей еденге немесе тақтайшаларға қою мен қатар ыдыс ішіне салу салты да қолданған жерлеулер табылған. Кісімен олардың моншақтары, темір жебе ұшы, алтын сырғалар мен ыдыстары бірге қойылған (Толстов және т.б., 1960: 40-45).

Кейін, 2004-2006 жылдары араға жарты ғасыр уақыт салып Бәбіш мола оазисінде Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтына қарасты Шірік рабат археологиялық экспедициясы жүргізген барлау жұмыстарының нәтижесінде бірнеше археологиялық

нысандар анықталды (Курманкулов және т.б., 2007: 216).

2015 жылдан бері Бәбіш мола оазисінен анықталған Бәбіш мола 7 елді мекеніне кешенді зерттеу жұмыстары жүргізіліп келеді.

Бәбіш моладағы көзешілер елді мекені. Аталған ескерткіш, Бәбіш мола қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 5 шақырым жерде, кеуіп қалған арнаның бойында орналасқан. Жалпы аумағы 1,6 га – 450x350 м жерді алып жатыр. Батыс бетінен ауылдың ішіне қарай ені 15 м болатын су қоймасы тартылған.

Елді мекеннің орнын жіті зерттеу барысында 9 пештің орны мен бірнеше тұрғын үйлер мен шеберханалардың орны анықталды. Олар үйіліп жатқан керамикалар мен қатар шикі кірпіштен тұрғызылған қабырғалармен ерекшеленеді. Барлау кезінде үйлер мен шеберханалардың бетінен көптеген керамикалар, тастан және кварцитан істелген құралдар, шыныдан, тастан істелген моншақтар және қоладан жасалған үш қырлы, үш қанатты жебе ұштары табылды.

Қазіргі таңда, тоғыз пештің алтауы ашылды. Олардың көлемдері әр түрлі, ұзындықтары 2 м 3,5 метрге дейін болса, ені 2,1 м 2,7 м жетеді. Биіктіктері 80 см-ден 1 метр. Қалыңдығы 0,7-0,8 м болатын қабырғалары жұмбаздалған саздан тұрғызылған. Пештер екі ярусты болған, төменге оттық салса ал, жоғарғы қабатына ыдыстарды қойып күйдірген. Оған ыстық ауа өтетін ойықтар салынған. Бір пештің өзінде 16 тесікке дейін сақталған. Пештің оттық салатын ауыздары дөңгелек немесе сопақша формада келген, олардың біразы оңтүстікке қаратылған. Ал, төбе жабыны қандай әдіспен қолданылғаны белгісіз болғандықтан төбе жабыны болмаған деп айтуға болады. Олай дейтін себеміз қандай да болмасын құрлыстың орны немесе оған пайдаланылған шикі кірпіштер табылмады. Жорамал бойынша, ол ағаш дуалдарымен тұрғызылуы мүмкін. Қазіргі таңда олар сақталмаған. Бірақ, жұмбаз сазбен тұрғызылған қабырғаның айналасында диаметрі 7-8 см болатын шұңқырлар табылды. Осы іздерді дуалдар тұрғызуға пайдаланған деген тұжырымға келеміз.

Қыш күйдіретін пештермен қатар, айналасында орналасқан шеберханалары аршылды. Бірнеше бөлмеден тұратын шеберханалардың қабырғалары көлемі 0,7x0,9-1 м болатын ірі пахса блоктарынан тұрғызылған. Қазіргі таңда биіктігі 0,7-0,8 м, ені 0,8-1,1 м сақталған. Жоспары төртбұрышты болып келген бөлмелердің көлемі 2,8-3x2-2,20 м. Оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа бағытталған бөлменің ауызы оңтүстігінде орын тепкен. Бөлмелерден өндіріске пайдаланған үлкен ыдыстар, көзешілердің шарықта айналдыратын тастары табылса, кейбір бөлмелерден ошақтар сақталған. Оның ішінде бір құты мен бір тұтқасыз құмыра, дирмен тастың бөлігі табылды. Ол, красканы ұнтақтауға немесе басқада заттарды ұсатуға арналған болуы керек. Бұдан өзге ыдыс жасауға әзірленген қамырлары да кезікті.

Сонымен қатар, ұсталардың мекен еткен үй-жайына да зерттеу жүргізіліп, үйдің толық бес бөлмесі ашылды. Қазбаға дейін тақыр үстінен үйдің қабырғалары анық ерекшеленіп тұрды. Үйдің, қазіргі сақталған қабырғалардың биіктігі 1 м-ге дейін жетеді. Қабырғалардың төменгі тұғыры пахса блоктарынан тұрғызылған. Осылайша, биіктігі 40-45 см және ені 1,5-1,6 м болатын цоколь пайда болған. Пахса блоктар қалыңдығы 10-20 см болатын бархан құмға қойылған. Ал, жоғарғы бөлігін көлемі 48x30x10-12 см; 47x32x10-12 см; 50x37x12 см болатын шикі кесектермен көтерген. Қазіргі таңда сақталған қабырғаның қалыңдығы 1,4-1,5 м. Ал, солтүстік бөлігі бархан құм басып қалғандықтан қабырғаларын анықтау мүмкіндік болмады. Бөлмелерден астық, су сақтайтын ыдыстар, ошақтың орындары мен т.б. үй шаруашылық заттары табылды.

Өзектілігі: Мақаланың өзектілігі 2015 жылдан кешенді зерттеу жұмыстары жүргізіліп келе жатқан Бәбіш мола 7 елді мекеніндегі археологиялық қазба барысын жариялау. Қазба-зерттеу нәтижесінде табылған археологиялық жәдігерлерді толық сипаттап, ғылыми айналымға енгізу. Сонымен қатар Бәбіш мола 7 көзешілер елді мекеніндегі қыш ыдыстардың түрлерін, олардың пайдалану мақсаттарын анықтау болып табылады.

Дереккөзі мен әдістері. Қазба барысында археологиялық қазба-зерттеудің барлық әдістерімен тәсілдері қолданылды. Сонымен қатар нысанды қорғау, сақтау, түмшалау әдістері пайдаланылды. Бұл әдістерді іске асыру барысында аймақтың

атмосфералық жағдайы ескерілді. Қыш күйдіретін пешпен қатар, айналасында орналасқан шеберханалардың бір бөлмесі аршылды. Ол, пештен оңтүстікке қарай 1,2 - 1,5 м қашықтықта орналасқан. Оның ені 5 м. Қабырғасы, биіктігі 1 м., ені 1,3-1,5 м болатын жұмбаздалған саздан тұрғызылған. Бұдан бөлек ұсталардың мекен еткен үй-жайына да зерттеу жүргізіліп, үйдің үлкен бір бөлмесі ашылды. Бөлменің, қазіргі сақталған қабырғаларының биіктігі 0,2-0,6 м-ге дейін жетеді. Қабырғалардың төменгі тұғыры пақса блоктарынан тұрғызылса, кейін жоғарғы жағын шикі кірпіштермен көтерген.

Қазба барысында түрлі археологиялық жәдігерлер табылды. Олардың ішінде басым көпшілігі керамика. Кез-келген археологиялық қазба барысында ескерткіш жайында маңызды мағұлмат беретін археологиялық олжалардың бірі керамика екені баршамызға белгілі. Сүйек және табиғи тастардан жасалған бұйымдар аз кездеседі.

Керамикалардың барлығы дерлік бөліктер (фрагмент), бүтін ыдыстар саны екеу. Олар: құмыра және құты.

Талдамалар. Табылған заттарға зертханалық зерттеу барысында төмендегідей міндеттер қойылды: табылған барлық қыш ыдыстардың статистикалық мөлiметiн жасау; белгiлi бiр мағұлмат беретiн керамка фрагменттерiнiң суретiн салу; фото материал құру; керамикалық материалдардың жасалу техникасы, құрамы, күйдiру сапасы, ыдыстардың сыртқы бетiнде ангоб және таңба тәрiздi белгiлерi жөнiнде сипаттама жасау; ыдыстарды функционалдық мақсаттарына қарай жiктеу.

Жоғарыда көрсетiлген мiндеттер Бәбiш мола оазисiндегi қолөнер өндiрiсiн зерттеудiң бiр бөлiгi болып табылады. Қазба барысында табылған археологиялық материалдардың басым бөлiгi керамиканың болуы сол кезеңде қол өнер өндiрiсiнiң соның iшiнде қыш өндiрiсiнiң дамығандығын көрсетедi. Керамикалық материалдарды сипаттауда олардың классификациялық жүйесi, пішiнi, қалыпталуы, сыртқы бөлiгiндегi өрнек немесе белгiлер, күйдiру сапасы негiзге алынды. Ал, саз құрамы фрагмент сынықтарын көзбен шолу арқылы анықталды.

Сонымен қатар 2019 жылғы қазба материалдары бойынша ұсынылған 64 дана жануар сүйегiне археозоологиялық талдау жасалды. Оларды сандық құрамы бойынша жiктесек:

- 1) Жылқы – *Equus caballus* – 2
- 2) Түйе - *Camelus bactrianus* – 5
- 3) Ipi қара – *Bos Taurus* – 9
- 4) Қой - *Ovis aries* – 5
- 5) Ешкі – *Capra* – 2
- 6) Уақ мал – *Capra et Ovis* – 22
- 7) Құлан – *Capreolus pygargus* – 7
- 8) Ақбөкен – *Saiga tatarica* – 5
- 9) Есек – *Equus asinus* – 3
- 10) Сүтқоректiлер сүйегi (анықтауға келмейдi) – 4

Сандық мөлшерi бойынша уақ мал сүйектерi көп кездеседi. Қой мен ешкі сүйектерi жеке элементтерiнiң эталоны бойынша ажыратылды. Дистальды және проксимальды эпифиздерi бүлiнген тiрек қимыл жүйесiне қатысты элементтер жалпы «уақ мал» деп шартты түрде алынды. Жылқы, құлан және есектiң өзара ұқсас келетiн метаподиялары арнайы эталондар бойынша және остеометриялық өлшемдерiнiң ерекшелiктерi бойынша ажыратылды. Жалпы сүйек материалдарының 74,3%-ы бөлшектенген. Ал 25,7%-ы бүтiн және шартты түрде бүтiн күйiнде кездесiп отыр. Сүйектердiң бөлшектену индексi шамамен 15дм³. Жануар сүйектерiнiң көрсетiлген өлшемдегi бөлшектенуi тағамдық рационға негiзделгенiн көрсетедi. Жалпы Бәбiш мола қаласынан табылған жануар сүйектерiнiң морфологиялық құрамы ескерткiш тұрғындарының үй жануарларының барлық түрiн де қолданғанын көрсетiп отыр. Бұл көне дәуiрдiң өзiнде аталған өнiрдiң палеоэкономикалық жағдайының әрқилы болғанын және төрт түлiктiң де қолданыста болғанын дәлелдейдi (Шагирбаев, Утубаев 2019: 382).

Керамикалық материалдарға анализ. Бәбiш мола 7 елдi мекенiндегi қыш ыдыстар жапсырма және шарық көмегiмен жасалған. Пайыздық үлесi бойынша шарық көмегiмен дайындалған ыдыстар көп. Түстерi әр түрлi қанық қоңыр, ашық

және қанық қызыл, қара. Ыдыстардың басым көпшілігінің сыртқы беті ангобталған. Шарық көмегімен дайындалған ыдыстар сапалы күйдірілсе, жапсырма әдісімен дайындалғандар керсінше сапасыз. Бәбіш мола кешенінен табылған керамикалар бұрын Шірік рабат, Баланды қалашықтарынан табылған. Керамикалармен қатар күнделікті үй тұрмысында пайдаланылатын ұршық басы, үйкеуіш секілді бұйымдар табылды.

Нәтижелер. Қазба барысында табылған қыш ыдыстарға зертханалық талдау барысында оларды негізгі үш топқа бөліп қарастырдық.

- 1) шаруашылық ыдыстар (құм, құмша, құты);
- 2) асханалық ыдыстар (құмыра, тостаған, тегене, табақ, тегеш);
- 3) ас үйлік ыдыстар (көзе, құмыра, таба).

Шаруашылық ыдыстар. Құмдар. Қыш ыдыстардың ішінен құмдардың ернеу және бүйір бөліктері анық байқалады. Шарық көмегімен дайындалған, сапалы күйдірілген, ернеу диаметрлері 28-42 см. Қабырғаларының қалыңдығы 1,2-1,8 см аралығында ауытқиды. Қоспасында сазға аз мөлшерде гипс және майдаланған шамот қосылған. Олардың екі түрі кездеседі:

1) ернеуі тік келген, сәл сыртқа қайрылған. Пішіндері көзе тәрізді, сопақша пішінді түбі тегіс келген. Ыдыстар сырты қанық қоңыр түспен ангобталған.

2) ернеулері сыртқа қайрылған, қимасында Т-тәрізді болып келген. Бұл түрдегі ыдыстардың мойны жоқ, иықтары түсіңкі. Ыдыстардың сырты қанық қызыл ангобпен өрленген. Барлық ыдыстардың қамыры тығыз әрі жақсы араластырылған, түсі қызыл (2-сурет, А). Бұл түрдегі ыдыстар Шірік рабат мәдениетіне тән ескерткіштерде кеңінен таралған (Вайнберг, Левина 1993: 64).

Құмшалар. Ернеу диаметрі 18-28 см. Екі түрі бар:

1) Ернеуі сыртқа қайрылған. Мойны жоқ, иығы түсіңкі, қимасында дөңгелек келген оның түсі ашық, қанық қызыл.

2) Қимасында дөңгелек, ернеуі сыртқа қайрылған. Тар мойынды. Бүйірі сопақша пішінді. Ыдыстардың сырты қанық қоңыр және қанық қызыл ангобпен өрленген. Қоспасында азғантай гипс және майдаланған шамот бар. Саз жақсы араластырылған. Ыдыстар сапалы күйдірілген. Оны бөліктердің мықты, жұмыр әрі біртүстілігінен көруге болады.

Құтылар. Шаруашылық тобындағы қызық ыдыстардың бірі. Бұл топтағы керамикалардың бірнеше бөліктері табылды. Жарты шар тәрізді, бір бүйірі жалпақ келген құтылар сапалы, біркелкі күйдірілген. Ыдыстар қанық қызғылт және қоңыр ангобпен көмкерілген. Қазба барысында табылған бүтін құтыға таңба тәрізді белгілері бар ыдыстар бөлімінде кеңінен тоқталамыз.

Асханалық ыдыстар. Табақшалар. Ыдыстар шарық көмегімен дайындалған. Жарты шар пішінді, диаметрлері 14-20 см. Пеште сапалы күйдірілген. Түсі қызыл, саз тығыз, жақсы араласқан. Ыдыстар қанық қоңыр және қанық қызыл ангобпен көмкерілген. Үш түрі кездеседі:

1) шағын диск тәрізді түбі бар, ернеуі жалпақ ішке қайрылған. Сыртқы беті жақсылап тегістелген.

2) Ернеуі ішке бүгілген, ернеу жиегі тегіс әрі дөңгелек келген, қимасы Т тәрізді.

3) Ернеуі ішке бүгілген, қимасында төрт бұрышты тәрізді келген (2 сурет, Б).

Құмыралар. Бұл ыдыс түрлері де жоғарыдағы ыдыстар секілді шарық көмегімен жасалып, пеште сапалы күйдірілген. Диаметрлері 10-16 см аралығында ауытқиды. Үш түрі кездесті:

1) қимасында дөңгелек келген, ернеуі сыртқа қайрылған, мойын бөліктері цилиндр тәрізді. Бүйірлері кең болып келген.

2) Тар мойынды, ернеуі сыртқа бүгілген. Иықтары түсіңкі, бүйірі сопақша пішінді. Түбі тегіс келген.

3) Көзе пішінді, қимасында дөңгелек келген. Бүйірлері шар тәрізді. Түб бөліктері тегіс келген. Сонымен қатар ілмек тәрізді тұтқасы бар құмыраларда кездеседі. Барлық ыдыстардың түстері қызыл және қоңыр. Ыдыстардың сыртқы беттері қанық қызыл, қоңыр және ашық қоңыр ангобпен көмкерілген (3-сурет, А).

Тостағандар. Шарықта жасалып, пеште сапалы күйдірілген. Шұңғыл ыдыстардың диаметрлері 18-20 см. Қабырғаларының қалыңдықтары 0,5-1 см. Екі түрі кездеседі:

1) ернеуі сәл сыртқа иілген, қимасы кішкене дөңгелек келген. Ыдыстың бүйірі орта тұсына дейін кеңейген. Сыртқы беті ұқыпты тегістелген.

2) ыдыстың бүйірлері үрленген шар тәрізді, түбінен ернеуіне дейін кеңейе түскен. Барлық ыдыстардың түстері қызыл және қоңыр. Ыдыстардың ішкі және сыртқы бөліктері қанық қоңыр, қызыл түспен ангобталған. Сонымен қатар тігінен бір сызығы бар тостаған бөлігі табылды (3-сурет, Б).

Осындай түрдегі ыдыстар бұрын Бәбіш мола қалашығына 1957-60 жылдары жүргізілген қазба барысында жиі табылған (Мошков 1992: 61).

Табақтар. Диаметрлері 30-34 см аралығында ауытқиды. Қабырға қалыңдықтары 0,5-1 см. Ернеуі ішке бүрілген, жиегі жуан әрі тегіс. Түсі қызыл. Қанық қоңыр ангобпен әрленген. Бұл топтағы ыдыстарға ұқсас табақтар Орталық Азияның оңтүстік бөлігіндегі эллинистік кезеңмен мерзімделетін кешендерінен және Солтүстік Бактрияның б.з.д III-II ғасырлармен мерзімделетін мәдени қабаттарынан кездеседі (Пидаев 1987: 88).

Асүйлік ыдыстар. Бұл топтағы ыдыстар жапсырма әдісімен жасалған. Сазға көп мөлшерде шамот және майдаланған тас араластырылған. Ыдыстарды ас дайындау мақсатында пайдаланғандықтан ыдыс сырттары қатты күйген. Бұл топтағы ыдыстар ыстыққа төзімді, себебі құрамындағы қоспалардың көп болуына байланысты олар жоғарғы температураларда жарылып кетпейді. Кейбір фрагменттерде диаметрлері 0,5-1 см болатын тесіктер кездеседі. Олар бүлінген ыдыстарды қайта пайдалануға арналған болуы мүмкін.

Барлық ыдыстар сынығында ашық қызыл, сарғыш түсті орта бөлігінде сұр, қою қара болып келген. Ыдыс бөліктеріндегі екі немес үш түстілік сапасыз күйдірілгендігін көрсетеді.

Құмыралар. Қимасында дөңгелек келген. Ернеуі диаметрлері 10-14 см аралығында ауытқиды. Ернеулері сыртқа сәл иілген. Бүйірлері шығыңқы. Мойындары тік әрі тар келген.

Көзелер. Диаметрлері 14-26 см, қабырғаларының қалыңдығы 1-1,8 см. Ашық ошақта күйдірілген. Ернеулері тік, сәл сыртқа қайрылған, қимасында дөңгелек, бүйірлері сопақша пішінді. Түсі қара және қанық қоңыр, нашар араластырылған. Ыдыстардың сыртқы бетінде күйе іздері жақсы сақталған (4-сурет, А).

Табалар. Нысанда аз мөлшерде табалардың қабырғаларымен түб бөліктері табылды. Диаметрлері 26-41 см, қабырғаларының қалыңдықтары 1-1,3 см аралығында ауытқиды. Сазға майдаланған шамот, тас және гипс қосылған. Қабырғалары тік келген, түбі жайпақ. Қимасында дөңгелек. Түсі қызғылт және қара, нашар араластырылған, сыртқы беті дұрыс тегістелмеген (4-сурет, Б). Бұл ыдыстарға ұқсас ыдыстарды біз Шірік рабат археологиялық мәдениетінің материалдарынан табамыз (Вайнберг, Левина 1993: 59).

Таңба тәрізді белгілері бар ыдыстар. Таңбалар, белгілер – күрделі де, қыр-сыры мол тарихи деректердің жиынтығы. Оларды зерттеу әрбір елдің, мемлекеттің және халықтың саяси, этномәдени даму ерекшеліктері, халықаралық сауда, діни сенімдері және геральдика жайында құнды әрі маңызды мәліметтер береді. Таңба, белгілердің мән-мағынасы мен атқарар қызметі жайлы зерттеушілер әлі күнге дейін алуан түрлі пікірлер айтады (Самашев және т.б 2010: 15). Ғалым, зерттеуші С.А. Яценко және А.Е. Рогожинский «Орта Азиядағы исламға дейінгі таңбалар» атты ғылыми жинақта таңба, белгілердің бірнеше мақсаттарда пайдаланғандығы жөнінде тұжырымдар жасайды:

1) Жеке отбасының, әулеттің кей жағдайларда тұтас бір тайпаның эмблемасы, таңбасы яғни, «өзімдікі-өзгенікі» деп бөлу, тану мақсатында;

2) Қазіргі кезеңдегі жеке куәлік немесе қызметтік куәліктер секілді киім, қару-жарақ және жылқыдағы меншіктік таңба;

3) Әлеуметтік маңызды жағдайларда келісім-шарт жасауда, сауда жөнінде серіктестікте, ағайын, дос, туыстықта, әулетке сырттан бөтен адамды қабылдағанда олардың өзара міндеттері секілді ортақ белгі;

4) Мемлекет шекараларындағы, үй жануарларындағы, құнды заттардағы көп жағдайда ыдыстардағы меншіктік таңбалар, белгілер;

5) Ақша, тиын, сарай билеушісінің тағында, дипломатиялық сыйлардағы т.с.с белгілі бір әулеттің, мемлекет басшыларының саяси белгілері;

6) Қолөнер шеберлерінің көп жағдайда көзешілердің, шеберханалардың жеке таңбасы;

7) Кейде таңбалар, таңба тәрізді белгілер ислам кезеңіне дейін киелі, діни белгілер мақсатында пайдаланылған болуы мүмкін. Көп жағдайларда бұл белгілер немесе таңбалар бойтұмар, тұмар және қорғаныш, қорғау мақсаттарында пайдаланылған деп болжайды (Яценко, Рогожинский 2019: 8).

Археологиялық қазба барысында таңба тәрізді белгілері бар құты, құмыра және бірнеше фрагменттер табылды. Шарық көмегімен жасалған құты сапалы күйдірілген. Ернеуі сыртқа бүрілген. Биіктігі 19 см, мойын ұзындығы 3 см, ернеу диаметрі 10 см, жалпақ бүйірінің диаметрі 23 см. Жарты шар тәрізді, бір бүйірі тегіс келген, қимасында дөңгелек, мойны қысқа. Түсі қызыл. Ыдыстың сыртқы беті қанық қоңыр түспен ангобталған (4-сурет, В). Ыдыстың дөңес бүйіріне қызыл түсті ангобпен салынған шеңбер оған сызылған крест және шиыршықталып спираль түрінде түсірілген таңба тәрізді белгісі бар. Пішіні жағынан бұл ыдыстар Хорезм және Шірік рабат қалашығынан табылған құтыларға өте ұқсас (Болелов, Утубаев 2017: 20) және Қалалы қыр 2 археологиялық ескерткішінде жиі кездеседі. С.Б. Болелов бұл таңбаларды ежелгі Хорезмдегі архитектуралық құрылыс жоспарларында кеңінен пайдаланғандығын және күнге деген құрметтің белгісімен байланыстырады. Шеңбер ішіндегі крест таңбасын дүниенің төрт бұрышымен түсіндіреді. Ежелгі егіншілер әлемінде төрт бағыт ұғымы маңызды болған, егер адам осы төрт бағыттың ортасында болғанда ғана өзін төрт құбыласы тең немесе қауіпсіз сезінген деп тұжырымдайды. Ал, спираль белгісін әлемдік реттілік және тәртіппен байланыстырады (Болелов 2009: 122).

Сонымен қатар биіктігі 49 см, ернеу диаметрі 16 см, түбінің диаметрі 18,5 см құмыра табылды. Ыдыстың бүйірі сопақша пішінді, түбі тегіс. Ернеуі сыртқа қайрылған, мойны қысқа. Түсі қызыл, сапалы күйдірілген. Сазаға майдаланған гипс араластырылған. Құмыраның түбінде «Н» әріпі секілді таңба тәрізді белгісі бар. Сыртқы беті қанық қызыл ангобпен көмкерілген (5-сурет, А). 2008 жылғы археологиялық қазба барысында Шірік рабат қалашығындағы 1-нысаннан осындай белгіленуі бар құты табылған (Дарменов, Утубаев 2017: 25). Ғалымдар ежелгі Хорезм керамикаларындағы кейбір таңба және белгілер б.з.д V-IV ғасырлардағы персид империясы кезеңіндегі арамей алфавитіне өте ұқсас екендігін алға тартып, көзешілер оларды қыш ыдыстарға белгі салуда пайдаланғандығын айтады (Баратов 2019: 52). Біздің «Н» әріпі секілді таңба тәрізді белгіміз осы алфавитте анық байқалады және 2004-2005 жылдары археологиялық қазба барысында Шірік рабат қалашығындағы жерлеу орнынан табылған парфян-арамей жазбасы бар ыдыстың табылуы бұл тұжырымға өте жақын екендігін көрсетеді.

Сондай-ақ қазба барысында бірнеше таңба тәрізді белгілері бар ыдыс бөліктері табылды. Олар: бір немесе екі тігінен түсірілген сызықтар «/», «//», «X», «Y», әріптеріне ұқсас белгелер (5-сурет, Б). Археологиялық ескерткіштерде кездесетін таңба немесе белгілерді зерттеуші ғалым Яценко. С.А қыш ыдыстардағы таңба тәрізді белгілерді белгілі бір ыдыстар жиынын санау мақсатында және шебердің өзіндік қолтаңбасы қызметтерін атқаруы мүмкін деген тұжырым жасайды (Яценко 2001: 95).

Ежелгі Хорезмнің қыш ыдыстарындағы белгілерді зерттеуші ғалымдар ыдыстардағы екі немесе оданда көп біріккен түрде түсірілген белгілерді сол ыдыстың көлемі және оның қандай мақсаттарда пайдаланатындығы жайында мағұлматтар келтірілген деген тұжырымдар жасайды. Ал, Хумбузтепе қонысынан табылған бір таңбалы керамикалардағы белгілерді В.А.Лившицтің оқуы бойынша ыдысқа салынған азық-түлік немесе құйылған сусынның көлемі және атауы көрсетілген шаруашылық құжат деп қарастырады. Бұл тұжырымды негізге алған М.Мамбетұллаев қоныс аумағында қолөнершілерге тәуелді еңбек ететін топтар белгілі бір тапсырыстарды орындаған және орнына азық-түлік алып отырған деген өз болжамын ұсынады

(Мамбетуллаев М. 1984: 21).

Керамикаларды техникалық-технологиялық талдау. Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институтындағы зертхана қызметкері Ж.С. Қалиева қазба барысында алынған керамикалардың жасалу тәсілі, қалыпталуы, саз құрамы, күйдірілуі және ыдыстардағы таңба, белгілердің түсірілу тәсілі жалпы техника-технологиялық талдау лабораториялық жұмыстарын жүргізді. Талдау нәтижесінде ыдыстар шарық көмегімен және жапсырма әдісімен дайындалған. Таза сазға негізінен органикалық заттар жануарлар қиы, шамот кей жағдайларда майдаланған тас араластырылған. Ыдыстардың басым көпшілігі әуелі түб бөлігі дайындалып, оған басқа бөліктерін таспалап жапсыру арқылы қалыпталған. Керамикалардың сыртқы бетін өңдеуде, тегістеуде жұқа тері, мата, қатты тас, ағаш секілді материалдар пайдаланылған. Ыдыстар қыш күйдірілуге арналған пештерде сапалы күйдірілсе, аз жағдайда ашық отта күйдірілген. Басым көп ыдыстардың сыртқы беті минералдық, органикалық бояулармен яғни, ангобтармен көмкерілген. Керамикалардағы таңба тәрізді белгілер күйдірілуге дейін өткір, үшкір заттармен түсірілсе, кей ыдыстардың ернеу бөліктері саусақтың немесе қатты заттардың көмегімен батырылып әрленгендігін көрсетті. Талдау зерттеу жұмыстары А.А. Бобринский әзірлеген тәсіл және бинокулярлық микроскопия және трасология негізінде жүргізілді.

Тұрмыстық бұйымдар.

Үккіштер.

1) Биіктігі 4,8 см, ұзындығы 6,5 см. Пішіні төртбұрышты. Табиғи сұр түсті. Жұмыс жасаған бөлігінде сары түсті органикалық зат қалдығы сақталған.

2) Диаметрі 7,5 см, биіктігі 4 см. Дөңгелек формалы. Түсі табиғи сұр. Бір бетімен жұмыс жасаған. Органикалық заттарды майдалау үшін пайдаланған болуы керек.

Ұршық басы. Диаметрі 4,8 см, саңылау диаметрі 0,7 см, қалыңдығы 0,6 см. Түсі қоңыр. Нысаннан ұршық бастарының көптеп табылуы өңірде тоқыма өндірісінің дамығандығын дәлелдейді.

Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институтының археологиялық технологиялар зертханасының палеозолог маманы Шагирбаев М.С қазба барысында табылған сүйектен жасалған бұйымдарға археозоологиялық талдау жұмыстарын жүргізді.

Зоологиялық түсініктеме. Құлан (*Equus hemionus*) мен жылқының (*Equus ferus caballus*) анатомиялық құрылымы бір-біріне өте жақын. Негізгі айырмашылықтары ретінде тек өлшемдерінің үлкен-кішілігі және жекелеген кейбір қаңқа элементтері ғана алынады. Жылқының алдыңғы және артқы сирағында бір ғана түтікшелі сүйек болатыны белгілі. Бұл сүйек құланда да кездеседі. Осы сүйекті зоологиялық шартты белгі бойынша №3 немесе ортаңғы сүйек деп атайды. Осы ұзын келген алдыңғы сирақтың (*metacarpale*) және артқы сирақтың (*metatarsale*) плантарлы бетінің (артқы жағы) екі жиегінде ұзын әрі жіңішке келген таяқша тәріздес екі сүйек орналасады. Аталған сүйектер зоологиялық терминологияға сәйкес рудиментті (қалдық немесе жұрнақ) сүйектер деп аталады. Орысша ғылыми әдебиеттерде «грифельная кость» деп аталуы жиі кездеседі.

Археозоологиялық талдау. Бәбіш мола 7 елді мекенінен табылған 3 дана сүйектің сыртқы пішіндерінде өңделу үдерістері бар. Қолда бар эталондармен салыстырмалы түрде қарағанда, барлық рудиментті сүйектер сыртқы анатомиялық пішіндері мен көлеміне қарай құланның артқы сирағына тиесілі болып табылады.

№1-ші рудиментті сүйектің проксимальды блогындағы буын ойысының ең үлкен ені 16,48 мм.

№2-ші рудиментті сүйекте бұл өлшем 15,66 мм.

№3-ші рудиментті сүйекте 10,78 мм құрайды.

Бірінші және екінші рудиментті сүйектердің екеуі де құлан метаподиясының бір шетіне тиесілі яғни екі құланға тән әрі жастары шамалас құланға тиесілі. Үшінші рудиментті сүйектің өлшемдері басқаларына қарағанда үлкен алшақтыққа ие және пішінде әлі толық жетілмеген белгілер анық байқалады. Мәселен проксимальды бөлігіндегі буын ойыстары толық қалыптаспаған. Дегенмен ұзындығы жөнінен алдыңғы екеуімен салыстырмалы түрде бірдей болып табылады. Трасолог мамандардың пайымдауынша бұл құралдар түйреу, тесу, қыш ыдыстарға белгі, таңба

салу мақсатында, кей жағдайларда жіптерді тоқу үшін ілмек ретінде қолданылған.

Қорытынды. Сонымен, Бәбіш мола 7 елді мекенінің қыш ыдыстарын пайдалану мақсаттарына қарай төмендегідей топтарға бөлуге болады:

шаруашылық ыдыстар – күм, күмша, құты.

асханалық ыдыстар – құмыра, табақша, тостаған, табак.


ас үйлік ыдыстар – құмыра, көзе, таба.


күнделікті үй тұрмысында пайдаланылатын – ұршық басы, үйкеуіш және сүйектен жасалған құралдар.

Табылған қыш ыдыстарды талдай келе шарық көмегімен дайындалған ыдыстар тоқсан пайыз, жапсырма әдісімен жасалған ыдыстар он пайызды құрады. Пайдалану мақсаттарына қарай сандық мөлшерлемесі бойынша асханалық ыдыстар басым екендігін аңғарамыз. Соның ішінде құмыралар пайызы көп. Жалпы, табылған керамикалар Шірік рабат мәдениетіне тән ескерткіштерінен табылған материалдарға өте жақын әрі ұқсас.

Бәбіш мола 7 елді мекеннен анықталған күрделі құрлысы бар қыш күйдіретін пештер мен шеберханалар Шірік рабат мәдениетіне тән ескерткіштерді қыш ыдыстармен қамтамасыз ететін өндіріс орталығы болған. Ал, керамикалардағы танба тәрізді белгілердің қандай мақсаттарда пайдаланғандығын анықтау алдағы уақыттың еншісінде. Келешекте бұл археологиялық ескерткішке кешенді қазба-зерттеу жұмыстарын жүргізу, қазба барысында алынған материалдарды ғылыми айналымға енгізу Шірік рабат археологиялық мәдениеті жайында құнды әрі маңызды дерек берері анық.

Бәбіш мола 7 елді мекеніндегі қыш ыдыстардың ДИОГРАММАСЫ





Әдебиеттер:

- Андрианов Б.В. Древние оросительные системы Приаралья. Москва, : Наука, 1969. – 251с.
- Баратов С.Р. Знаки на Керамических изделиях в древнем Хорезме // Тамги доисламской Центральной Азии. Самарканд, :МИЦАИ, 2019. С.43 -58.
- Болелов С.Б., Утубаев Ж.Р. Поселение гончаров Бабиш-Мулла 7 в низовья Сырдарьи (раскопки 2015 года). // КСИА, вып. 248, Москва, 2017. С.20 - 35.
- Болелов С.Б. Расписная хозяйственная посуда древнего Хорезма (по материалам Калалы-гыр 2). // ПИФК, вып. 1, Москва, 2010. С.122 - 142.
- Вайнберг Б.И., Левина Л.М. Чирикратская культура в низовьях Сырдарьи. // Археология СССР. Степная полоса Азиатской части СССР в скифо-сарматское время. Москва, 1992. 494 с.
- Вайнберг Б. И. Левина Л.М. Чирикратская культура. – Низовья Сырдарьи в древности. Вып. I. Москва, 1993. 130 с.
- Воробьева М.Г. Керамика Хорезма античного периода. Керамика Хорезма // ТХАЭЭ. Т. IV / Под. ред. С.П. Толстов. Москва, 1959. 398 с.
- Дарменов Д.Т., Утубаев Ж.Р. Подбойный тип погребальных сооружений на городище Чирик рабат // Ұлттық Ғылым Академиясының Хабарлары. Қоғамдық және Гуманитарлық Ғылымдар сериясы. Алматы.ҚР ҰҒА, 2017. №1 (311). С.25 - 33.
- Калалы-гыр 2. Культурный центр в Древнем Хорезме IV-II вв. До н.э. / Отв.ред Б.И. Вайнберг. Москва: Восточный.литература, 2004. 286 с.
- Курманкулов Ж, Тажекеев А, Кзылбаев Т., Абдихалыков Ш. Отчет о разведке на территории Кызылординской области по своду памятников за 2006 год // Отчет об археологических исследованиях по государственной программе «Культурное наследие» в 2006 году. Алматы.2007. С. 216 - 217.
- Мамбетуллаев М. Хумбузтепа – керамический центр Южного Хорезма // Археология Приаралья. Вып. II. Ташкент, 1984. С. 21 – 39.
- Пидаев Ш.Р. Стратиграфия городища Старого Термеза в свете новых раскопок. // Городская культура Бактрии-Тохаристана и Согда. Ташкент, 1987. С.88 - 89.
- Самашев З, Базылхан Н, Самашев С. Древнетюрские тамги. Алматы.2010. С.15 - 20.
- Степная полоса Азиатской части СССР в скифо-сарматское время // Отв ред М.Г. Мошкова Москва, :Наука, 1992. 478 с.
- Толстов С.П. По следам древнехорезмийской цивилизации. Москва, : Ленинград, 1948. 317 с.
- Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта. Москва, 1962. 323 с.
- Толстов С.П., Воробьева М.Г., Рапопорт Ю.А. Работы Хорезмской археолого

этнографической экспедиции в 1957 г. // МХЭ. Москва, 1960. Вып. 4. 203 с.

Шагирбаев М.С., Утубаев Ж.Р. Бәбіш мола қаласынан табылған остеологиялық материалдардың сандық және морфологиялық құрамы // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. №3 (62). Алматы, 2019. С.382 - 390 бб.

Яценко С.А. Тамги ираноязычных народов древности и раннего средневековья. Москва: Восточный.литература «РАН», 2001. 190 с.

Яценко С.А., Рогожинский А.Е. Введение // Тамги доисламской Центральной Азии. Самарканд,:МИЦАИ, 2019. С. 8 - 42.

References:

Andrianov B.V. Drevnie orositelnye sistemy Priaralya. Moskva,: Nauka, 1969. P. 251 [in Russian].
Baratov S.R. Znaki na Keramicheskikh izdeliyakh v drevnem Khorezme // Tamgi doislamskoy Tsentral'noy Azii. Samarkand,:MITSAl, 2019. 43-58 pp [in Russian].

Bolelov S.B., Utubaev Zh.R. Poselenie goncharov Babish-Mulla 7 v nizovya Syrdari (raskopki 2015 goda). // KSIA, vyp. 248, Moskva, 2017. 20–35 pp [in Russian].

Bolelov S.B. Raspisnaya khozyaystvennaya posuda drevnego Khorezma (po materialam Kalaly-gyr 2). // PIFK, vyp. 1, Moskva, 2010. 122-142 pp [in Russian].

Vainberg B.I., Levina L.M. Chirikrabskaia kəltəra v nizoviah Syrdari. // Arheologiiia SSSR. Stepnaiia polosa Aziatskoi chasti SSSR v skifo-sarmatskoe vremia. Moskva, 1992. – P. 494. [in Russian].

Vaynberg B. I. Levina L.M. Chirikrabskaya kul'tura. – Nizovya

Syrdari v drevnosti. Vyp. I. Moskva, 1993. P.130 [in Russian].

Vorobyeva M.G. Keramika Khorezma antichnogo perioda. Keramika

Khorezma // TKhAEE. T. IV / Pod. red. S.P. Tolstov. Moskva, 1959. P. 398 [in Russian].

Darmenov D.T., Utubaev Zh.R. Podboynyy tip pogrebalnykh sooruzheniy na gorodishche Chirik rabat // Soobshcheniya Natsionalnoy Akademii Nauk. Seriya obshchestvennykh i gumanitarnykh nauk. Almaty. NAN RK, 2017. №1 (311). 25-33 pp [in Russian].

Kalaly-gyr 2. Kultovyy tsentr v Drevnem Khorezme IV-II vv. Do n.e./Otv.red B.I. Vaynberg. Moskva: Vostochnyy.literatura, 2004. P.286 [in Russian].

Kurmankulov Zh, Tazhekeev A, Kzylbaev T., Abdikhalykov Sh. Otchet o razvedke na territorii Kyzylordinskoy oblasti po svodu pamyatnikov za 2006 god // Otchet ob arkheologicheskikh issledovaniyakh po gosudarstvennoy programme «Kulturnoe nasledie» v 2006 godu. Almaty. 2007. 216-217 pp [in Russian].

Mambetəllaev M. Həmbəztepa – keramicheskii tsentr Iəjnogo Horezma // Arheologiiia Priaralia. Vyp. II. Tashkent, 1984 P. 21-39 [in Russian].

Pidaev Sh.R. Stratigrafiya gorodishcha Starogo Termeza v svete novykh raskopok. // Gorodskaya kul'tura Baktrii-Tokharistana i Sogda. Tashkent, 1987. 88-89 pp [in Russian].

Samashev Z, Bazyhan N, Samashev S. Drevnetərskie tamgi. Almaty. 2010. 15-20 pp [in Russian].

Stepnaya polosa Aziatskoy chasti SSSR v skife-sarmatskoe vremya // Otv red M.G. Moshkova Moskva,: Nauka, 1992. P.478 [in Russian].

Tolstov S.P. Po sledam drevnekhorezmiyskoy tsivilizatsii. Moskva, :Leningrad, 1948. P.317 [in Russian].

Tolstov S.P. Po drevnim deltam Oksa i Iaksarta. Moskva, 1962. P. 323. [in Russian].

Tolstov S.P., Vorob'yeva M.G., Rapoport Yu.A. Raboty Khorezmskoy arkheologo etnograficheskoy ekspeditsii v 1957 g. // MKhE. Moskva, 1960. – Vyp. 4. P.203 [in Russian].

Shagirbaev M.S., Utubaev Jh.R. Morfologicheskii i kolichestvennyi sostav osteologicheskikh materialov gorodie Babish mola // Izvestiia NAN RK, Vestnik KazNPƏ im. Abaia. №3 (62). Almaty, 2019. 382-390 pp [in Kazakh].

Iatsenko S.A. Tamgi iranoyazychnykh narodov drevnosti i rannego srednevekov'ya. Moskva: Vostochnyy.literatura «РАН», 2001. P. 190 [in Russian].

Iatsenko S.A., Rogojinskii A.E. Vvedenie // Tamgi doislamskoi Tsentralnoi Azii. Samarkand,:MITSAl, 2019. 8-42 pp [in Russian].

ҒТАХР 03.81

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ ТОПОНИМДЕРІНІҢ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАНУЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ирина Бекзатқызы

ҚР Ұлттық музейі «Халық қазынасы» ғылыми-зерттеу институтының
ғылыми қызметкері, жаратылыстану ғылымдарының магистрі
E-mail: irinabekzatkyzy@gmail.com

Түйіндеме. Мақала Ақмола облысының тарихи топонимдерінің өзгеріске ұшырау мәселелеріне арналған. Зерттеуде әртүрлі кезеңдерде аймақ топонимдерінің трансформациялануының тарихи себептері қарастырылады. Сондай-ақ, аймақта жаңа топонимдердің пайда болуы, нысанды қайта атау, атаудың бұрмалануы және калькалау тәсілі арқылы топонимдердің өзгеріске ұшырау мәселелері қамтылған. Зерттеудің мақсаты қарастырылып отырған аумақтағы топонимдер трансформациясының тарихи себептерін аша отырып, идеологиялық тұрғыдан ескірген елді-мекен атауларын нақты деректер негізінде қайта қалпына келтіру болып табылады. Мақаланы жазу барысында архив құжаттары мен ескі картографиялық материалдар негізге алынып, нақты дәлелдер келтірілді. Зерттеу нәтижесінде облыс аумағында славян топонимдерінің көптеп кездесуі Ресей империясының саясатымен, сондай-ақ кеңес үкіметі мен тың және тыңайған жерлерді игеру кезіндегі қоныс аудару процесімен байланысты болды деген қорытынды жасалды.

Кілт сөздер: топонимика, тарих, тарихи топонимдер, географиялық атаулар, ойконимдер, топонимдердің трансформациялануы, Ақмола облысы.

Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің №BR05236868 «Сарыарқаның мәдени мұрасын зерттеу, сақтау және насихаттау» жобасын жүзеге асыру аясында жазылды.

МРНТИ 03.81

ВОПРОСЫ ИЗУЧЕНИЯ ТРАНСФОРМАЦИИ ТОПОНИМОВ АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ

Ирина Бекзатқызы

научный сотрудник Научно - исследовательского института «Халық қазынасы»
Национального музея РК, магистр естественных наук
E-mail: irinabekzatkyzy@gmail.com

Аннотация. Статья посвящена проблемам трансформации топонимов Акмолинской области. В работе рассматриваются исторические причины изменения топонимов региона в разные периоды. Также рассмотрены вопросы возникновения новых топонимов в регионе, переименования объектов и трансформации топонимов путем калькирования и неправильного произношения. Целью исследования является восстановление идеологически устаревших названий населенных пунктов на основе архивных данных с раскрытием исторических причин трансформации топонимов на рассматриваемой территории. В ходе подготовки статьи за основу были взяты архивные документы и старые картографические материалы. В результате исследования сформулирован вывод, что большое количество славянских топонимов на территории региона были связаны сполитикой Российской Империи, а также с переселениями советского периода при освоении целинных и залежных земель.

Ключевые слова: топонимика, история, исторические топонимы, географические названия, ойконимы, трансформация топонимов, Акмолинская область.

IRSTI 03.81

THE STUDY OF TRANSFORMATION OF TOPONYMS IN AKMOLA REGION

Irina Bekzatkyzy

researcher at the National Heritage Research Institute of the National Museum
of the Republic of Kazakhstan, master of natural Sciences
E-mail: irinabekzatkyzy@gmail.com

Abstract. This article focused on problems of the Akmola region toponyms transformation. The paper considers the historical reasons for changing the toponyms of the region in different periods. The issues of new toponyms appearing in the region, renaming objects, and transforming toponyms by literal translation and mispronouncing are also considered. The research purpose is to restore historical names of localities based on archival data with the disclosure of historical reasons for the transformation of toponyms in the territory under consideration. While preparation this article, archival documents and old cartographic materials were used as the basis. The study concludes that a large proliferation of Slavic toponyms in the region were associated with the policy of the Russian Empire. As well as with Soviet period migrations during the development of virgin and fallow lands.

Keywords: toponymy, history, historical toponyms, geographical names, oikonoms, transformation of toponyms, Akmola region.

Кіріспе. Топонимдер сол жерді мекен еткен халықтың материалдық және рухани мәдениетінің бай мұрасы болып табылады. Олар әр кезеңдердегі сан түрлі тарихи оқиғалардың куәсі. Қоғам дамуы процесінде, негізінен түрлі сыртқы факторлардың әсерінен қоршаған ортада түрлі өзгерістер орын алады. Олардың қатарына географиялық атаулардың өзгеріске ұшырауы да жатады. Біз қарастырып отырған Ақмола облысының топонимиясы да әртүрлі кезеңдерде түрлі саяси және тарихи оқиғалардың әсерінен өзгерістерге ұшырап отырды.

Тарихы ежелден бастау алатын Ақмола облысы қазақ тарихында өзіндік орны бар аймақтардың бірі. Облыстың ежелгі және орта ғасырлардағы маңызды рухани мұрасы оның қоныстарының, материалдық және рухани мәдениет ескерткіштерінің, географиялық нысандарының атаулары болып табылады. Олар көптеген тарихи мәселелерді шешуде аса маңызды дереккөз бола алады. Себебі аймақ топонимдерінде қазақ халқының мәдениеті, дүниетанымы, өмір сүру салты мен ғасырлар бойы қалыптасқан шаруашылығы айқын көрініс тапқан.

Аумақ топонимдерін зерттей отырып, бірінші кезекте жергілікті жердің тарихына, халықтың тұрмысы мен мәдениетіне назар аударылды. Аймақтың топонимикалық жүйесінің қалыптасуына жергілікті жердің географиялық ерекшеліктерімен қатар, аумақтағы халықтар қоныстануының тарихи кезеңдері, ежелгі көші-қон мен ұлттаралық байланыстар, этностардың таралуы және ғасырлар бойы қазақ жерінде орын алған тарихи, саяси және әлеуметтік-экономикалық өзгерістер де әсер етті. Жүргізілген топонимикалық зерттеулер облыс аумағына түрлі этникалық топтардың қоныстануы нәтижесінде аймақ топонимдерінің өзгеріске ұшырағандығынан ауқымды ақпарат берді. Зерттеу нәтижесінде аймақтағы идеологиялық тұрғыдан ескірген топонимдердің тарихи атауларын қалпына келтіру қажеттілігі анықталды. Бұл тақырыптың өзектілігін айқындай түседі.

Зерттеудің жаңалығы ретінде ізденіс барысында қол жеткізген облыс аумағындағы кейбір елді-мекендердің тарихи атаулары ұсынылады. Ұсынылған мәліметтер Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивтің (бұдан былай – ҚРОМА) №317 қорынан алынған №58 «Ақмола облысының қоныс аудару аудандарындағы елді (бос жерге) орналастыру барысы туралы мәлімдеме» және №393 қордың №124 «Көкшетау уезінің болыстары бойынша құрылған жылы мен учаскенің атауы көрсетілген селениелер тізімі» құжаттарына, сондай-ақ, Омбы облыстық тарихи архивінің (бұдан былай – ООТА) №198 қорындағы №13 «Ақмола облысы Атбасар уезіндегі қоныс аудару және қосалқы жерлерінің картасына» негізделген. Қазіргі

таңда тәуелсіз Қазақстанның ұлттық идеологиясының негізгі белгілерінің бірі ретінде тарихи атауларымызды қалпына келтіру мәселесі үлкен саяси-идеологиялық мәнге ие. Тарихи географиялық атауларды зерттеу және оларды қалпына келтіру жердің этникалық тиістілігін анықтауға және халқымыздың тарихи-мәдени мұрасын қайта жандандыруға мүмкіндік береді.

Мақаланың деректік базасы орыс географтары мен саяхатшыларының еңбектері, жергілікті өлкетанушылардың жазбалары және автордың зерттеліп отырған аумақта жүргізген далалық этнографиялық экспедицияларының материалдары болып табылады. Негізгі топонимикалық дерек ретінде ҚРОМА №317 (Переселенческое управление в Акмолинской области), Астана қаласы мемлекеттік архиві (бұдан былай – АҚМА) №362 (Фонд А.Ф. Дубицкого) және ООТА №198 (Коллекция картографических документов за 1766-1917 годы) қорларынан алынған деректер пайдаланылды. Аталған дереккөздер мақаланың мазмұны мен ғылыми жаңалығын ашуға мүмкіндік берді.

Зерттеу барысында тарихи-географиялық, тарихи-лингвистикалық және салыстырмалы-тарихи әдістер қолданылды. Бұл топонимдердің қалыптасу тарихын, бастапқы мағынасы мен олардың өзгеріске ұшырау себептерін жете зерттеуге мүмкіндік берді.

Ақмола өңірі зерттеушілердің назарын өзіне ерте кезден-ақ аударды. Аймақ туралы алғашқы деректер орыс географтары мен саяхатшыларының еңбектерінде жарық көрді. Аз зерттелген өлкеге сондай-ақ жазушылар, этнографтар, тіл мамандары, ботаниктер, зоологтар, археологтар мен тарихшылар қызығушылық танытып, аймақтың табиғатын, ежелгі материалдық мәдениет ескерткіштерін, жергілікті халықтың салт-дәстүрлерін зерттеп, жазба қалдырды.

Әр кезеңдерде Солтүстік және Орталық Қазақстанды зерттеумен П. Рычков (Рычков, 1762), В. Шангин (Сибирский вестник, 1818), А. Левшин (Левшин, 1996), И. Словцов (Словцов, 1878), В. Радлов (Радлов, 1893) және басқа да орыс ғылымының көрнекті өкілдері айналысты. Олардың қатарында қазақ ғалымы, демократ және ағартушы Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов та болды.

Алғашқылардың бірі ретінде В.Н. Татищевті ерекше атауға болады. Ол Сібір аумағының географиясы, тарихы, этнографиясы, археологиясы, сондай-ақ тіл ғылымы бойынша құнды деректер жинады. Ғалым өз жұмыстарында жергілікті аңыздар мен тұрғындармен жеке сауалнама жүргізу барысында алынған материалдарды да қолданды. Оның «Общее географическое описание Сибири» атты аяқталмай қалған кітабы аймақты зерттеудегі құнды еңбек болып саналады. Екі бөлімнен тұратын кітаптың бірінші бөлімі Сібірдің жалпы сипаттамасына, екіншісі – Сібір аудандарының сипаттамасына арналған. Сондай-ақ, ол әр түрлі терминдердің мағынасын ашуға көп көңіл бөлді. Аталған кітаптың «О имени Сибири» деп аталатын тарауы «Сібір» атауының шығу тегіне арналған.

Татищевтің бұл еңбегі аяқталмағандығына қарамастан, Сібірдің табиғаты, экономикасы мен мәдениеті туралы мәліметтерді жинақтаудағы алғашқы талпыныс болды. Қазақстан аумағы кең көлемде сипатталған бұл кітап біз үшін үлкен қызығушылық тудырады. В.Н. Татищев Қазақстан туралы ғана емес, сонымен қатар біз қарастырып отырған облыс туралы алғашқы жүйелендірілген мәліметтер берді (АҚМА, I. 24: 38-42).

Ақмола аймағын зерттеушілердің бірі П.И. Рычков болды. Ол 1762 жылы жарық көрген «Топография Оренбургской губернии» кітабында Есіл өзені, Ереймен, Көкшетау тауларын және Ботағай (Татағай) қалашығын сипаттап жазады (Рычков, 1762: 169-170, 185). Шамамен сол уақытта орыстар «Горкая линия» деп атаған аумақ бойымен жүріп өткен академик П. Паллас пен И. Фальк қазіргі Ақмола облысы аумағының қысқаша сипаттамасын жазды.

Есілдің сол жақ жағалауына 1771 жылы капитан Дьяков отряды саяхат жасады. 1804 жылға дейін Солтүстік және Орталық Қазақстан туралы жарық көрген басылымдар сирек болғанын айта кету керек. Әдетте экспедицияларда жиналған мәліметтер архивтерде немесе генерал-губернаторлардың кеңселерінде сақталған. Тек 1804 жылдан бастап географ А.М. Щекатов Мәскеуде «Словарь географический

Российского государства» сөздігін басып шығарғаннан кейін, аймақтағы бекіністер, Есіл даласының табиғаты, географиялық және геологиялық ерекшеліктері туралы деректер жүйелендірілген бірқатар мақалалар мен очерктер жарияланды. Есіл, Нұра, Сарысу, Қорғалжын және басқа да өзендер мен көлдердің жағалауларында ежелгі жерлеу ескерткіштері, қалашықтар мен суландыру жүйелері болды. Мұнда үлкен табиғи байлықтар мен өзіне тән жануарлар мен өсімдіктер әлемі болды. Сонымен қатар бұл аудандар әскери-стратегиялық және сауда-шаруашылық маңызға ие болды. Сондықтан экспедициялар өңірді зерттеп, сипаттай отырып, елді мекендер мен бекіністерді салуға арналған орындарды да іздестірді (АҚМА, I. 20: 81).

Саяхатшы В. Шангин 1815-1816 жылдары қазіргі Көкшетау, Атбасар және Нұр-Сұлтан қаласы орналасқан жерлерді зерттеді. 1818 жылы жарық көрген «Сибирский вестник» журналында ол Нұра өзенінің оң жақ жағасында Қорғалжыннан 55 шақырым жерде орналасқан қираған қала орны мен Ерейментау тауларының маңындағы екі бекініс туралы жазып, Нұра өзенінің жоғарғы жағындағы ежелгі мыс кенішінің жанында орналасқан қираған мұнара мен Жақсықон өзеніндегі тас ғимараттардың қалдықтарын сипаттады (Сибирский вестник, 1818:89-90).

Қазіргі Ақмола облысының аумағын зерттеу Ақмола, Көкшетау бекіністері, пикеттер мен пошта станциялары құрылғаннан кейін ерекше қарқын алды. Бұл кезде саяхатшыларға ұзақ сапарға шығу қауіпсіз болды. Нәтижесінде өлкенің жан-жақты сипаттамасын жасап қана қоймай, жекелеген аудандары картаға енгізілді.

Подполковник Шубиннің отрядында болған казак офицері Шахматов пен топограф Казлов 1830 жылдың жазында Ақмола даласында болып, ондағы өзен-көлдер, топырақ, климат, өсімдіктер мен жануарлар әлеміне, сондай-ақ көшпелі ауылдардың әдет-ғұрпы мен салт-дәстүріне сипаттама берді және жерді көз мөлшерімен өлшеу арқылы жоспарға түсірді. Екінші рет 1831 жылдың 29 мамырында, бұл кезде жүзбасы болған Шахматов орыс казактары отрядымен бірге Ақмола бекінісінен шығып, жаз бойы Нұра мен Есіл өзендері арасындағы жерді топографиялық картаға түсірді және Қорғалжын көлі туралы жазып, Ботағай (Татағай) қалашығының қираған орнының суретін қағаз бетіне түсірді. 1836 жылы ботаник Л. Мейер құнды материалдар жинай отырып, Есілдің бастауына дейін жетті (АҚМА, I. 22:41).

Аймақ бойынша жасалған ең іргелі зерттеулерге тарихшы А. Левшиннің 1832 жылы Петербургте шығарылған «Описание Киргиз-Казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей» еңбегі жатады. Ресей Сыртқы істер министрлігіндегі қызметі барысында үнемі Қазақстанның тарихи-географиялық жағдайын сипаттайтын құжаттарды кездестірген ол казак жеріне көп сапар шегіп, бақылап отырды. Жинақталған мәліметтерді ол аталған еңбекте бір жүйеге келтіреді. Ол да Ботағай (Татағай) қала жұртын назарсыз қалдырмады. Левшин «Қорғалжын көліне құятын Нұра өзенінің сол жағында өзеннің жоғарғы сағасынан 27 шақырым жерде Татағай немесе Ботағай атты қала болған деп жазады (Левшин, 1996:107).

Ақмола облысының көптеген жер-су атаулары өлкетанушы И.Я. Словоцтың еңбектерінде көрініс табады. И.Я. Словоц өзінің «Путевые заметки введенные во время поездки в Кокчетавский уезд Акмолинской области в 1878 году» атты еңбегінде аймақтағы тау, орман және су объектілеріне сипаттама беріп, көптеген географиялық атауларды картаға түсірді. Өлкетанушының бұл жазбалары 1878 жылы Ертіс өзенінің сол жағалауы мен Есіл өзенінің оң жағалауы арасындағы қазақ даласының солтүстік бөлігінде және Омбы мен Петропавл арасындағы саяхаты кезінде қағазға түскен (Словоц, 1878).

XX ғасырдың басынан бастап түркі тілдеріндегі топонимдерді зерттеумен көптеген тілтанушы ғалымдар, тарихшылар, этнографтар, географтар айналыса бастады. Түркі халықтарының топонимикасы мен терминологиясын зерттеуге В.В. Радлов, Л.С. Берг, А.Н. Кононов, П.Мелиоранский, В.В. Бартольд және т.б. белгілі ғалымдар үлкен үлес қосты. Белгілі бір халықтың өмір сүру аумағы қазіргі және бұрынғы топонимикалық кеңістігінің көмегімен анықталатыны ақиқат. Түркітанушы академик В.В. Радлов Сібір халықтарының топонимиясын, тілдерін, этнографиясын және археологиясын зерттей отырып, Сібір халқының қоныс аударуы және олардың ежелгі мекендеу ортасы туралы қорытынды жасады. Ол XIX ғ.соңы мен XX ғ. басында өзінің «Опыт словаря

тюркских наречий» (1893-1911) кітабында түркі лексикасынан алынған ауқымды топонимикалық және терминологиялық материалдарды жинақтап, басып шығарды. Көптеген түркі терминдері мен топонимдері туралы түсінік берді (Радлов, 1893).

Облыстың жер-су аттарын зерттеуде Ф. Щербинаның статистикалық жинақтары да ақпараттық құнды дерек болып табылады. «Материалы по киргизскому землепользованию собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей» атты 3 томдық жинақта Ақмола облысының Көкшетау, Атбасар және Ақмола уездеріндегі ауылдардың статистикалық мәліметтері, ақсақалдар есімі бойынша берілген қазақ қыстақтары мен қоныстарының атауы жазылған. Сондай-ақ ауыл құрылған жыл мен жақын маңдағы өзен-көл атаулары да осында көрініс табады (Материалы по кирг. земл., 1898).

Топонимика жеке ғылым ретінде кеңес үкіметі кезінде айтарлықтай дами бастады. Аймақтық топонимикалық зерттеулермен қатар, топонимиканың теориясы мен практикасының түбегейлі мәселелерін ашатын әдістемелік сипаттағы жұмыстар пайда болды. Бұл жұмыстардың қатарында белгілі ғалым В.А. Жучкевичтің «Общая топонимика» еңбегін атап өткен жөн. Онда басқа да посткеңестік елдермен қатар Қазақстан топонимиясына да жалпы сипаттама берілген (Жучкевич, 1968).

Қазақстанда топонимика ғылымы ХХ-ғасырдың 40-жылдарынан бастап қарқынды дами бастады. Жалпы қазақ ономастикасы мәселелерін зерттеуде Е. Абдрахманов, Е. Қойшыбаев, Т. Жанұзақ, Е. Керімбаев, А.Е. Жартыбаев, Қ.Қ. Рысберген, С.Қ. Иманбердиева, Б. Бияров зерттеулерінің маңызы зор. Қазақ топонимикасы бойынша алғаш қазақ тілінде 1959 жылы жарық көрген ауқымды ғылыми жұмыс А. Абдрахмановтың «Қазақстанның жер-су аттары» атты еңбегі болды. Ол аталған ғылыми жұмысында Қазақстанның ірі қалаларының, кенттерінің, елді-мекендерінің, аудандарының, аудан орталықтарының және теміржол станцияларының атауларына, жалпы саны 800 ойконимге топонимикалық талдау жүргізді (Абдірахманов, 1959). Бұл зерттеулердің барлығы лингвистикалық сипатта болғандығын атап өту керек.

География ғылымы тұрғысынан қазақ географиялық атауларын алғаш рет өткен ғасырдың 60-шы жылдарының басында Г.К. Қоңқашбаев зерттеді. Ол өзінің көптеген зерттеулерінде қазақ халқының географиялық терминологиясының қаншалықты бай екенін көрсетіп, Қазақстан аумағында сақталған моңғол топонимикалық элементтерін анықтады, сондай-ақ, түркі тілдес терминологияның заңдылықтарын белгілеп, олардың этимологиясын ашты. Ол алғаш рет қазақ халық терминдерін жинақтап, олардың Қазақстан топонимдерін құрудағы белсенді рөлін атап көрсетті (Конкашпаев, 1949; Конкашпаев, 1959). 1963 жылы жарық көрген «Словарь казахских географических названий» сөздігінде 2100 географиялық атау мен олардың қазақша нұсқалары мен орыс тіліндегі баламалары, семантикасы, жергілікті географиялық терминдер жинақталды (Конкашпаев, 1963). Бұл жұмыс бүгінгі күнге дейін өзінің ғылыми құндылығын жоғалтпаған Қазақстан топонимикасы бойынша алғашқы географиялық еңбек болды. Кейінірек Э.М. Мурзаев, С.А. Абдрахманов, В.Н. Попова, Ә.С. Бейсенова, Ж.Д. Достай, соңғы жылдары арнайы аймақтық зерттеулер жүргізген Г.Н. Ксенжик, К.Д. Каймулдинова, А.С. Омарбекова, Ә.Е. Аябекова, Қ.Т. Сапаров және А.У. Маканованың зерттеулері де географиялық атауларды зерттеуде айтарлықтай үлес қосты.

Аймақ топонимдеріне тарихи-лингвистикалық талдау белгілі лингвист, филология ғылымдарының докторы О.А. Сұлтаньяевтың еңбектерінде көрініс тапты. Оның еңбектері топонимдерді құрылымдық-грамматикалық ерекшеліктері бойынша талдауға арналған. Ғалым өз зерттеулерінде атаулардың этимологиясына көп көңіл бөліп, топонимдердің этимологиялық сөздігін құрастырды (Сұлтаньяев, 1971). Профессор А. Абдірахманов пен О.А. Сұлтаньяевтың «Көкшетау өңірінің жер-су атаулары сөздігінде» Көкшетау өңірінің 2000-ға жуық жер-су атаулары қамтылған. Әсіресе ерте кезендерге тән ескі атаулардың шығу төркіні анықталған (Абдірахманов, Сұлтаньяев, 2015).

Тілтанушы Т. Жанұзақ Қазақстан топонимиясын зерттей отырып, құрылымдық типтері мен құрамын, топонимдердің этимологиясын қарастырады. Ғалымның редакторлығымен және Ө. Айтбаев, А. Абдірахманов, Б. Әбілқасымовтардың

қатысуымен жарық көрген «Орталық Қазақстанның жер-су аттары» атты еңбекте Орталық Қазақстан, Ақмола, Қостанай, Павлодар облыстарындағы жер-су аттарының пайда болу, қалыптасу жағдайы, олардың лексикалық-семантикалық типологиясы, грамматикалық жасалу жолдары, лексикалық қабаттары жайлы толық мағлұмат берілді (Орталық Қазақстанның..., 1989). Т. Жанұзақтың басшылығымен ҚР БҒМ тіл білімі институты авторларының бірлесуімен Қарағанды және Ақмола облыстары бойынша географиялық атаулардың сөздігі жасалды. Басып шығарылған Ақмола облысы каталогының 1 томында 5 мыңнан астам топонимдері мен түсініктемесімен бірге берілген жүздеген топоним құраушы халықтық терминдер бар (Каталог, 2002).

Ақмола өңірінің тарихи атаулары туралы құнды деректер өлкетанушы Клара Әмірқызының өлкетану жазбаларында да кездеседі. Өлкетанушы өз жазбаларында өлке тарихын баяндай отырып, өзгеріске ұшыраған қазақ атауларының тарихын архивтік нақты деректер негізінде дәлелдейді (Әмірқызы, 1993; Әмірқызы, 2001). Сондай қызықты деректер ақмолалық өлкетанушы, журналист А.Ф. Дубицкийдің жазбаларында да жарық көрген. Оның шығармаларында Ақмола өңірінің тарихы мен жер-су атауларына қатысты көптеген естеліктер қалдырылған (Дубицкий, 1992).

«Ақмола облысының географиялық нысандары номинациясының табиғи негіздері» тақырыбында 2004 жылы қорғалған А.У. Маканованың диссертациясы Ақмола облысының географиялық атауларының пайда болуы мен қолданылуының физика-географиялық негіздерін жүйелі топонимикалық талдауға арналды. Автор өз зерттеуінде Ақмола облысының географиялық объектілері атауларының ақпараттық деректер базасын құрып, оларға статистикалық талдау жүзгізді. Бұл еңбек топонимиканың географиялық бағытын дамытуға елеулі үлес қосты (Маканова, 2004).

Кейінгі жылдары облыстың тарих, өлкетану, топонимика мәселелеріне Қ.Қ. Әбуев, Ж.О. Артықбаев, П.В. Косович, Б.Бейсенбайқызы, М.С. Бөкеш, М.Б. Адрешев, Х. Жармұхамбетов, С. Аллажарұлы т.б. ғалымдар мен өлкетанушылар қызығушылық танытуда.

ҚР Ұлттық музейі «Халық қазынасы» ғылыми-зерттеу институты ҚР Білім және ғылым министрлігінің №BR05236868 «Сарыарқаның мәдени мұрасын зерттеу, сақтау және насихаттау» жобасын жүзеге асыру аясында 2018-2020 жылдар аралығында Ақмола облысының топонимикалық жүйесіне зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Негізгі бөлім. Қазақ халқы ғасырлар бойы түрлі саяси оқиғалардың куәсі болғандығы баршамызға белгілі. Қазақ жеріндегі елді-мекен, жер-су атауларының түрлі қабаттары (қытай, парсы, араб, моңғол, қалмақ, орыс) әр кезеңдердегі жаугершілік, басқыншылық заманның, саяси-әлеуметтік жағдайлардың айқын көрінісі. Дегенмен қытай, парсы, араб, моңғол, қалмақ тілдеріне қатысты топонимдер қазақ даласында аз кездеседі және олардың басым тобы қазақ тілінің заңдылығына бейімделіп, тілімізге сіңісіп кеткен. Тілдік қабаттардың ішінде ең көп тарағаны орыс тіліндегі топонимдер болып табылады.

Зерттеу нысаны болып отырған Көкшетау өңірі үш жүздің басын қосқан ұлы қолбасшы Абылайдың (1711-1781) Хан ордасына айналған өлке. Дәл осы жерде 1740 жылы Орта жүз руларының солтүстік көршіміз Ресейге қосылуы туралы шешімі қабылданды. Көкшетау аймағының тарихы ресми әдебиеттерде Сарыарқа арқылы Омбыдан Орынборға дейін бекіністер, станицалар мен қоныстар салына бастаған уақыттан белгілі (Таңғажайып өлке, 2009: 9). Бұл тарихи оқиға өңірдің топонимикасына айтарлықтай әсер етті.

Ғалым М. Мырзахметов патша үкіметінің отаршылдық саясатының қазақ топонимдеріндегі көрінісін төмендегідей үш топқа бөледі:

1. 1731-1822 жылдар аралығында патша үкіметі қазақ хандықтарын сырттан билеп, протекторат есебінде ұстанған кезінде жер атауларын өзгертуді өте сақтықпен, қазақ даласының қас-қабағына қарай жүргізді.

2. 1822-1867 жылдар аралығында хандық билік жойылып, аға сұлтандық ел билеу жүйесі енген соң, қазақ жерін «бөлшекте де билей бер» дейтін отаршылдық принцип негізінде көптеген әкімшілік территорияларға жіктелді. Бұл тұста да ру басыларын бір-біріне қарсы қойып, отаршылдық саясатын оңай жолмен жүзеге асыру кезеңінде жер атауларын өзгерту әрекеті жиілей түсті.

3. 1868 жылғы «Жаңа низам» ережесі мен 1917 жыл аралығында отарланған қазақ жері мемлекет меншігі ретінде ресми түрде жарияланған соң, отаршылдық мазмұндағы географиялық жер атаулары мүлде көбейе түсті. Қазақтардың ұлан-асыр өлкесіндегі ғасырлар бойы қалыптасқан тарихи атауларын отаршыл үкімет саналы түрде өзгертуді шындап қолға алды (Мырзахметов, 1993: 73-74). Ғалым пікірінен еліміздегі орыстанған географиялық жер-су атауларының қалыптасу кезеңдері мен себептерін айқын аңғаруға болады.

Орыс атауларының қазақ жерінде өрістей түсуіне 1861 жылғы шаруаларды басыбайлы құлдықтан босатқан патшалықтың аграрлық саясаты да әсер етті. Яғни Ресейдің орталық аудандарындағы шаруалар толқуын төңкерістен алшақ ұстау үшін оларды қазақ жеріне қоныстандыруды жоспарлы түрде жүзеге асыра бастады (Жартыбаев, 2008: 87).

Осылайша, орыс тіліндегі географиялық атаулардың қазақ жерінде жаппай көбейе бастауы XVIII ғ. І жартысынан басталып, XIX ғ. аяғына дейін орыс шаруаларының қазақ жеріне қоныс аударып, тұрақтауымен тікелей байланысты болды. XIX ғ. ортасында Көкшетау тауларының төңірегінде алғашқы орыс қоныстары – казак станицалары мен олардың жана ауылдары пайда болды. Алғашқылардың бірі Қотыркөл станицасы және одан бөлініп шыққан жеке елді-мекен, қазіргі Щучинск қаласы болды. Біраз кейінірек, 1870 жылы қазіргі Бурабай ауданының ортасында Бурабай станицасы пайда болды, кейін ол Бурабай кенті деп аталды (Қазбеков, 2011: 6).

Мурзаев Э.М. славян текті географиялық атаулардың Орталық Азия мен Қазақстан топонимиясының құрамына ену жолдарын былайша көрсетеді:

1. Отаршылдық саясаттың ықпалымен әкімшілік түрде қойылған атаулар, ондай атаулар темір жол станцияларына, қалаларға берілген.

2. Ресей және Украина жерлерінен шаруалардың көшіп келуіне байланысты қойылған атаулар.

3. Табиғат пен географиялық объектілерді зерттеу кезінде қойылған атаулар (Мурзаев, 1974: 202).

Ақмола өңірінде кездесетін өзге тілдегі географиялық атаулардың көпшілігі елді-мекен аттары, яғни ойконимдер болып келеді. Атаулардың басым тобы өңірге алғаш қоныс аударушылар мен жер өлшеушінің есімінен немесе тегінен қойылып отырды (Александровка, Алексеевка, Николаевка, Михаиловка, Петровка, Еленовка, Викторовка, Васильевка, Дмитриевка, Ольгинка, Семеновка, Константиновка т.б.). Кейбір атаулар православиялық дін идеологиясына сәйкес дін қайраткерлері, діни мейрамдар негізінде (Кондратовское, Рождественское, Крестовское т.б.) қойылса, келесі бір топтағы атаулар селениелер орналасқан өңірдің белгілі бір ерекшелігін бейнелейтін (Верхне-Ишимское, Раздольное, Тихогорское т.б.) атаулар тобын құрайды.

Кеңес үкіметі орнағаннан кейін облыс аумағында көптеген жаңа идеологиялық атаулар пайда болды. Аймақта салына бастаған жаңа кәсіпкерлер мен елді-мекендерге, әсіресе өнеркәсіпті аудандарда, кен, зауыт, фабрика, ірі құрылыстар бар жерлерде орыс топонимдері көптеп қойыла бастады. Жаңа атаулар жаңа өмірдің көріністерін бейнелейтін кеңес, бостандық, партия, пролетариат, социалистік құрылыс, индустрия, техника, саясат сияқты ұғымдармен байланысты (Первомайское, Октябрьское, Прогресс, Дружба, Коллективист, Сознание, Объединение сил, Преображенкат.б.) символикалық атаулар болды (Жартыбаев, 2008: 206). Бұл үрдіс әсіресе 1954 жылы тың және тыңайған жерлерді игеру саясаты кезінде кеңінен етек алды. Ресей, Белоруссия, Украина және КСРО-ның басқа да республикаларынан көшіп келген миллиондаған өзге ұлт өкілдері өздері қоныстанған жерлерге жаңадан ат берді немесе өздері көшіп келген елді-мекендер мен қалалардың аттарымен (Урюпинка, Таволжанка, Астраханка т.б.) атай бастады (Жартыбаев, 2008: 87-90). Көшіп келген қоныс атауына немесе кісі есімінің алдына «ново» сөзінің қосылуы арқылы да (Новокиевка, Новочеркасск, Новодонецк, Новоникольск, Новоандреевка, Новорыбинка, Новоалександровка, Новониколаевка т.б.) жаңа топонимдер пайда болды.

Облыс топонимиясында сол жерде көп кездесетін өсімдік немесе жануар аттарына байланысты қойылған фитонимдер мен зоонимдер де кездеседі: Камышенка, Сосновка,

Лесной Хутор, Зеленый бор, Щучье, Чаглинка, Журавлевка т.б. Кейбір ойконимдер қашықтық мәнін білдіріп, кейде «за», «при» қосымшалары арқылы да (Приишимское, Приречное, Пригородное, Заречное, Заозерное т.б.) жасалды.

Ал, келесі тізімдегі атаулардың өзіндік ерекшелігіне -во, -ское, -ая, -ное т.б. қосымшалармен беріліп, кейбір қазақ тіліндегі атаулардың да орыс тілінің қосымшалары арқылы таңбалануы жатады (Нурбаевск, Бекетайск, Еременское (Еремен), Каратальское т.б.). Отарлау саясатына сәйкес кейбір жер-су атауларының калькалау тәсілі арқылы қойыла бастауы да осы кезеңнен байқалады: Шөптікөл – Сенакосное, Бесмола – Пятигорское, Ақжар – Белоярка, Қызылжар – Красноярка, Қаражар – Черноярка т.б (Жартыбаев, 2008: 91). Бұл орыс атаулары географиялық объектілерде осы күнге дейін сақталған.

Топонимдердің ең көп өзгеруі топоним тілі мен оның мағынасын түсінбеуден, бір тілден екінші тілге өту барысында сөздің айтылымы мен жазылуын дұрыс орындамаудан да болады. Осының салдарынан құжаттарда немесе ғылыми әдебиеттерде бір атаудың бірнеше нұсқасы кездесіп жатады. Қазақ жеріне орыс тілінің енуі әсерінен кейбір қазақ атауларының қосарлы атауға ие болғанын байқаймыз. Мысал келтіре кететін болсақ, Бурабай кентінің атауы аймақты қауіп-қатерден қорғайтын мифтік бураның бейнесінен шыққан. Дала қазақтары Бурабай төңірегіндегі тау мен төбелердің үйінділерін түйе өркешімен байланыстырды. Осыдан ақ бура туралы көптеген аңыздар пайда болды. Негізгі мәселе Бурабай сөзінің мағынасында «Боровое» ұғымын қолдануда. «Боровое» сөзі мүлдем басқа мағына береді, бұл Ожеговтың түсіндірме сөздігі бойынша «бор» яғни «қылқан жапырақты орман» дегенді білдіреді (Ожегов, 1997). Тарихшы ғалым Қ. Абуевтің тұжырымы бойынша алғашқы орыс зерттеушілері мен қоныс аударушылары Бурабайды біріншіден, сөз үндестігіне қарай, екіншіден, тамаша қарағайлы ормандары үшін де «Боровое» деп атаса керек (Абуев, 2013). Бұл атау әлі күнге дейін «Бурабай» атауымен бірге қолданылып, қолданыстан түспей келеді.

Тағы бір мысал Бурабай ауданындағы Қатаркөл ауылы да тың игеру жылдарында жүздеген отбасылардың қоныс аударуы салдарынан атауы бастапқыда «Котуркульская станица» болып құрылып, кейін ол Қотыркөл болып өзгеріп, соңында Қатаркөл атауын иеленді. Қатаркөл атауы ауыл жанында орналасқан көлдің аты. Жергілікті тұрғын С. Ибрагимұлының (1934 ж.т.) мәліметінше бұл көл айналасында Жүкей көлі, Бурабай көлі, Кіші Шабакты, үлкен Шабакты, Шалқар, Зиба көлі, Теке көлдері қатар-қатар орналасқандықтан «Қатаркөл» деп аталған (Эксп. материалдары, 2017).

Осылайша, топонимдердің трансформациялануының жоғары дәрежесі объектіні қайта атау, яғни бұрынғы атауын жою болып табылады. Қалалар мен елді-мекендердің атауын өзгерту құбылысы тарихи дамудың ерекшеліктеріне қарай Қазақстанда барлық кезеңдерде болып отырды. Тәуелсіздік алғаннан кейін кейбір тарихи атаулар қайтарылып, кейбіріне жаңаша атау берілгенмен, бүгінгі таңда зерттеуді және қалпына келтіруді қажет ететін қалалар мен елді-мекендер, географиялық нысандар жетерлік.

Топонимдердің трансформациялануы мәселелерін зерттеу кезінде Ақмола облысының елді-мекен атауларының өзгеріске ұшырау барысы туралы архив құжаттарынан бірнеше дәлелді деректер анықталды. Төмендегі Орталық мемлекеттік архивтің №317 (Переселенческое управление в Акмолинской области) қорынан алынған №58 «1914 жылғы «Ақмола облысының қоныс аудару аудандарындағы елді (бос жерге) орналастыру барысы туралы мәлімдеме» атты архив құжатында (1-сурет) 1915 жылы Көкшетау, Ақмола, Атбасар уездерінде құрылған қоныс аудару ауылдары көрсетілген. Мәліметтерге назар аударсақ, қоныс аударушылар келген кезде жерді ана тіліндегі қазақ атауларымен атап, кейін барып орыс тіліндегі атауларға алмастырғанын аңғардық. Тізімдемеде селение аттарының ауыл тұрғындарының шешіміне сәйкес бекітілген атаулары және олар орналасқан жердің алғашқы қазақ атаулары деп бөліп көрсетілген (ҚРОМА, I. 58). Бұдан Ақмола облысында жаппай қоныс аудару ауылдарының пайда болуы нәтижесінде бірнеше елді-мекен аттары өзгеріске ұшырағанын байқауға болады.

1-сурет. 1914 жылғы «Ақмола облысының қоныс аудару аудандарындағы елді (бос жерге) орналастыру барысы туралы мәлімдеме

Құжатқа сүйенетін болсақ, қазіргі Бұланды ауданына қарасты Никольское ауылының байырғы атауы Жарлықөл, Ақкөл ауданына қарасты Новорыбинка ауылы Шортанкөл, Урюпинка ауылының тарихи атауы Шолаққарасу болған.

Бұл деректер Ақмола облыстық статистикалық комитетінің (№393қор) осы жылғы «Списки селений по волостям Кокчетавского уезда с указанием года образования и названия участка» атты құжатында да сақталған. Аталған құжат мәліметтері бойынша 1890 жылы Шортанкөл жерінде Новорыбинка, 1899 жылы Шолаққарасу жерінде Урюпинка селениелері пайда болған. Бұлар Алексеев болысының құрамына кірді. 1893 жылы Жарлықөл жерінде Никольск болысына қарасты Никольское селениесінің іргесі қаланған (ҚРОМА, I. 124).

Сондай-ақ, Омбы облыстық тарихи архивінің қорынан табылған ескі тарихи карталар да бұған дәлел бола алады. №198 қордың №13 Ақмола облысы Атбасар уезіндегі қоныс аудару және қосалқы жерлерінің картасынан Новорыбинка ауылы Шортанкөл көлінің жанына салынғанын және Никольское ауылының Жарлықөл жеріне орналасқанын көруге болады (ООГА, I. 13). Яғни, қоныс аударушылар келгеннен кейін жаңадан салынған ауылдарға ат қою барысында бұл мекендер жана атауларды иеленген.



2-сурет. Ақмола облысы Атбасар уезінің қоныс аудару және қосалқы жерлерінің картасы

Урюпинка ауылы Ақмола облыстық тарихи-өлкетану музейінің мәліметтері бойынша алғашында Сосновка деп аталған. Себебі айналасында үлкен қарағай орманы өскен, орман ағаштары кейін үй тұрғызу мақсатында жойылып кеткен. Кейіннен Урюпинск станицасынан (қазіргі Волгоград облысы Урюпинск қаласы) қоныс аударушылардың келіп қоныстануына байланысты Урюпинка деп аталған. Ұзақ уақыт ауыл Сосновка-Урюпинка деген қосарлы атаумен аталған (Эксп.материалдары, 2006). Этнографиялық экспедиция кезінде Ақкөл қаласының мектеп мұрағатынан табылған жазбада Урюпинка ауылы былайша сипатталады: «Это поселение первоначально называлось Сосновкой – за околицей, за речкой Талкарой, стоит медноствольный основной бор. А потом прижилось название Урюпинка и стало впоследствии официальным.

На десяток другой верст южнее Урюпинки ландшафт иной. Перелески постепенно сходят на нет, словно проваливаются сквозь землю, и во все стороны открывается необозримая, отданная во власть шальных ветров степь, рассекаемая балками, оврагами и руслами речушек, многие из которых летом пересыхают». Ал, Шолаққарасу – негізгі қорегін жер асты суларынан алатын, құрғап қалатын өзен мағынасындағы атау. Демек, бұл жер бұрын Шолаққарасу аталғанына негіз бар.

Байқағанымыздай, қоныс атаулары сол жердегі көл аттарымен аталған. Су көздері көшпелілердің өмірінде үлкен рөл атқарды, себебі олар көшіп-қону кезінде, тұрақ орындарын таңдауда бағыт-бағдар болды. Олардың көпшілігі кейіннен сол жерде пайда болған елді-мекендердің атауларына айналды. Алдымен су нысандарының (гидронимдердің) атаулары пайда болып, содан кейін барып қалған топонимдердің пайда болуы топонимикада қалыпты жағдай.

Аталған елді-мекендердің байырғы аттары жергілікті жердің географиялық ерекшелігіне және фаунасына байланысты қалыптасқан. Яғни, көпшілікке түсінікті қазақ тілінің негізінде жасалған ұлттық топонимдер. Ұлттық топонимдер қазақ халқының мәдени мұрасының маңызды бөліктерінің бірі ретінде оларды қалпына келтірудің маңызы зор. Жоғарыда келтірілген деректер ономастикалық жұмыстар жүргізуде ақпарат көзі бола алады деп есептейміз.

Зерттеу нәтижесінде қол жеткізген топонимикалық материалдар негізінде төмендегідей қорытынды жасалды:

1. Ақмола облысы топонимиясының басым бөлігі қазақ тілінің негізінде қалыптасқан болса, кейбірі көне тілдік қабаттарға жатады. Ана тіліміздегі атаулар негізінен гидронимдермен оронимдерде сақталған.

2. Аймақ топонимдерінің трансформациясына қазақтардың Ресей империясының құрамына қосылуынан бастап, тың және тыңайған жерлерді игеру саясатына дейінгі түрлі саяси-тарихи оқиғалар әсер етті.

3. Облыс топонимдерінің біраз бөлігін славян текті атаулар құрайды. Орыс тіліндегі атаулар көбінесе ойконимдерде, яғни елді-мекен атауларында кездеседі.

4. Топонимдер елді-мекендерді қайта атау, жаңа қонысқа жанадан ат қою, тілдік ерекшеліктерге байланысты бұрмалану арқылы трансформацияға ұшырады.

5. Аймақтың кейбір ойконимдері идеологиялық тұрғыдан ескірген болып табылады, олардың тарихи атауларын қалпына келтіру қажет деп есептейміз.

Әдебиеттер:

Абдірахманов А., Сұлтаньяев О.А. Көкшетау өңірінің жер-су атаулары сөздігі. Көкшетау, 2015. 157 б.

Абдірахманов. А.А. Қазақстанның жер-су аттары. Алматы. Қаз.ССР ҒА баспасы, 1959. 221 б.

Абуев К.К. Топонимам вернуть исконные наименования // Ақмолинская правда. №85 от 3 августа 2013 года. Кокшетау, 2013.

Ақмола облыстық тарихи-өлкетану музейінің этнографиялық экспедиция материалдары. Көкшетау, 2006.

Ақмола облысының топонимикасы бойынша жүргізілген этнографиялық экспедиция материалдары. ҚР Ұлттық музейі «Халық қазынасы» ҒЗИ. Астана, 2017.

Астана қаласы мемлекеттік архиві (бұдан былай – АҚМА). 362-қор. Фонд А.Ф. Дубицкого. Исследователь Приишимья.

- Әмірқызы. К. Атақоныс ақиқаты. Астана: Елорда, 2001. 193 б.
- Әмірқызы. К. Ауылым – атамекенім. Ақмола: Аққұс, 1993. 305 б.
- Дубицкий А.Ф. Скрижали истории. Краеведческие заметки. Целиноград, 1992.
- Жартыбаев. А.Е. Орталық Қазақстан аймақтық топонимиясы. Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2008. 379 б.
- Жучкевич В.А. Общая топонимика. Изд. 2-е. Минск: Вышэйшая школа, 1968. 432 с.
- Каталог географических названий Казахстана // Т.1. Акмолинская область. Алматы. 2002. 204 с.
- Конкашпаев Г.К. Географические названия монгольского происхождения на территории Казахстана // Известия АН Каз.ССР Сер.Филологии и искусствоведения, 1959. Вып.4 (II). С. 85-97.
- Конкашпаев Г.К. Казахские народные географические термины. Автореф.канд.дисс. Алма-ата, 1949. 15 с.
- Конкашпаев Г.К. Словарь казахских географических названий. Алма-Ата, 1963. 185 с.
- Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві (бұдан былай – ҚРОМА). 317-қор, 1-тізбе, 58-іс. Ведомости о ходе водворения и зачисления на переселенческих участках Кокчетавского, Омского, Атбасарского и других уездах за 1915 год.
- Қазбеков. А. Бурабай. Оқжетпес. Әулиекөл. Көкшетау, 2011. 277 б.
- ҚРОМА. 393-қор, 1-тізбе, 124-іс. Списки селения по волостям Кокчетавского уезда с указанием года образования и названия участка.
- Левшин. А.И. Описание Киргиз-Казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей / под.общ.ред. М. Козыбаева. Алматы. Санат, 1996. 656 с.
- Мақанова А.У. Природные основы номинации географических объектов Акмолинской области. Автореф.канд.дисс. Алматы. 2004. 30 с.
- Материалы по киргизскому землепользованию собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Акмолинская область. Кокчетавский уезд. I том. Воронеж, 1898.
- Материалы по киргизскому землепользованию собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Акмолинская область. Атбасарский уезд. II том. Воронеж, 1902.
- Материалы по киргизскому землепользованию собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Акмолинская область. Акмолинский уезд. III том. Чернигов, 1909.
- Мурзаев Ә.М. Очерки топонимики. Москва: Мысль, 1974. 382 с.
- Мырзахметов. М. Қазақ қалай орыстандырылды. Алматы. 1993. 128 б.
- Ожегов. С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка / Российская академия наук. Институт русского языка имени В.В. Виноградова. 4-е изд., доп. Москва: Азбуковник, 1997. 944 с.
- Омбы облыстық тарихи архиві (бұдан былай – ООТА). 198-қор, 3-тізбе, 13-іс. Карта переселенческих и запасных участков Атбасарского уезда Акмолинской области.
- Орталық Қазақстанның жер-су аттары / Ред. Т. Жанұзақ. Алматы. Ғылым, 1989. 256 б.
- Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. Санкт-Петербург: Типография Императорской Академии Наук, 1893. Т.1. 1048 с.
- Рычков. П.И. Топография Оренбургской губернии. Ч.1. Санкт-Петербург: при Императорской Академии наук, 1762.
- Сибирский вестник / ред.Г. Спаский. Том.2. Ч.3. Санкт-Петербург, 1818. 130 с.
- Словцов И.Я. Путевые заметки, веденные во время поездки в Кокчетавский уезд Акмолинской области в 1878 году. 199 с.
- Султаньяев О.Л. Принципы номинации в казахской топонимике Кокчетавской области // Ученые записки УрГУ. Серия филологическая. №114. Москва, 1971. Вып.18. С. 62-72.
- Таңғажайып өлке – Бурабай / Ред. Б.Аяған / «Қазақ энциклопедиясы». Алматы. 2009. 323 б.

References:

- Abdirahmanov. A., Sultanaev O.A. Kokshetau onirinin zher-su ataulary sozdigi. Kokshetau, 2015. 157 p. [in Kazakh].
- Abdirahmanov. A.A. Kazakhstannyn zher-su attary. Almaty: Kaz.SSR GA baspasy, 1959. 221 p. [in Kazakh].
- Abuev K.K. Toponimam vernut iskonnye naimenovania // Akmolinskaia pravda. №85 ot 3 avgusta 2013 goda. Kokshetau, 2013. [in Russian].
- Akmola oblystyк Tarihi-olketanu muzeiinin etnografialyk ekspedisya materialdary. Kokshetau, 2006. [in Kazakh].

- Akmola oblysynyn toponimikasy boynsha zhurgizilgen etnografialyk ekspedisiya materialdary. KR Ul'tyky muzeii «Halyk kazynasy» GZI. Astana, 2017. [in Kazakh].
- Amirkyzy. K. Atakonys akikaty. Astana: Elorda, 2001. 193 p. [in Kazakh].
- Amirkyzy. K. Auylym–atamekenim. Akmola: Akkus, 1993. 305 p. [in Kazakh].
- Astana kalasy memlekettik arhivi (budan bylai – AKMA). 362-kor. Fond A.F. Dubiskogo. Issledovateli Priishima. [in Russian].
- Dubiskii A.F. Skrizhali istorii. Kraevedcheskie zametki. Selinograd, 1992. [in Russian].
- Katalog geograficheskikh nazvaniy Kazakhstana // T.1. Akmolinskaia oblast. Almaty. 2002. 204 p. [in Russian].
- Kazakhstan Respublikasy Ortalyk memlekettik arhivi (budan bylai – KROMA). 317-kor, 1-tizbe, 58-is. «Vedomosti o hode vodvorenia i zachislenia na pereselencheskikh uchastkah Kokchetavskogo, Omskogo, Atbasarskogo i drugih uездah za 1915 god». [in Russian].
- Kazbekov A. Burabai. Okzhetpes. Auliekol. Kokshetau, 2011. 277 p. [in Kazakh].
- Konkashpaev G.K. Geograficheskie nazvaniya mongolskogo proishozhdenia na territorii Kazakhstana // Izvestia AN Kaz.SSR Ser. Filologii i iskusstvovedeniya, 1959. Vyp. 4 (II). P. 85-97. [in Russian].
- Konkashpaev G.K. Kazakhskie narodnye geograficheskie terminy. Avtoref.kand.diss. Alma-Ata, 1949. 15 p. [in Russian].
- Konkashpaev G.K. Slovar kazakhskikh geograficheskikh nazvaniy. Alma-Ata, 1963. 185 p.
- KROMA. 393-kor, 1-tizbe, 124-is. Spiski selenii po volostam Kokchetavskogo uезда s ukazaniem goda obrazovaniya i nazvaniya uchastka. [in Russian].
- Levshin. A.I. Opisanie Kirgiz-Kazachih ili kirgiz-kaisaskih ord i stepei / pod.obsh.red. M. Kozybaeva. Almaty: Sanat, 1996. 656 p. [in Russian].
- M. Myrzahmetov. Kazakh kalai orystandyryldy. Almaty. 1993. 128 p. [in Kazakh].
- Makanova A.U. Prirodnye osnovy nominasii geograficheskikh obektov Akmolinskoi oblasti. Avtoref.kand.diss. Almaty. 2004. 30 p. [in Russian].
- Materialy po kirgizskomu zemlepolzovaniyu sobrannye i razrabotannye ekspeditsiei po issledovaniyu stepnykh oblastei. Akmolinskaia oblast. Kokchetavskii uезд. I tom. Voronezh, 1898. [in Russian].
- Materialy po kirgizskomu zemlepolzovaniyu sobrannye i razrabotannye ekspeditsiei po issledovaniyu stepnykh oblastei. Akmolinskaia oblast. Atbasarskii uезд. II tom. Voronezh, 1902. [in Russian].
- Materialy po kirgizskomu zemlepolzovaniyu sobrannye i razrabotannye ekspeditsiei po issledovaniyu stepnykh oblastei. Akmolinskaia oblast. Akmolinskii uезд. III tom. Chernigov, 1909. [in Russian].
- Murzaev E.M. Ocherki toponimiki. Moskva: Mysl, 1974. 382 p. [in Russian].
- Omby oblystyk Tarihi arhivi (budan bylai – OOTA). 198-kor, 3-tizbe, 13-is. Karta pereselencheskikh i zapasnykh uchastkov Atbasarskogo uезда Akmolinskoi oblasti. [in Russian].
- Ortalyk Kazakhstannyn zher-su attary / Red. T. Zhanuzak. Almaty: Gylym, 1989. 256 p. [in Kazakh].
- Ozhegov. S.I., Shvedova N.Iu. Tolkovyi slovar russkogo iazyka / Rossiiskaia akademiya nauk. Institut russkogo iazyka imeni V.V. Vinogradova. 4-e izd., dop. Moskva: Azbukovnik, 1997. 944 p. [in Russian].
- Radlov V.V. Opyt slovara turkskikh narechii. Sankt-Peterburg: Tipografia Imperatorskoi Akademii Nauk, 1893. T.1. 1048 p. [in Russian].
- Rychkov. P.I. Topografia Orenburgskoi gubernii. Ch.1. Sankt-Peterburg: pri Imperatorskoi Akademii nauk, 1762. [in Russian].
- Sibirskii vestnik / red. g. Spasskii. Tom.2. S. 3. Sankt-Peterburg, 1818. 130 p. [in Russian].
- Slovsov I.Ia. Putevye zametki, vedennye vo vremya poezdki v Kokchetavskii uезд Akmolinskoi oblasti v 1878 godu. 199 p. [in Russian].
- Sultanaev O.L. Prinsipy nominasii v kazakhskoi toponimike Kokchetavskoi oblasti // Uchenye zapiski Urgu. Seriya filologicheskaya. №114. Moskva, 1971. Vyp. 18. P. 62-72. [in Russian].
- Tangazhaiyp olke – Burabai / Red. B.Aiagan / «Kazakh ensiklopediasy». Almaty. 2009. 323 p. [in Kazakh].
- Zhartybaev. A.E. Ortalyk Kazakhstan aimaktyk toponimiasy. Karagandy: Bolashak-Baspa, 2008. 379 p. [in Kazakh].
- Zhuchkevich V.A. Obshaya toponimika. Izd. 2-e. Minsk: Vysheishaia shkola, 1968. 432 p. [in Russian].

ҒТАМР 03.41.91

**НАУАКЕСКЕН, БОЛЫССАЙ ЖӘНЕ ҰЗЫНКҮНГЕЙ
ЖАРТАСТАРЫНДАҒЫ АРҚАР БЕЙНЕСІНІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ
ТҮСІНДІРМЕСІ**

Амаргазиева Асель Жаксылыкбаевна
Гуманитарлық ғылымдарының магистрі,
«Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің бас қор сақтаушысы,
Есік қ., Қазақстан. E-mail: klio_7@mail.ru

Андатпа. Мақалада 2017-2018 жылдары «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің «Жетісу сақтарының идеологиясы мен мифологиясы» атты ғылыми-қолданбалы жобасының аясында зерттеу нысанына айналған Кетпен жотасының солтүстік беткейіндегі Науакескен, Болыссай, Ұзынкүнгеі сайларынан табылған петроглифтердегі ерекше қашалған арқар бейнесінің семантикасын ашып көрсету, сондай-ақ арқар жануарына қатысты космологиялық түсініктерді талдау, олардың қолданбалыөнер мен петроглифтердегі көріністерінің мәнін ұғыну, мифтік желісітегі оқиғалар, әңгімелер мен атаулары қарастырылады. Сонымен қатар, бұған дейінгі көне дүниетаным бойынша арқар бейнесіне қатысты ғалымдардың зерттеулері мен көз-қарастары, ондағы ортақ пікірлері негізге алына отырып ғылыми тұрғыда тұжырым жасалынған: тақтатастардағы арқар бейнесі ежелгі тайпалардың діни наным-сенімдерімен тікелей байланысты; Жартастарда жануардың фигурасы осы жануарға табынушылықтан емес, табынушыға жеткізуші, соның образын тасымалдаушы ретінде қашалған, яғни Құдайға қасиетті жануарлар арқылы ғибадат ету мақсатында.

Кілт сөздер: арқар, миф, дүниетаным, идеология, өнер, петроглиф, археология.

МРНТИ 03.41.91

**К ВОПРОСУ СЕМАНТИЧЕСКОЙ ИНТЕРПРЕТАЦИИ ОБРАЗА
АРХАРА В ПЕТРОГЛИФАХ УЩЕЛЬЯ НАУАКЕСКЕН,
БОЛЫССАЙ И УЗЫНКҮНГЕЙ**

Амаргазиева Асель Жаксылыкбаевна
Магистр гуманитарных наук, Главный хранитель фонда
Государственного историко-культурного заповедника-музея «Иссык»,
г.Есик, Казахстан. E-mail: klio_7@mail.ru

Аннотация. В статье раскрывается семантика изображений архара, обнаруженных на петроглифических скоплениях урочище Науакескен (ранее не известных в науке), Болыссай и Узынкүнгеі на северных склонах Кетменского хребта, ставшими в 2017-2018 гг. объектами исследований научно-прикладного проекта «Идеология и мифология саков Семиречья» Государственного историко-культурного заповедника-музея «Иссык». Также дается анализ космологических представлений и их проявление в прикладном искусстве и петроглифических изображениях древних насельников этой местности.

Кроме того, был сделан научный вывод, основанный на взглядах и исследованиях ученых о понимании и общих представлениях древнего населения об образе архара. Нет сомнений в том, что образ архара в петроглифах напрямую связан с религиозными убеждениями древних племен; Образы животных в искусстве сакского мира, не свидетельствуют о том, что был культ этих животных и поклонения им, оно воспринималось как посредник и носитель образа поклонения Богу.

Ключевые слова: арқар, миф, мировоззрение, идеология, искусство, петроглиф, археология.

IRSTI 03.41.91

**NAUKESKEN, BOLYSSAI AND UZINKUNGEY PETROGLYPHS
THE ARGALI IMAGES SEMANTIC INTERPRETATION ISSUES**

Amargazieva Assel Zhakslykbaevna

MA. State Historical and Cultural Reserve-Museum «Issyk» Esik,
Kazakhstan. E-mail: klio_7@mail.ru

Abstract. The article reveals the argali images semantics, which were founded on the (previously unknown to science) petroglyphic clusters of the tract Nauakesken, Bolyssai, and Uzinkungey of the Ketmen Ridge. Then they became the objects of the scientific research project “Ideology and mythology of the Saks of Semirechye” held by State Historical and Cultural Reserve-Museum “Issyk”. The analysis of cosmological representations and their manifestation in applied art and images of ancient inhabitants on the petroglyphs are also given.

In addition, a scientific conclusion was done based on the views and studies of scientists about the understanding and general ideas of the ancient population about the image of argali. There is no doubt that the image of argali in petroglyphs is directly related to the ancient tribes religious beliefs. The images of animals in the art of the Sak’s world do not indicate that there was a cult of these animals, worship of this animal, it was perceived as a mediator and carrier of the image of worship of God.

Key words: argali, myth, worldview, ideology, art, petroglyph, archeology.

Кіріспе. Археологиялық олжалар мен мифологиялық аңыздар тығыз логикалық байланысқа ие материалдық және рухани мәдениет феномены (құбылысы) болып табылады. Бұл өзара екі байланысты анықтау үшін, ең алдымен, ежелгі көркемдік мәдениетке түрткі болған мифке назар аудару қажет.

Мифтер – олар дүниенің жаратылысы, тіршіліктің қалай, қайдан пайда болғандығы, оның себебі мен салдары, қоршаған ортаның сыр-сипаты туралы айтылатын, адамзаттың «сәбилік» санасының нәтижесінде пайда болған ғажайып әңгімелер, аңыздар, намым-сенімдер, түсініктер (Бабалар сөзі, 2011:5). Мифтерді саз тақтайшалардан, папирустардан, тастан және тіпті қыштан жасалған ыдыстардан оқуға болады (Идеология и мифология саков Семиречья, 2017:8). Алайда халқымыздың мифтік желісіндегі аңыз-әңгімелері ұрпақтан-ұрпаққа ауызша жеткендіктен күні бүгінге дейін толыққанды зерттелмей, ұмыт қалып келеді. Мифтер халқымызға сан ғасырлар рухани азық болумен бірге көркемөнер туындыларын дүниеге әкелуге себеп болды. Ата-бабаларымыздың ой-санасының айғағы боларлық көркемөнер туындыларының бірі – жартас суреттері. Ежелгі дәуірде барлық рухани қызмет түрлері өнермен байланысты және өнер арқылы баяндалып келген.

Мифологиялық және идеологиялық көзқарастарды қайта қалпына келтіру үшін жартас суреттерін дереккөз ретінде зерттеу, олардың мәнін талдау және түсіндіру арқылы ашу, ежелгі тұрғындардың рухани-дүнетанымдық құндылықтар жүйесінің жалпы даму заңдылықтарын анықтау маңызды болып табылады (Идеология, 2017:9). Яғни, фольклордың археологиядағы көрінісін анықтау арқылы мифті қалпына келтіруге болады.

Ғажайып өнер туындыларының (петроглифтердің) шоғыры Кетпен жотасының солтүстік беткейіндегі Науакескен, Болыссай және Ұзынкүнгеі сайларында орналасқан. Кетпен жотасының (Ұзынқара) петроглифтері алғаш 1885 жылы Жетісу облысының әскери губернаторы жанындағы арнайы тапсырмалардың жауапты қызметкері, шығыстанушы және әуесқой археолог Н.Н. Пантусов еңбектерінде кездеседі. Н.Н. Пантусов 1882 жылы Құлжа аумағын Қытайға беру жөніндегі комитеттің мүшесі болған, сондай-ақ Қытайдан Іле алқабына қоныс аударған ұйғырларды орналастыру мәселелерімен айналысқан Ресей ғалымы. Н.Н. Пантусов Кетпен тауының теріскей баурайының Дардамты ауылына қарасты шатқалдағы петроглифтердің шағын шоғырын анықтап, зерттеу жүргізген. Тас бетіндегі өнер туындыларындағы аң-жануар

бейнелерінің сызбаларын жасап, қысқаша сипаттама берген.

Араға ұзақ жылдар салып Ұзынқара петроглифтерін түркітанушы, филология ғылымдарының докторы А.С. Аманжолов зерттей бастаған. Ғалым көне руна жазуларын іздестіру мақсатында 1964 жылы Қазақ КСР ҒА жүргізген этнографиялық және археологиялық кешенді экспедициясына мүшелік етіп, барлау жұмыстарының барысында жартастар мен жекелеген қойтастардан үш көне түркі жазуы, жирмаға жуық таңбалар мен көптеген жартас суреттерінің шоғырын анықтаған. Айта кетсек барлығы 18 нысан: Терексай, Болыссай, Садыр, Ұзынкүңгей, (Үлкен Ақсу), Кептер (Кіші Ақсу), Қаратас, Уарыз, Надыр, Әшірхан, Ақтана (Ауат байырғы атауы Баян-қазақ), Нұражы (Тиірмен), Ақтам, Тамғалытас (Дардамты), Асалы, Пиязды (Сұңқар), Сәуір, Сетем, Лақ жеген шоқы (Үлкен Кетпен) жыра, сайларында орналасқан. Соңғы жылдарда М. Найманбаев, А.Н. Маряшев сынды ғалымдар Дардамты ауылына қарасты жартас суреттеріне зерттеу жүргізіп, археологтар мен туристердің назарын аудару мақсатында GPS- координаттарын интернет желілеріне белгілейді. Алайда жоғарыда аталған Жетісу жеріндегі басқа да нысандар сынды бұл аймақтың петроглифтеріне толыққанды жүргізілген зерттелулер жөнінде ауқымды еңбектер жарық көре қойған жоқ.

Аманжолов А.С. атап көрсеткен 18 нысан қатарына Болыссай және Ұзынкүңгей сайларының петроглифтері енгенімен, Науакескен нысаны мақалада көрсетілмейді. Демек бұл «Есік» қорық-музейінің жүргізген «Жетісу сақтарының идеологиясы мен мифологиясы» – қолданбалы жобасының аясында 2016 ж. бастап ғылыми ортаға белгілі бола бастады деуге болады. Аманжолов А.С. «Древние надписи и петроглифы хребта Кетмень (Тянь-Шань)» мақаласында біз қарастырып отырған Ұзынкүңгей петроглифтерін Садыр деген атпен берген. Мұның себебін аталмыш нысандарға толығырақ зерттеу жұмыстарын жүргізгенде қарастыратын боламыз.

«Есік» қорық-музейінің қызметкерлері жүргізген барлау-іздетіру жұмыстарының барысында жоғарыда көрсетілген үш нысан орналасуына байланысты реттік нөмірмен нөмірленген. Мысалы, Науакескен петроглифтері №1-ші, Болыссай №2-ші, Ұзынкүңгей №3-ші нысан болып белгіленіп, ондағы суреттер орналасуы бойынша топтастырылды.

Бұл сайлардағы петроглифтердің хронологиялық шеңбері қола мен этнографиялық дәуір аралығын қамтиды. Суреттер қара-қоңыр марганецті темірленген қоңырқай түспен көмкерілген эффузивті жыныстарының жалпақ бетіне салынған. Орындау техникасында нүктелеу (пикетаж) және сызу әдістері қолданылған.

№ 1-ші және 3-ші нысанында суреттердің көпшілігі таудың бөктерінен жалына (басына) қарай орналасқан тақтатас бетіне салынған. № 2-ші нысанда петроглифтер сай етегін бөктерлей орналасқан жартас бөліктерінде кездеседі. Тақтатас беттеріндегі гравюраларда Жетісу жартас суреттеріне тән бұғы, қос өркешті түйе, арқар, таутеке, ит, қасқыр, шаман, садақшы, салт атты, бұқа және аңшылық пен шайқас сахналары, өрмекші фигуралары кездеседі. Олардың ішіндегі біздің негізгі зерттеу тақырыбымызға айналған арқар фигурасы болап отыр.

Материалдар мен әдістер. Қарастырылып отырған материал археологиялық зерттеулер нәтижесінде анықталған объект болып табылады. Тақырыпқа талдау жүргізу барысында археолог, тарихшы және фольклортанушы ғалымдардың арқар жануарының адам өміріндегі дүниетанымдық тұрғыдағы алар орыны хақында айтылған ойлары мен тұжырымдамалары басты назарға алынды. Сондай-ақ, мақаланы жазу кезінде археологиядағы дәстүрлі: сипаттау, салыстырмалы типологиялық талдау, ұқсастықтарды іздеу, өз тұжырымдаманды ұсыну әдістері қолданылды.

Талқылау. Біз басты назарға алған үш нысандағы ерте темір дәуіріне тән арқар бейнелерінің ерекшелігі – жануардың қос мүйізі шеңберлене ішіне қарай бірнеше шиыршықталған (шимай өрнегі іспеттес. Ө.Жәнібеков) (сурет 1,2,3). Науакескен нысанында №3 топтың ортаңғы белінде орналасқан жебе ұшына ұқсас тас тақтадағы тауешкі, бұғы бейнелерінен тұратын композицияда 12-22 см. аралығында 6 арқар, Ұзынкүңгей сайының №2-3-ші топтарындағы күрделі композицияда 30-80 см. аралығында 6 арқар, Болыссайдан сирек болсада осы стильдегі арқар бейнесі жеке тақтатастарда табылды. Әсіресе Науакескен сайы мен Ұзынкүңгей жырасының

петроглифтерінен көп ұқсастық анықталып отыр.

«Арқар бейнесінің жартастарға мұндай ерекше қашалуы және жетекші сурет ретінде бейнеленуінің астарында не жатыр?» деген мәселеге тоқталамыз. Жартас суреттерін зерттеудегі күрделі мәселелердің бірі – ондағы сюжеттердің семантикасына интерпретация жасау болып табылады. Сақ кезеңінің петроглифтерін зерттеуші мамандарының ондағы бұғы, жылқы, қасқыр, бұқа бейнелерін мифологиялық тұрғыда жүйелеп, талдау жасағанымен, арқар бейнесіне аса ден қоймағанын байқаймыз. Сол себепті де, біз төменде біршама мысалдар келтіре отырып, петроглифтегі арқар семантикасына интерпретация жасаймыз.

Нәтижелер. Жартастағы арқар бейнесінің ежелгі тайпалардың діни наным-сенімдерімен тікелей байланысты екеніне күмән жоқ. Яғни қарастырылып отырған петроглифтер ежелгі қоғамның рухани танымын көрсететін полисемантикалық таңбалары болып табылады. Ежелгі заманда дүниені танып-білу диалектикалық және амбиваленттік негізде болған. Дәлірек айтқанда түрлі күдіретті қасиетке ие элементтер жануарлардың бейнелеріне ендірілген, яғни, олар нақты тотемдік жануарлар емес, белгілі бір идеяны тасымалдаушылар болып табылған.



1 сурет. Мүйізі шиыршықталған арқар бейнесі. Ұзынкүңгей сайы.



2 сурет. Мүйізі шиыршықталған арқар бейнесі. Науакескен сайы.



3 сурет. Мүйізі шиыршықталған арқар бейнесі. Болыссай сайы.

Мысалы, арқар тек қана жануар емес, ол – күшті күдіреттіліктің нышаны деп есептелсе (фарн), бұғы Күннің символы саналған. Сондықтан сақтар әлеміндегі жануарлардың суреттері осы жануарларға табынушылық емес, табынушыға жеткізуші, соның образын тасымалдаушы ретінде қалыптасқан (Мартынов, 1987:14).

А.И. Мартынов сынды ғалымдар «суреттердің негізгі бөлігі аңдар мен аң аулау көріністерінің бейнесі және басты діни себептер – Құдайға қасиетті жануарлар арқылы ғибадат ету» деген қорытындыға келеді (Мартынов, 1987:14). Сондай-ақ, ғалымдар ерте темір дәуіріндегі жетекші суреттерде мұндай жануарлар қатарында – бұғы, тауешкі және арқар тұрғанын айтады.

Ежелгі көшпелі тайпаларда осы қасиетті жануарлар арқылы Көк Тәңірге, күнге, отқа, Жер-Анаға табынушылығының болғанын байқаймыз. Сақтардың дүниетанымдық бағдарын (күнге табынушылық) тас бетінен 3 нұсқада таңбаланғанын көре аламыз: 1-ші нұсқасы – күн басты құдайлар (адам кейіпінде – Таңбалы); 2-ші нұсқасы – жеке солярлық нышандар (дөңгелетенген – Ұзынкүңгей 2) 3-ші нұсқасы – жануарлар бейнесі (мүйіз – Ұзынкүңгей) (Кесте 1).

Демек, аталмыш нысандардағы тас бетіндегі суреттер жергілікті тайпалардың діни немесе мифтік көзқарастары (күнге табынушылық) арқар, бұғы, таутеке бейнелері арқылы беріліп отыр. Мұндағы арқар мүйізінің шиыршықталуы тіршілік көзі – күнді бейнелейді (күн жүйесін), сондай-ақ қайта көктеуі мен табиғаттың қайта оянуының, жаңа өмірдің басталуының, табиғат циклінің нышаны. Ғалым А.И. Мартынов жануарлардың мүйізінің солярлық нышанға айналуының ерекшелігін олардың қайта өсу қабілетімен байланыстырады. Жалпы мұндай суреттер Моңғолиядан басталып, Кавказ жеріне дейін таралған (Амаргазиева, Чекин, 2017:91). Бұл бейнелердің Еразия көшпелі халықтары өмір сүрген аймақтардың барлығында кездесуінің басты себебі, Еуразия тайпалары мен халықтарының идеялық пен эстетикалық дүниетанымының негізімен, яғни, біртұтас экономика, қоғамдық құрылыс, идеологияның қалыптасуымен байланысты болып табылады. Алайда, біз қарастырып отырған арқар бейнесінің дәлме-дәл басқа петроглифтерде қайталанғанын әзірше кездестіре қойған жоқпыз. Бұл Науакескен мен Ұзынкүңгей нысандарына тән ерекшелік болып саналмақ. Ал, жануар мүйізінің шиыршығына ұқсас таңбалар немесе лабиринттер көптеп кездеседі. Олардың атқарар қызметі мен мән-мағынасы бірдей дегіміз келеді. Мысалы, Лабиринттер немесе шеңберлер түрінде Құлжабасы, Сарыкөл, Доланалы петроглифтерінен көре аламыз, ал күрделі шиыршық формалары Қаратау жотасында кездессе, шиыршықты солярлық бейнелерді Нью Мексико және Аризона, Коста Рика, Сардиния, Норвегия,

Эквадор, Ирландия петроглифтерінен, Солтүстік-Шығыс Кавказ тауларындағы Аргун шатқалының қамал мұнараларындағы қабырға тастарындағы петроглифтерінен көре аламыз (сурет 4). Олар біз қарастырған нысандардағы петроглифтерге өте ұқсас. Алайда, бұл жерлерде олар жеке белгі ретінде тасқа салынса, біздің нысандарда олар арқар мүйізі арқылы берілген. Сонымен қатар, Аргун шатқалында кездесетін петроглифтер арасынан төртқұлақты белгі-таңбаны, саусақ салалары анық байқалатын күн қолды адам бейнелерін көреміз. Бір қызығы Ұзынкүнгеі петроглифтерінде де төрт жапырақты белгі – таңба осы мүйізі шиыршықталған арқар фигурасымен қатар салынып, бір тақтада орналасқан. Ал күн қолды адам бейнесі Болыссай мен Қыземшек шатқалында кездеседі.



4 сурет. Саусақтары салалы, екі қолын екі жағына жайған адам бейнесі мен таңбалар. Аргун шатқалы, Солтүстік Кавказ.

Төртқұлақты белгіні де (розетка) ғалымдар күн символикасына жатқызып келеді. Бұл белгі егіншілік күнтізбесімен байланысты. Төрт жапырағы жылдың төрт мезгілі және бір-біріне қарама-қайшылықты көрсетеді: күзде өліп, көктемде қайта тірілу, жаңдану, т.б. Сонымен қатар петроглифтердегі күнге табынушылықты айқындайтын солярлық белгілер – жарық пен жылу, өмір мен жақсылық нышаны болып табылады. Осылайша ерекше мифологиялық ойлар мен түсініктер көрініс тапқан символдық белгілер әліпбиі қалыптасқан. Ол әлемнің барлық халқына тиесілі болған. Себебі, шиыршық тәрізді солярлық белгілер негізгі адам баласының санасындағы архетиптер қатарына жатады.

Аңыз әңгімелерде, көне жазбаларда арқар аспан мен жерді байланыстырушы космологиялық жануар ретінде айтылады. Ә.К. Ақышев көне деректерді зерттей келе «Искусство и мифология саков» атты еңбегінде Ежелгі Шығыс елінде жануар мүйізі Өмір ағашы мен әлем осінің (бел ортасы) нышаны болған. Ригведа кітабында мүйізді өмір ағашын бейнелейтін құрбандық діңгегімен салыстырады. Сібір мен Орта Азия шаманизмінде мүйізді жануар екі әлемді байланыстырушы ортаңғы әлем деп танып, сол бойынша түсініктерін қолданбалы өнерде кеңінен пайдаланып, жартас бетінде де қасиетті жануардың бейнесін қашап отырған» дейді (Акишев, 1984:36).

Қолданбалы өнерде арқар бейнесінің кеңінен таралғанын археологиялық қазба барысында табылған артефактілер дәлелдеп отыр. Есік, Аралтөбе, Елекесаз (Қазақстан), Акалаха (Алтай), Тува (Ресей), Бактрия жерлерінен табылған бас киімдер мен шырағандар және тағыда басқа бұйымдарға орнатылған алтыннан құйылған арқар мүсіндері табылған болатын. Бұл мүсіндердің көпшілігі сүйір төбеге бекітілуінің себебін зерттеуші Ә.К. Ақышев былай деп түсіндіреді: «Ол күн сәулесі» деп жорылса керек. Мұндай үнді еуропалық мифтік сарын семит тілдес халықтар арасында да кең таралған (ағашта ілінген алтын руна мотиві (мәтін. автор). Біз Есік композициясын Окунев стеллаларынан кездестіре аламыз. Әрине, бұл стеллалар «Әлем ағашының» (өмір ағашының. Автор) нышаны. Сондай-ақ, олардың схемасы Қытайдың Шань-йин дәуіріне тән «жер», «қошқар», «Ши құдайы», «ұрпақ» иероглифтерінің бір

бөлігі болып табылатын «баба» иероглифіне ұқсас болып келеді» (Ақишев, 1984:36). Ал ғалым К.М. Скалон сармат дәуіріне тиесілі ыдыстардағы зооморфтық стильге талдау жасай отырып, «қошқар (арқар. авт.) пішініндегі ыдыстар тұтқасы «құмыраны қорғайтын көркем бейне». Яғни, зооморфты тұтқа – ыдыстың және оның иесінің сиқырлы тұмары мен киесі болып табылып, сарматтардың діни нанымдарында маңызды рөл атқарады» деген пікір айтады (Литвинский, 1968:39). Үстірттегі шөлдер мен құдықтарға орнатылған тас астаулардың көбі мүйізді қойдың басы түрінде әспеттеліп безендірілуінің себебі, қой (арқар. автор) бейнесінің су стихиясымен, ылғалмен, тіпті мифопоэтикалық ұғымдармен байланысты болуында, сондай-ақ жоғарғы биліктің рөмізі саналатындықтан, оның бейнелерімен негізгі биліктің атрибуттары – тәж бен тақ таңбаланады. Қой үнді-иран және түркі діни-мифологиялық пантеондарында құдайларға бағышталатын құрбандық малдардың кезек-дәрежесі бойынша жылқыдан кейін екінші орында тұр (Тасмағанбетов, 2002:30). Бұл түсініктер мен ұғымдардың барлығы көне заманнан жеткен жазбаша деректерде де айтылып өткен.

Ежелгі ирандықтардың түсінігі бойынша қой құт, береке дарыған жануар (Хварна). Ал Яштада («ән-ұрандар» өте ежелгі дәуірден, кейде үнді-иран қауымы дәуірінен келе жатқан және Орта Азия мен оған жапсарлас жатқан Иран мен Ауғанстанның ертедегі тұрғындарының рухани өмірін зерттеуде көп ақпарат беретін құдайлардың ән-ұрандары.) *arunaca garisac* сөзі... «алтын тоқты» деген мағынада беріліп отыр (Ақишев, 1984:38). Ежелгі дәуірде қызыл түс пен алтын космологияның маңызды элементтері – күн мен оттың, мәңгіліктің, жылудың, символы болған. Яғни, «алтын тоқты» (арқар) – сарқылмас байлық пен берекенің нышанына айналған киелі жануар мағынасында айтылып отыр. Қазақ халқының мифтік желісіндегі аңыз-өңгімелер мен ертегілерінде де көптеген арқармен байланысты сюжеттер сақталған, олардың басым көпшілігінде арқарды қасиетті, космологиялық түсініктермен байланыстыра келе, оның тау рухы ретінде баяндайды. Мысалы, астрономиялық бір аңызда аңшы жігіт арқардың киелі құлжасын (қошқарын) атамын деп, өзі қапыда терең құзға құласа, ал «Үшарқар» ертегісінде тіпті, үш арқар аңшы-мергеннен қашамыз деп аспандағы жұлдыздарға айналады (Орион шокжұлдызына енген Үшарқар-таразы).

